

**Қазақстан Республикасында құрылым индустриясын және құрылым материалдары өндірісін дамыту
жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны бекіту туралы**
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 1004 Қаулысы
(2013.04.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында құрылым индустриясын және құрылым материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған **бағдарлама** (бұдан ері - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі мүдделі министрліктермен, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен бірлесіп, Бағдарламада көзделген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұлттық холдингтер, компаниялар және ұйымдар (келісім бойынша) «Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 наурыздағы № 218 қаулысымен бекітілген Салалық бағдарламаларды әзірлеу және мониторингілеу **ережесінде** сәйкес Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы аппарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрі Ә.Ә. Иссекешевке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2010 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 1004 қаулысымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасында құрылым индустриясын және құрылым материалдары өндірісін дамыту
жөніндегі
2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама**

*KР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2013.04.12. № 1304 Қаулысымен
(бұр.ред.қара) 1-бөлім өзгерітілді*

1. Бағдарламаның паспорты

Атауы

Қазақстан Республикасында құрылым индустриясын және құрылым материалдары өндірісін дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарлама

**Әзірлеу үшін
негіздеме**

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Нұр Отан» ХДП-ның 2009 жылғы 15 мамырдағы кезектен тыс XII съезінде берген, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 2 маусымдағы № 326 әкімімен бекітілген тапсырмаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазакстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар **жоспарының** 7-тармағын іске асыру мақсатында

**Жауапты
орындаушы
Мақсаты**

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі

Міндеттер

Қазақстан Республикасында құрылым индустриясын индустриялық-инновациялық дамытуды, құрылым материалдарының орнықты және тенгерімді өндірісін қамтамасыз ету

Отандақ құрылым материалдарының үлесін 80 %-дан астамға ұлғайту;

Цемент өндірісінің 50 %-дан астамын құрғақ тәсілге отырып, үзіліссіз калыпсыз қалыптау желісінде темір-бетон бұйымдары мен конструкцияларының

Бағдарламаны іске асыру кезеңі:
Нысаналы индикаторлар:

Қаржыландыру көздерімен колемі

30 %-дан астамын өндірумен, өнімнің 30 %-дан астамын жаңа буын технологиялық жабдығында шығара отырып, құрылым индустриясы және құрылым материалдары көсіпорындарының технологиялық деңгейін арттыру; Халықаралық стандарттармен үйлесушілік деңгейін 90 %-ға дейін жеткізе отырып, құрылым саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау; Қазақстан Республикасын аумактық ұйымдастырудың бас схемасын және мемлекеттік қала құрылымындастырудың бас схемасын және жетілдіру және қала құрылымын дамыту; Мемлекеттік инвестицияның қатысуымен құрылыштағы сметалық баға белгілеу жүйесін жетілдіру. Бірінші кезең 2010 - 2012 жылдар; Екінші кезең 2012 - 2014 жылдар

1. Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісінде жалпы қосылған күнды 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде 66%-ға ұлғайту.
2. Ішкі нарық қажеттілігін құрылым материалдарымен 80%-дан астамға қанағаттандыру.
3. Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісінде еңбек өнімділігін 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде 1,9 есеге ұлғайту.

Бағдарламаны іске асыруға 2010 - 2014 жылдары республикалық және жергілікті бюджет қаражаты, даму институттарының қаражаты, сондай-ақ жеке ішкі және шетел инвестициялары бағытталатын болады.

2. Кіріспе

Қазақстан Республикасының Құрылым индустриясын және құрылым материалдары өндірісін дамытудың 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан ері - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұр Отан» ХДП-ның 2009 жылғы 15 мамырдағы кезектен тыс XII съезінде берген тапсырмаларына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 2 маусымдағы № 326 өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленді.

Бағдарламада Қазақстанда құрылыштың орнықты жоғары мәдениетін қалыптастыру, халықтың қалың жігінің тұрғын үйге қол жеткізуін қамтамасыз ететін тұрғын үй құрылымын дамыту проблемаларын кешенді шешуге арналған құрылым өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға, тиімді, экологиялық таза құрылым материалдарын өндіруді одан ері дамытуға және жаңа технологияларды енгізуге бағытталған шараларды қабылдау көзделеді.

Осы бағдарламада құрылым индустриясы ұғымы мынаны білдіреді: құрылым саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау, өнірлерді аумактық жоспарлауды жетілдіру және елді мекендерінің қала құрылымын дамыту, мемлекеттік инвестиацияның қатысуымен құрылыштағы сметалық баға белгілеу жүйесін жетілдіру, өнеркәсіптік және азаматтық құрылымын дамыту.

3. Ағымдағы жай-күйді талдау

3.1. Сандық және сапалық сипаттамалар

Құрылым саласын одан ері дамыту, сондай-ақ қазіргі заманғы жағдайда құрылым өнімінің қауіпсіздігі мен сапасын арттыру мемлекеттің өзекті экономикалық және саяси міндеттері болып табылады. Құрылым кешені тұтастай алғанда ел экономикасына және маңыздылығы жағынан кем түспейтін әлеуметтік сала жағдайына зор әсер етеді.

Құрылыштың басқа саладан ерекшеленетін және құрылым өндірісін ұйымдастыру мен басқарудың айрықша нысандарын қажет ететін өзіне тән ерекшеліктері бар. Бұл - құрылым объектілерінің қайталанбаушылығы, құрылым өнімінің тұрақты сипаты, құрылым үдерісіне қатысушылардың алуан түрлілігі, капиталдың салыстырмалы түрде баяу айналушылығы мен тәуекелдің жоғары дәрежесі.

Өнеркәсіп және азаматтық құрылыштар мен ғимараттардың сапасына қойылатын қазіргі заманғы талаптар әлемдік стандарттарға сәйкес келетін жаңа және тиімді құрылым материалдарын қолдануды алдын ала болжайды.

3.2. Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылым қызметін талдау

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2009 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 4 546,9 млрд. теңгені құрады, бұл алдынғы жылдың деңгейінен 2,1%-ға жоғары.

Құрылым-монтаждау жұмыстарының көлемдерін игеру көлемі 1 825,7 млрд. теңгені немесе алдынғы жылмен салыстырғанда 86,8% құрады.

Тұрғын үй құрылышына 290,4 млрд. теңге жіберілген және жалпы алаңы 6,4 млн. шаршы метр болатын тұрғын үй пайдалануға берілген немесе алдынғы жылмен салыстырганда 93,4%.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің шұтыл деректері бойынша еткен жылы ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі құрылыш үлесі 8%-ды құраған.

1-кесте. 2005-2009 жылдар ішінде Қазақстан Республикасындағы инвестициялық және құрылыш қызметі

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2005 ж.	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.*
Негізгі капиталға салынған инвестициялар - барлығы, оның ішінде:	млрд. теңге	2421,0	2824,5	3392,1	4210,9	4546,9
Шетел инвестиациялары	млрд. теңге	578,4	569,4	622,5	1064,8	1682,1
Құрылыш жұмыстарының (қызметтер) көлемі	млрд. теңге	1066,3	1441,2	1617,5	1785,0	1790,0
Құрылыш-монтаж жұмыстарына салынған инвестиациялар	млрд. теңге	1145,2	1341,1	1789,9	1995,7	1825,7
Тұрғын үй құрылышына салынған инвестиациялар	млрд. теңге	254,3	368,4	490,4	468,0	290,4
Фимараттардың жалпы көлемі	мың. шаршы м.	6740	8458	9835	10254	9883
Оның ішінде тұрғын үй емес максаттағы	мың. шар	1748	2045	2886	3798	3875
Құрылыш ұйымдарының саны	бірл.	5624	6278	7087	7383	5242
Орташа жылдық саны - барлығы	мың адам	179,6	206,9	236,7	231,4	212,4
Жұмыскерлердің орташа айлық атаулы жалақысы	теңге	47921	55672	70778	81573	93858
ЖІӨ-дегі құрылыш үлесі	%	7,8	9,8	9,4	8,1	8

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

*Шұтыл деректер көлтірілген.

3.3. Құрылыштағы техникалық реттеудің жай-күйін талдау

1992 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасының нормативтік-техникалық базасы myna негізгі бағыттар бойынша қалыптасады:

бірінші - ТМД елдерінің Құрылыштағы стандарттау, техникалық нормалдау және сертификаттау жөніндегі мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссияның (ҚМФТК) жұмысына қатысу шенберінде нормативтік құжаттама әзірлеу. Бұл ретте, 253 норматив қабылданып, қолданысқа енгізілді;

екінші - республикалық бюджет қаражат есебінен отандық ғылыми-зерттеу және жобалау ұйымдарының күшімен нормативтік құжаттама әзірлеу және қайта өңдеу. 440 норматив әзірленіп, қолданысқа енгізілген.

Қазіргі уақытта сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласында 2225 құжат қолданылады, оның ішінде ҚНжЕ - 273, ҚН - 294, ҚЕ - 28, ҚКР - 112, МЕМСТ - 635.

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Занына сәйкес құрылыш өнімі қауіпсіздігінің міндетті, ен аз қажетті талаптарын белгілейтін сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласында 20-дан астам техникалық регламент қабылданды.

Қазақстан Республикасының құрылыш саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау қажеттілігі мынадай жағдайлардан туындаиды:

Қазақстанның жүйелер мен үдерістерді әлемнің экономикалық дамыған елдерінің тәжірибесімен үйлестіру арқылы әлемдік экономика жүйесіне кірігүе ұмтылуы;

халықаралық сауда катысушыларының DCY-ның техникалық реттеу саласындағы қағидаттары мен ережелерін сактауын талап ету;

қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайларына, субъектілердің техникалық реттеу қажеттіліктеріне жауап бермейтін мемлекеттік қадағалау мен бақылау әдістері мен дәстүрлерінің ескіруі;

Қазақстан Республикасы аумағында жылжымайтын мұлік объектілерінің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін құрылыш мәдениетін арттыру қажеттілігі.

Техникалық реттеу жүйесін реформалаудың бұдан бүрынғы ұмтылыстары Қазақстан Республикасының құрылыш саласынның әлемдік экономика жүйесіне кірігу мүмкіндігін қамтамасыз еткен жоқ.

1990 жылдардағы реформа құрылымдық қайта құруларды көзделен жоқ, оның нәтижесінде құрылыс саласын техникалық реттеу жүйесіне әсер етудің шектеулі әдісі болды.

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылы күшіне енген № 603-П Занының мақсаты саудадағы, оның ішінде құрылыс саласындағы техникалық кедергілерді жою үшін елдің нормативтік базасын қайта құрылымдау болды. Алайда бірқатар объективті себептерге орай құтілген әсерге қол жеткізілмегі, оның ішінде:

экономикалық дамыған елдердің құрылышындағы техникалық реттеудің тәжірибесі алдын ала зерделеніп, талданған жоқ және жинақталып, корытылған жоқ, ол техникалық реттеуді реформалаудың сенімді бағдарының, құрылған тұжырымдаманың, стратегияның, реформа тиімділігін бағалау өлшемдерінің жоқтығымен көрінді;

құрылыс қызметінің түпкілікті өнімі өнімге қойылатын талаптарды белгілеу бойынша ережелердің бірлігін қамтамасыз ету ұранымен жаппай өнеркәсіп өндірісі өніміне қателікпен теңестірілді;

«Техникалық реттеу туралы» және «Қазақстан Республикасындағы сәулет, кала құрылышы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының зандарына құқықтық және ұйымдық сәйкес келмеушілік;

реформа құрылышқа рұқсат беру, оларды құру, қабылдау және пайдалануға беру үдерісінде объектилерді инспекциялық тексеру тәртібі мен ресімін, шартты ретінде жобалық құжаттаманы тексеруді; құрылыс өнімінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету шарттары ретінде техникалық реттеу субъектилерінің кәсіби қызметін және өзге де аспектілерді лицензиялауды қоса алғанда, сәйкестікті бағалаудың өзекті аспектілерін қозғай алған жоқ;

аккредиттеу мен сертификаттау, және сыйнектар мен сертификаттау нәтижелерін тану жөніндегі органдардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, әлемде кеңінен колданылатын бағалау және сәйкестікті растав жүйесі үшін жағдайлар жасалған жоқ.

2009 жылы Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігі штедлік және қазақстандық сарапшыларды тарта отырып, дайындық жұмысын жүргізді, осының нәтижесінде:

бірқатар экономикалық дамыған елдердің (Австралия, Ұлыбритания, Еуропа Одағы елдері, Канада, Жаңа Зеландия, АҚШ) құрылыштағы техникалық реттеудің штедлік тәжірибесі мен Нью-Йорк, әбу-Даби және Сауд Арабиясы үлгісі бойынша модельдік құрылыс нормалары мен ережелерін бейімдеу тәжірибелері зерделенді;

техникалық реттеудің отандық тәжірибесі жинап, корытылыш, талданды;

құрылыс саласының колданыстағы нормативтік базасына шолу жасалды.

Зерттеулер нәтижелерінің негізінде:

экономикалық дамыған елдердің барлық техникалық реттеу жүйелеріне тән жалпы қағидаттарымен сипаттары анықталды;

экономикалық дамыған елдердің ұқсас жүйелерімен салыстырғанда Қазақстанның құрылыс саласын колданыстағы техникалық реттеу жүйесінің көліспеушілігі анықталды;

нормалаудың ұйғарымдау әдісінен ілгерінді параметрлік әдіске кезең-кезеңмен көшуді жүзеге асыру ұсынылды.

Құрылыштағы техникалық реттеуді реформалау:

ұлттық экономиканың мұдделеріне, материалдық-техникалық базаның жай-куйіне және құрылыс саласының ғылыми-техникалық даму жүйесіне сәйкес келуі;

құрылыс заннамасы мен техникалық реттеу саласындағы нормативтік, техникалық құжаттаманы экономикалық дамыған елдерде қолданылатын шетел аналогтарына сәйкес келтіруге;

кәсіби білім беру, кадрларды үзіліссіз кәсіби оқыту мен біліктілігін арттыру, мамандарды лицензиялау, кәсіби жауапкершілікті сақтандыру, құрылыс материалдары мен бұйымдарын нормалау және стандарттау, импорт/экспорт, ресурс үнемдеу, энергия үнемдеу, құқық қорғау қызметі және басқалар сияқты құрылыс саласының аспектілерін қамтуы;

құрылыс саласының нормативтік базасын ғана емес, сонымен қатар техникалық реттеудің кешеніндегі басқа да жүйелік компоненттерін реформалауды қөздеуі;

құрылыс саласына әсер ететін немесе құрылыс саласының әсер етуін ұшырайтын басқа да салалар мен қызмет түрлерін қозғауы;

нақты тұжырымдалған стратегия негізінде жүргізуі және оларға қол жеткізуі бағалаудың нақты мақсаттары мен өлшемдерінің болуы тиіс.

Талдау, жобалау сапасы білікті мамандардың жеткіліксіздігі мен өндірістің және ғылыми-техникалық базасын әлсіздігі салдарынан тәмен күйінде қалып отырғанын көрсетті.

Бұл «Мемсараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан түсітін жобалар саласының тәмен болуымен расталып отыр. 2009 жылы «Мемсараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылышқа арналған 11818 бірлік жоба алды және жобалық құжаттама қаралды, олардың 48 %-ы мемлекеттік құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптарына сәйкес көлmedі және пысықталуға кайтарылды. Бұл ретте жобаларда 326 мың әртүрлі кемшіліктер мен жобалау нормаларынан ауытқушылықтар анықталды.

Барынша ортақ қателер немесе бұзушылықтар мыналар болып табылады: құрылыс құнын айқындаудың дұрыс еместігі (48,36%), инженерлік қамтамасыз ету бойынша шешімдегі кемшіліктер (20,04%), құрылыс

конструкциялары мен материалдарындағы талап етілетін сенімділік пен беріктіктің қамтамасыз өтілмеуі, көлемдік-жоспарлау және сөүлет шешімдеріндегі кемшіліктер (20,93%), қажетті тұпкі материалдардың жеткіліксіздігі немесе жоқтығы, міндетті келісімдер мен техникалық шарттардың жоқтығы.

Кептеген жобаларда құрылыштың жалпы мөлімделген құны тым қөтерінкі болды және Мемсараптама оларды 605 млрд. теңгеге, оның ішінде мемлекеттік инвестициялар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша 517 млрд. теңгеге төмендедті.

Осыған байланысты бірінші қезектегі міндеттердің бірі жобаларды әзірлеу кезінде дерекі бұзушылықтарға жол беретін жобалау ұйымдарының жауапкершілігін күштейту болып табылады, тіптен оларды лицензияларынан айыруға дейін бару керек.

Жобалау мерзімдері мен шығыстарды айтарлықтай азайту мақсатында үлгілік жобаларды қолдану тәжірибесі енгізілді. Жекелеген білім беру, денсаулық сақтау және спорт объектілері үшін үлгілік жобалар әзірленіп, бекітілді. Дегенмен, экономиканың басқа салалары үшін үлгілік жобалар жоқ, бұл қаржыландырудың жеткіліксіздігімен байланысты болып отыр.

014 «Сөүлет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттамаларды жетілдіру» республикалық бюджеттік бағдарлама паспортына сәйкес 2008 жылы 35 бірлік, 2009 жылы - 28 бірлік үлгілік жоба әзірленіп, бекітілді.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2007 жылғы 28 ақпандағы «100 мектеп және 100 аурухана салу туралы» тапсырмасын орындау үшін және Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Қ.Мәсімовтің 2007 жылғы 26 наурыздағы № 67-е өкіміне сәйкес 12 мектептің үлгілік жобасы және денсаулық сақтау объектілерінің 15 үлгілік жобасы әзірленді.

Жобалау өнімінің тиісті сапасын ынталандыруға қағидатты жаңа әдістері мен үлгілік жобалау базасын дамытуды талап етілді.

Қазіргі кезде сөүлет, қала құрылыш және құрылыш саласында реттеуді жүзеге асыратын, сондай-ақ бақылау-қадағалау функцияларын орындаитын мемлекеттік басқару органдары мыналар болып табылады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі;

үекілді мемлекеттік орган;

сөүлет, қала құрылышы және құрылыш қызметімен аралас мәселелер бойынша өздерінің арнайы өкілдіктері шегінде өзге де орталық органдар;

өздерінің арнайы өкілдіктері шегінде жергілікті атқарушы органдар.

2005 жылдың бұрынғы Индустрія және сауда министрлігінің Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті мен оның бұрынғы аумақтық бөлімшелері жүзеге асырған мемлекеттік сөүлет-құрылыш бақылау және лицензиялау бойынша бақылау функциялары жергілікті атқарушы органдарға берілді.

Сөүлет - қала құрылышы қызметін бақылауды жергілікті атқарушы органдардың құрылымдық бөлімшелері болып табылатын жергілікті сөүлет және қала құрылышы органдары жүзеге асырады.

Осылайша жергілікті атқарушы органдар атқарушылық және бақылау функцияларын орындаиды, яғни лицензиялауды жүзеге асырады, құрылыш туралы шешім қабылдайды, құрылыш сапасын тексереді және пайдалануға беруге қабылдауды жүзеге асырады.

Мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасындағы көрсетілген өкілдіктердің ара жігін ажырату құрылыш өнімінің сапасына мемлекеттік сөүлет-құрылыш бақылау жүйесін әлсіретті, бұл сөүлет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы заңнаманың, бұзылу санының өсуіне алып келді.

Сондай-ақ, құрылыш сапасын бақылау шенберінде тапсырыс берушінің техникалық қадағалауы мен жобалық құжаттаманы әзірлеушінің авторлық қадағалауы жүзеге асырылады.

Бірақ, бұгінде бұл қызметтер өздеріне жүктелген функцияларды әрқашан орындаі бермейді. Құзыретті емес мамандарды тарту және орындаған жұмысқа дербес жауапкершіліктің жоқтығы негізгі себептер болып табылады.

Бұл қызмет лицензияланатын қызмет болып табылады, бірақ лицензиялау талаптары сарапшылардың кәсіби даярлық деңгейін айқындауға мүмкіндік бермейді және сондықтан көбіне құзыреттілігі жоқ адамдар тартылады. Мысалы, бұгінде сараптамалық жұмыстарды және инженерингтік қызметтерді жүргізуге шашамен екі мың бес жүзге тарта (2494) лицензия берілген, лицензиаттардың негізінен заңды тұлғалар екенін ескерсек, бұл шамамен он мың сарапшының құрайды.

КР Үкіметтің 2013.04.12. № 1304 Қаулысымен 3.4-кіші болім жаңа редакцияда (бұр.ред.кара)

3.4. Өңірлердегі аумақтық жоспарлауды және қала құрылышының дамуын талдау

Қазақстан Республикасы Президенттің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустріялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған мемлекеттік **бағдарламаны** іске асыру шенберінде Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын (бұдан әрі - Бас схема) әзірлеу жөніндегі жұмыстарды аяқтап қалды.

Бас схема - аумақтық бессекелік артықшылықтарды іске асыру және елдің орнықты дамуына қол жеткізу үшін ұзақ мерзімді кеңістіктік дамудың пайымы мен Қазақстан Республикасының аумағын ұтымды ұйымдастыру жүйесін қамтитын қала құрылышының жобасы.

Бас схема мемлекеттік қала құрылышы саясатының негізгі бағыттарын негіздейтін және айқындастын, ұдайы қолданыста болатын және үнемі жаңартылып отыратын (өзекті етіліп отыратын), бағдарламалық акпараттық-талдамалық құжат болып табылады.

Бас схеманы кешенді әзірлеу шенберінде нормативтік негіз бекітілді, тұнғыш рет Қазақстан өнірлері аумақтарының қазіргі жағдайына кешенді бағалау жүргізілді. Халықты қоныстандыру жүйесін жетілдіруді, өндірістік күштерді орналастыруды, көліктік, инженерлік, рекреациялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамытуды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумақтының экологиялық жағдайын жақсартуды коса алғанда, елді дамытудың жобалық ұсныстыры әзірленді.

Белгіленген тәртіппен көлісуден және сараптамадан өткен Бас схеманың Негізгі ережелерінің жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді, одан әрі тұтас Бас схема үзілдетті органның бүйрекімен бекітіледі.

Бас схеманы іске асырудың мониторингі, акпараттық деректерді өзектілендіру акпарат көзін жаңарту, жобалық ұсныстырға және негізгі ережелерге өзгерістер енгізу кезінде не мемлекеттің аумақтық ұйымдастыру мәселелеріндегі саясаты түбекейлі өзгерген жағдайларда тұрақты жүзеге асырылуы тиіс.

Бас схема аумақтық дамудың өніраралық схемаларын, аумақтарда қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемаларын, елді мекендердің бас жоспарларын және мұқият жоспарлау жобаларын әзірлеу шенберінде нақтыланатын респубикалық деңгейдегі сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметін дамытудың негізі болып табылады.

Казіргі кезең заманауи компьютерлік технологиялар мен акпараттық коммуникация жүйелерін пайдалануға көнінен көшүмен сипатталады, оларсыз жоспарлық реттеудің және аумақтық дамытуды іске асырудың қазіргі заманын төтіктерінің толықанды қызмет етуі іс жүзінде мүмкін емес.

Қала құрылышын, сәulet және құрылыш қызметін акпараттық камтамасыз ету үшін Мемлекеттік қала құрылышы кадастрының бірынғай жүйесін құру және жүргізу қажет.

2011 - 2012 жылдары респубикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылышы кадастры құрылды, оның шенберінде мемлекеттік қала құрылышы кадастры үшін мамандандырылған жаңа бағдарламалық камтамасыз ету әзірленді, орталық атқарушы органдармен бірге ел экономикасының негізгі салаларының тақырыптық дереккорларын құру және толтыру бойынша жұмыстар жүргізілді. Қарағанды және Қызылорда облыстарының үлгісінде респубикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылышы кадастрының төмен тұрған деңгейлермен өзара іс-кимылды жөніндегі пилоттық жоба жүзеге асырылды. Сонымен бірге, облыстық және базалық деңгейлерді құрмайынша, респубикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылышы кадастры толық көлемде қызмет етпейді және мемлекеттік қала құрылышы кадастрының автоматтандырылған акпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға тапсыру тек қала құрылышы кадастрының облыстық және базалық деңгейлерін құрғаннан кейін ғана мүмкін болмак.

Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ЗАң жобасын әзірледі (бұдан әрі - заң жобасы), онда барлық аумақтық деңгейдегі қала құрылышы кадастрын жүргізуге арналған мемлекеттік кәсіпорын құру жолымен қала құрылышы кадастрының сатылас ықпалдасқан бірынғай жүйесін қалыптастыру көзделеді. Заң жобасында барлық аумақтық деңгейлердегі мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу жөніндегі функцияларды жергілікті атқарушы органдардан Қазақстан Республикасы Өнірлік даму министрлігінің жаңындағы мемлекеттік кәсіпорынға беруді көзделеді.

Аталған заң жобасы барлық мұдделі орталық және жергілікті атқарушы органдармен, Президент Әкімшілігімен көлісілді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 537 қаулысымен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізілді.

Казіргі кезде мемлекеттік қала құрылышы кадастрын құру және жүргізу «Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Қазақстан Республикасының қолданыстағы ЗАңына сәйкес жүзеге асырылуда.

3.5. Құрылыш саласында баға белгілеу жүйесін талдау

Құрылыш өнімінің сметалық құнын қалыптастыру - нарықтың барлық шарттары мен талаптарын көрсетуге тиіс құрылыш кешенінің барлық катысуышылары үшін экономикалық қатаинастардың негізгі элементі болып табылады.

Құрылыш өнімінің баға белгілеу жүйесінің негізгі элементі сметалық-нормативтік база болып табылады.

1991 жылға дейін экономиканы көтерме бағалар мен тарифтерге, оның ішінде құрылыштағы жаңа сметалық нормалар мен бағаларға жоспарлы көшіру жүзеге асырылды. Құрылыштың жаңа сметалық нормалар мен бағаларға көшүі 1956, 1969, 1984 және 1991 жылдары жүзеге асырылды. Әр жағдайда құрылыштың орташа бағасы шамамен 20%-ға өсіп отырды.

1991 жыл ішінде құрылыштағы нақты баға 2-2,5 есеге өсті. 1992 және 1993 жылдары инфляцияның бірінші, ең үлкен толқыны келді. Бұл жылдары құрылыштағы бағалардың орташа өсуі бір ай ішінде 28%-ды құрады. Бағалардың салыстырмалы түрде тұрақтануы 1997 - 1998 жылдары болды.

Бюджеттік бағдарламалар шенберінде Қазақстанда алғаш рет 2001 жылғы баға деңгейінде, бюджеттік инвестициялар есебінен құрылыш құнын қалыптастыруға арналған 561 нормативтік-техникалық құжат санында өз сметалық-нормативтік базасы әзірленді. Материалдарға, бұйымдар мен конструкцияларға базалық баға негізі ретінде Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері қабылданды.

2009 жылды «SANA-2001» бағдарламалық қамтамасыз ету ұлғайтылып, толықтырылды және 12 бірлік норматив өзірленіп (кайта өнделіп), бекітілді:

құрылымдық жұмыстарына арналған сметалық нормалар мен бағалар жинағы (3 жинақ);
жабдықтарды монтаждауға арналған бағалар жинағы (1 жинақ);
құрылымдық арналған жобалау жұмыстары бағаларының жинағы (7 бөлім);
материалдарға, бұйымдарға және конструкцияларға арналған сметалық бағалар жинағына толықтырулар мен өзгерістер;

құрылымдық және монтаждау жұмысъына арналған ҚНЖР жинағына толықтырулар мен өзгерістер.

Ағымдағы бағалардың базалық деңгейін қайта есептеу үшін «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Занында жыл сайын белгіленетін айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі - АЕК) қолданылады, Базалық деңгейді қайта есептеу үшін АЕК-ні қолдану құрылымдық үдерісінің түпкі өніміне негізсіз баға өсуін кідіртеді деп болжанған болатын. Уақыт көрсетіп отыргандай, АЕК құрылымдық саласындағы ахуалды толық нақты көрсете алмайды.

2001 жылғы баға деңгейіндегі сметалық-нормативтік базаның іс-қимылды кезеңінде Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалары өзгерді:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы № 251 Еңбек кодексі;

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексі (2009 жылғы 1 қантардан қолданысқа енгізілді);

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV Салық кодексі (2009 жылғы 1 қантардан қолданысқа енгізілді);

Темір жол тарифтерінің қымбаттауы, электр тасығыштарға, дедалдық қызметтерге бағалардың өсуі, үакытылы қаржыландырмада 2007 - 2008 жылдары құрылымдағы қымбатшылыққа алып келді.

Бұдан басқа, іс-материалдардың құны бойынша статистикалық деректер нарықтағы нақты бағалардан алуан түрде ерекшеленеді және бұл құрылымды фирмаларының дәл емес, әрі бұрмаланған статистикалық есептерінің нәтижесі болуы мүмкін.

Ресурстарға арналған бағалардың шынайы деңгейі мен мониторингін калыптастыру және нәтижелерді статистикалық өндіре әдістерін жетілдіру қажет. Бұл үшін, басқа елдердің тәжірибесі бойынша, өнірлерде аумақты белгілері бойынша баға белгілеу мониторингін жүргізу орынды.

3.6. ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 Қаулысымен альш тасталды (бұр.ред.қара)

3.7. Құрылымдық материалдарды, бұйымдар мен конструкциялары өндірісін дамытуды талдау

Өнеркәсіп базасын сандық және сапалық дамыту құрылымдық кешенінің талаптарына негізделеді, олар мыналарға:

тұрғын үй құрылымының жана сөүлет-құрылымдық жүйесіне, ғимараттар түрлері мен қазіргі заманғы құрылымдық салу технологияларына өтудегі өзгерістерге;

тұрғын үйді салу және пайдалануға беру кезінде ресурстарды қажетсіну, энергетикалық және енбек шығындарын төмөндету, инвестициялық циклдің ұзақтығын қысқарту қажеттігіне;

тұрғын үй құрылымдық көлемін ұлғайту бойынша міндеттерді шешуге;

құрделі құрылымдық пен пайдалануға берудің құрылымдық материалдарының сапалы турлеріне мұқтаждығы қажеттілігін қамтамасыз етуге;

жана энергия үнемдейтін материалдарды, сондай-ақ Қазақстанда бар дайын материалдық-шикізат базасының импорт алмастыруши тауарлары өндірісін ұйымдастыруға негізделген.

Құрылымдық материалдарды өнеркәсібі - бұл шамамен 20 дербес салаларды қамтитын кешенді сала, олардың көпшілігінде құрамында бірнеше өндірістер бар, бұл ретте әрбір сала жалпы құрылымдық материалдары нарығының жиынтығын қурай отырып, өз нарығын калыптастырады.

Қазақстанда цемент, құрастыру темір-бетонын, керамика тақташаларын, жылу оқшаулағыш материалдарын, лактарды, бояуларды, түсқағаздар мен басқа да бұйымдарды өндіру бойынша кәсіпорындарды қайта жарактандыру төмен қарынмен жүзеге асырылада. Жеке машина жасау дамымаған, жүк көтеру және құрылымдық машиналары, көтеру-көлік тетіктері, технологиялық жабдықтар, санитарлық-техникалық бұйымдар, әйнек өндіру зауыттары жоққа тән.

Бүгінгі күні құрылымдық материалдарының отандық өнеркәсібі Қазақстандың құрылымдық кешені қажеттіліктерінің бір бөлігін ғана қанағаттандыра алады және осының салдарынан құрылымдық материалдарының барлық түрлері бойынша тапшылыққа жол бермей, нарықтағы елеулі үлесті импорт өнімі иеленеді (2-4 кесте).

2-кесте. Құрылымдық материалдарының, бұйымдар мен конструкцияларының негізгі түрлерін ендіру

Өнім атауы	Өлшем бірлігі	2008 жылғы өндіріс	2009 жылғы қантар-қарашадағы өндіріс
Цемент	мын тонна	5837	4 999
Құрастырма темір-бетоны	мын тонна	2713	2 909
Керамика тақташалары	мын м ²	450	108

Санитарлық-техникалық бұйымдар	мың тонна	-	-
Базальт жылу оқшаулағыш материалдары	мың тонна	20,8	33

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

3-кесте. Құрылымдық материалдардың, бұйымдар мен конструкцияларының негізгі түрлерін тұтыну

Өнім атауы	Өлшем бірлігі	2008 жылғы өндіріс	2009 жылғы қантар-карашадағы өндіріс
Цемент	мың тонна	7601	5988
Құрастырма темір-бетоны	мың тонна	2723	2 976
Керамика тақташалары	мың м ²	19534	15 066
Санитарлық-техникалық бұйымдар	мың тонна	17,1	Деректер жок
Базальт жылу оқшаулағыш материалдары	мың тонна	63,8	39

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

4-кесте. Құрылымдық материалдардың, бұйымдар мен конструкцияларының негізгі түрлерінің импорты

Өнім атауы	Өлшем бірлігі	2008 жылғы өндіріс	2009 жылғы қантар-карашадағы өндіріс
Цемент	мың тонна	1826	1 018
Құрастырма темір-бетоны	мың тонна	10	67
Керамика тақташалары	мың м ²	19000	14 958
Санитарлық-техникалық бұйымдар	мың тонна	17,1	Деректер жок
Базальт жылу оқшаулағыш материалдары	мың тонна	44,2	5,6

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Құрылымдық материалдардың негізгі көлемі көлік тасымалдауда арналған жоғары шығындармен ерекшеленеді және оларды алғыс жерлерге тасымалдау рентабелді емес. Құрылымдық материалдарына сұраныс аусындылықпен сипатталады. Алайда, құрылымда жана технологиялардың пайда болуымен, құрылымдық мөрзімдеріне қойылатын талаптардың артуымен құрылымдық материалдарына сұраныстың аусындылығы азғана түзелуде.

Қазақстандағы құрылымдық материалдарын тұтынуды талдау олардың 75%-ын мыналар: цемент саласы (38%), керамика (23%), әйнек (14%) өнеркәсібі құрайтынын көрсетті.

3.8. Бірнеше алдыңғы жылдар ішіндегі серпіндегі негізгі көрсеткіштер

Елдегі құрылымдық көлемінің үлғаюымен сұраныс пен ұсыныстан көрінетін сапалы, тиімді құрылымдық материалдарына қажеттілік артып келеді. Құрылымдық материалдарына сұраныс отандық өндіріс пен импорт көрсеткіштерінің қатынастарымен айқындалады.

Құрылымдық материалдары нарығының жекелеген негізгі сегменттерін қарастырамыз.

Мына: өндірістің, экспорттың, импорттың, тұтынудың, цементті тұтынудағы импорт үлесі мен меншікті өндірістің, тұрғын үйді пайдалануға берудің және мұнай мен газ конденсатын өндірудің негізгі көрсеткіштерінің серпіні (2002-2009 жж.) 5-кестеде берілген.

5-кесте - Цемент өндірісінің, мұнай мен газ конденсатын өндірудің және тұрғын үй құрылымының серпіні (2002-2009 жж.)

Сектор және оның көрсеткіші	Жыл							
	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009*
Тұрғын үйді пайдалануға беру, мың шаршы м	1552	2111	2591	4992	6245	6679	6848	6398,4
Өндіріс, мың	2129	2581	3662	4181	4880	5699	5837	5998

тонна								
Импорт, мың тона	201	469	1034	1890	2631	3506	1826	782
Тұтыну, мың тонна	2330	3050	4696	6071	7511	9205	7601	7231
Экспорт, мың тонна	79	15	3,4	4	1	0,15	131	24,7
Мұнай мен газ конденсатын өндіру, млн. тонна	47,2	51,3	59,2	61,5	64,9	67,2	70,6	76,4

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Цемент өндірісін дамытуда 2004 жылды ерекше атауға болады, онда жыл сайынғы өсім басқа жылдармен салыстырғанда екі есеге жоғары болды. Бұған тұрғын үй құрылышының және республика өнеркәсібінің мұнай-газ секторының жоғары даму қарқыны әсер етті. Мұнай және газ конденсатының өсімі 2004 жылы кейінгі жылдардың 3-5%-ымен салыстырғанда 15%-ды құрады.

Цемент өндірісінің 2005 - 2007 жылдары 14-17% шегіндегі тепе-тен жыл сайынғы өсімі ішкі құрылыш, әсіресе тұрғын үй (25-30%), мұнай және газ конденсатын өндіру (3-5%) нарығындағы тепе-тен сұраныспен қамтамасыз етілді.

Остандық цемент өндірісінің негізгі қорларының тозушылығы мен олардың ұтымды емес географиялық орналасуы оларға нарықтың жедел өспелі сұранысын уактылы толтыруға мүмкіндік берmedі. Ішкі нарықта 2002-2007 жылдардағы импорттың басым салмағы 12-ден 38%-га дейін өсіп кетті.

2007 жылғы екінші жарты жылданынан бастап құрылыш қарқынның (2004-жылдардағы 131 %-дан 2007 жылғы 106 және 2008 жылғы 103%-ға дейін), тұрғын үйді пайдалануға берудің (2004-2006 жылдардағы 143 %-дан 2007 жылғы 130 және 2008 жылғы 94%-ға дейін) төмендеуі байқалды. Бұл 2004-2007 жылдардағы 133%-дан 2008 жылғы 77%-ға дейін ішкі нарықтағы цементті тұтыну өсімі қарқынның басым түрде импорттың қысқаруы есебінен төмендеуімен шарттасады.

Осылайша, 2002-2007 жылдар бойы цемент өндірісі өсімінің қарқыны (орташа алғанда 30%-ға) негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсімімен және құрылыш-монтаждау жұмыстарының көлемімен шарттасады. Республикада өндірілетін цементтің шамамен 80%-ы құрылышта пайдаланылды. Цемент өндірісіндегі мұнай-газ секторы қажеттілігінің есептік үлесі 40-50%-ды құрады. Құрылыш қарқынның төмендеуі кезінде 2002-2008 жылдарды мұнай және газ конденсатын өндіру жыл сайынғы 3,8 млн. тоннаға өсу қарқынның 47,2-ден 70,6 млн. тоннаға дейін ұлғайды, бұл жыл сайын 150 мың. тоннаға цемент өндіруге ынталандырды (шамамен 2007 жылғы цемент өндірісі көлемінің 2,5%-ы). Республикадағы цемент өндірісінің құлдырау себебі құрылыш көлемінің құлдырауы болып табылады.

Цемент тұтынушылары жергілікті және республикалық мақсаттағы жолдарды салу және жөндеу секторы болды. Жолдардың жергілікті торабының шамамен 2 мың көпірлері мен жол өткелдері, сондай-ақ 29,5 мың су өткізу құбырлары бар. Олардың ішінде шамамен 400 көпір мен 10 мың құбырлар курделі жөндеу жүргізуі қажет етеді.

2003 жылдан бастап темір-бетон өндірісі мен тұтынушының өсу серпіні байқалады. 2007 жылы темір-бетон конструкциялары мен бүйімдары өндірісі 3,3 мың тоннаға жетті, бұл 2006 жылмен салыстырғанда 112%-ды құрады. 2008 жылы тұтыну көлемі 2006 жылдың деңгейінен төмендеді, дегенмен 2008 жылы 6848 мың. м² пайдалануға берілді, бұл 2007 жылғы көрсеткіштен жоғары.

Мұндай құбылыш 2007 жылдан бастап республикада жаңа объектілер құрылышы тұрғызылмағанымен түсіндіріледі. 2008 жылы тұрғын үйлерді пайдалануға беру көп жағдайда алдынғы жылдардың басталған объектілерді аяқтау есебінен қамтамасыз етілді, мұнда темір-бетон кадалары, іргетас блоктары т.б. қажет болған жок. Мұндай үрдіс 2009 жылы да сақталды. 2009 жылғы қантар-тамыз айларындағы нәтиже бойынша 2008 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда тұтыну серпінде кейір тұрақтылық байқалды.

Құрастыру темір-бетонының негізгі тұтынушылары тұрғын үй және азаматтық құрылыштың басқа да түрлері, мұнай-газ секторы, автомобиль және темір жол құрылышы болды. Төмендегі 6-кестеде құрастыру темір-бетонының жалпы тұтынуда әрбір құрылыш секторының иеленген үлесі берілген.

6-кесте. Құрастыру темір-бетонының жалпы тұтынуда құрылыштың әрбір секторының иеленген үлесі

№	Атауы	Әрбір сектордың үлесі, %-бен
1	Тұрғын үй және басқа да азаматтық құрылыш	54,4
2	Мұнай секторы	28,5
3	Автожол құрылышы	6,4
4	Темір жол құрылышы	10,7
	Жиыны:	100

ҚР Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес 2008 жылы темір-бетоның және бетон бұйымдарының жалпы көлемі 2713 мың тоннаны немесе 1179,5 мың шаршы метрді құрады (өлшем бірлігін тоннадан m^3 ауыстыру үшін бетонның 2,3 t/m^3 болатын орташа тығыздығы алғынды). Республика бойынша бетон бұйымдарының 2178 мың шаршы м. өндірістік қуаты болған кезде қуаттылықты игеру коэффициенті орташа есептен 0,54 құрады.

Бетон бұйымдары өндірісі құрылымында ең жоғары үлес темір-бетоннан жасалған құрастыру құрылымы конструкцияларына тиесілі - 41 %. Одан кейін жабын тақталары - шамамен 26 %, қадалар - 10%, сондай-ақ жол құрылсына арналған бұйымдар - 10 %.

Тұстастай алғанда бетоннан жасалған бұйымдар үлесі құрылыштың жалпы көлемінде 14,6 %-ды құрайды (құндық көріністе).

7-кесте. Құрылымска арналған заттай көріністегі бетоннан жасалған бұйымдар мен тауар бетоны өндірісі

Көлемі, мың тонна	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009 қантар-тамыз
Цементті тұтыну	2330	3050	4696	6071	7411	9205	7601	3697
Темір-бетон және бетон бұйымдар	980	1542	1967	2352	2899	3240	2713	2209

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

2002-2007 жылдар бойы бетон бұйымдары мен тауар бетоны өндірісінің өсім қарқыны негізгі капиталға салынған инвестициялардың және құрылым-монтаж жұмыстары көлемінің өсуімен шарттасады.

2008 жылы 2007 жылмен салыстырғанда темір-бетон және бетон бұйымдары мен тауар бетоны өндірісінде біршама құлдырау байқалды, бұл каржы қаражатының жеткіліксіздігімен байланысты болды. 2008 жылы тұрғын үйді пайдалануға беру негізінен бұрын салынған ғимараттарды аяқтау есебінен камтамасыз етілді, ал іргетасынан басталған құрылым объектілері күрт азайды.

Бетоннан жасалған бұйымдар импорты бетон өнімінің екі түрімен ұсынылады: женілдетілген бетоннан жасалған блоктар мен кірпіштер және тақталар, оның ішінде бетоннан жасалған соқпақжол тақталары.

Жоғарыда аталған өнімді егжей-тегжейлі талдау кезінде мыналарды байқауға болады, 100 %-ды құраған бетон блоктары мен соқпақжол бойынша тұтынудағы импорт үлесі 2007 жылы тиісінше 16 % және 15 %-ды құрай отырып, күрт азайды. Бұл үрдіс өндірістің жана желілерін енгізу арқасында болды. 2008 жылы блоктар мен кірпіштер бойынша 7 % және соқпақжол тақтасы бойынша 1 % үлесіне жете отырып, негізінен тұстастай тұтынудың азаюна орай импорт үлесінің азаюы жалғаса түсти.

2008 жылы экспортта «Женілдетілген бетоннан жасалған блоктар мен кірпіштер» деген бір баппен ұсынылды. Бұл өнімнің экспортты көлемі 220,2 мың АҚШ доллары сомасына 1892,8 тоннаны құрады. Негізгі импорттаушылар ретінде Ресей шыкты, оның үлесі 99,7 %-ды және Әзірбайжан үлесі тиісінше 0,3 %-ды қалады.

8-кестеде негізгі көрсеткіштер (2002 - 2009 жж. қантар-тамыз): керамика тақталарының өндірісі, экспортты, импортты, тұтынуды және ҚР санитарлық-техникалық бұйымдар импорттының серпін көрсетілген.

8-кесте. 2002 - 2009 жылдары керамика тақталары өндірісі мен тұтынудының және санитарлық-техникалық бұйымдар импорттының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009 қантар-тамыз
Керамикалық тақталар өндірісі, мың m^2 .	562	694	770	493	675	665	450	88,3
Керамикалық тақталар импортты, мың m^2 .	5 842	8 560	9 986	9 017	14 690	18 728	19 000	10 863,8
Керамикалық тақталар экспортты, мың m^2 .	2,4	4,9	0,3	0,3	0,1	0,1	0,1	3,5
Керамикалық тақталарды тұтыну, мың m^2 .	6 402	9 249	10 756	9 507	15 397	19 388	19534	10 952
Санитарлық-техникалық бұйымдар импортты, мың тонна.	6,0	8,0	10,0	11,0	17,0	18,0	17,0	72

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

8-кестеден көрініп тұрғандай, ҚР-да керамикалық тақталарды өндіру 2002-2008 жылдары 28 %-ға қысқарды, импорт өсімі 2 %-ды, экспорт 10 %-ды және тұтыну 1 %-ды құрады.

Қазақстан Республикасында керамикадан жасалған санитарлық-техникалық бүйімдар өндірілмейді, тек импортталады.

Бұл өнімнің импорты 2008 жылы шамамен 17 мың тоннаны немесе 29 млн. долларды құрады. 2002 - 2008 жылдар кезеңі ішінде заттай көріністегі импорт шамамен 3 есеге, ақшалай көріністе - 4 еседен астамға ести.

Минералды-мақталы жылу оқшаулағыш бүйімдарын тұтыну құрылымында импорттық өндіріс өнімі басым. 2002-2007 жылдардағы импорт көлемі 9621 тоннадан 71954 тоннаға дейін немесе 7,5 есеге ұлғайды. Экспорт көлемі елеулі емес және жыльына 100 тоннадан 1000 тонна аралығында ауытқиды.

Минералды жылу оқшаулағыш материалдары нарығындағы ахуал меншікті өнеркәсіптің дамымағанына орай қалыптасып отыр.

Теменде 9-кестеде 2002-2009 жылдар ішінде Қазақстанның жылу оқшаулағыш материалдары нарығының көлемі нарығының көлемі берілген.

9-кесте. 2002-2009 жылдар ішінде Қазақстанның жылу оқшаулағыш материалдары нарығының көлемі

Тонна

Көрсеткіштер	жылдар							
	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009*
Тұтыну көлемі	15474	18533	30966	44601	68033	80315	63849	48075
Экспорт көлемі	57	105	125	131	146	134	1243	774
Импорт көлемі	9691	10629	25540	38620	59710	71954	44259	25949
Өндіріс көлемі	5840	8009	5551	6112	8469	8495	20833	22900

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Соңғы жылдардағы отандық өндіріс өнімі үлесінің жоғарлауы жоғары технологиялық базалыт агрегаттарында жұмыс істейтін және жоғары жылдамдықты көп талшықты центрифугаларда базалыт талшығын өндіретін жаңа кесіпорындарды пайдалануға берумен байланысты болып отыр. Егер, 2007 жылы отандық минералды-мақталы бүйімдердің жалпы тұтыну көлеміндегі үлесі 10,5 %-ды құраса, 2008 жылы бұл көрсеткіш 32,6 %-ға дейін артып, ал 2009 жылы 47,6 %-ға жетті. Қазіргі заманғы технология бойынша базалыт талшықтарын өндіретін зауыттардың республика бойынша жалпы қуаттардағы үлесі 66 %-ды құрайды.

Лак-бояу өнімі нарығының сыйымдылығы 2009 жылғы қантар-қарашада 66 мың тоннаны құрады. Олардың ішінде тұтынудың жалпы көлемінің 28 %-ы отандық өндірушілернің үлесіне, импорттың негізгі үлесі (65 %-дан астам) Ресейге тиесілі. Қазақстанның нарыққа лак-бояу өнімдерін басқа жеткізушилер Германия (6 %), БАӘ (6 %), Түркия (4 %), Иран (2 %), Қытай (3%) болып табылады. Өңірлік беліністе өндірілетін барлық лак-бояу материалдарының 75-80 %-ы Алматы қаласына тиесілі.

10-кесте. Лак-бояу өнімі өндірісінің және оны тұтынудың серпіні

Полимерлер негізіндегі бояулар мен лактар, тонна	2009 қантар-қараша	2009 қантар-қараша/ 2008 қантар-қараша
Ресурстар	66 462,5	101,2
Өндіріс	20 711,0	101,2
Импорт	45 751,5	101,3
Пайдалану	66 462,5	101,2
Экспорт	1 000,3	73,9
Ішкі нарықта сату	65 462,3	101,8

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

Қазақстанның орама жабын материалдарының нарығы дәстүрлі салаға жатады және тиісінше тұтынудың негізгі үлесі битумды жабын материалдарына тиесілі. Өндірістің барлығына дерлік көлемі Павлодар облысының үлесіне тиесілі. Битумды орама жабын материалдарының негізгі өндірушісі «Павлодар картон-рубероид зауыты» болып табылады.

Бұл кәсіпорында негізінен I-ші буынды битумды жабын материалдары шығарылады, оның негізгі шикізаты битум және картон болып табылады.

Өндірушілердің айтуынша, сондай-ақ жүргізілген зерттеулерді негізге ала отырып, жабынды орама материалдар нарығында ішкі бәсекелестік жоқ деп айтуда болады. Отандық өндірушілер шетелдік, негізінен «ТехноНИКОЛЬ» тобы, «Изофлекс» зауыты т.б. сияқты Ресей компанияларымен бәсекелесуіне тура келеді. Бұл компаниялардың өнімі сапалық сипаттамалары бойынша отандық өндірушілердің өнімінен көш ілтері.

Ушінші буын материалдары өндірісі (полимерлі материалдар) Қазақстанда қазірдің өзінде бар. Полимерлерді радиациялық қабыстыру жолымен EPDM негізіндегі полимерлік жабын материалдарын өндіруді жолға кою бойынша «Ұлттық Ядролық Орталығы» РМК жобасы бар. Ресей мен Украинаның тәжірибелесіне сүйене отырып, жабын материалдарының дәстүрлі түрлерін тұтыну бірте-бірте қыскарады деп болжауға болады, полимерлі жабын материалдарының перспективалары басым.

Тауарлардың үлкен ассортиментінің болуы мен бүтінде орама жабын материалдарының нарығында оларды алмастыруға болатынына орай негізінен өнімнің бәсекеге кабілеттіне техникалық сипаттамалар (әртүрлі ноу-хоу) және жанама қызметтер эсер етеді деп қорытынды жасауға болады. Жүргізілген талдаудан да Ресей және Украина өндірушілері жоғары дамыған мұнай-химия өнеркәсібінің болуы есебінен үлкен бәсекелестік басымдықка ие екені туралы қорытынды жасауға болады.

Ресей нарығының дәстүрлі болуына орай бүтінде ол Қазақстан үшін ірі бәсекелестің жоқтығымен сипатталады. Алайда дамыған шикізат және өндірістік базасының болуы полимерлік жабын материалдары нарығын одан әрі өсу жағдайда қауіп-қатердің жоғары деңгейін туғызады.

11-кесте. Жабын материалдарын тұтыну саласындағы негізгі көрсеткіштері

Жабын материалдары өндірісі, мың м ² .	кантар-казан 2009	кантар-казан 2009/ кантар-казан 2008
Ресурстар	28391,6	117,5
Өндіріс	7382,6	107,6
Импорт	21009,0	121,4
Пайдалану	28391,6	117,5
Экспорт	6,0	
Ішкі нарықта сату	28385,6	117,4

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі

3.9. Саланың күшті және әлсіз жақтарын талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
сыйымды нарықтың болуы; мүдделі кәсіпорындарға инвестициялық ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін даму институттарының болуы; саланы дамытуды қолдау бойынша мемлекеттік саясат; өнірлік құрылымдарды және материалдардың, бұйымдар мен конструкциялардың ауқымды номенклатурасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін жеткілікті шикізат базасының болуы; мынадай: жол салу; түрғын үй құрылышы сияқты секторларда құрылым материалдарына сұраныстың тұракты өсуі; индустрияландыру картасы шенберінде өзге де байланысты салаларды дамыту және жобаларды іске асыру;	өндіріс жараптанушылығының төмөнгі техникалық деңгейі; техникалық жабдық тозушылығының жоғарылығы (70 %-ға дейін), негізгі қорлардың баяу жаңартылуы; кәсіпорындардың айналым қуралдарының және өндірісті жаңғырту мен техникалық қайта жараптандыруға арналған қорлардың жеткіліксіздігі; жоғары энергия және ресурс қажетсінуі мен осының салдарынан өнім өндіру құнының жоғары болуы; нормативтік-апараттық, әсіресе шикізаттың болуы мен жана сапа стандарттарын енгізу бойынша рәсімдер туралы аппарат белгіндегі қамтамасыз етудің әлсіз дамуы; өндірістерді орналастыруды аумақтық тепе-тенсіздіктің болуы; жана импорт алмастыратын және экспортқа бағдарланған өндірістерді дамыту үшін инвестициялардың жеткіліксіздігі; кәсіпорындардың көлік қызметтеріне қол жетімділік пен оның құнына тәуелділіктің жоғарылығы; қыс айларында қуаттардың толықтай жүктелмеуімен (шығындардың жоғары болуы) шарттасатын құрылыш таралынан сұраныстың аусымдылығы; республикада мамандар жетіспеушілігінің жоғарылығы;

стандарттар мен талаптардың жоқтығына орай импортталатын тауарлар саласын бақылау жүйесінің дамымауы; құрылыштағы техникалық реттеу жүйесінің жетілмеуі; Қазақстан Республикасы аумактарын дамытудың Бас схемасының жоқтығы; республикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылышы кадастрының жоқтығы; құрылыштың сметалық-нормативтік базасының ескіруі; барлық өнеркәсіп салаларына тән өзге де әлсіз жақтар (әкімшілік кедергілер, қымбат кредит ресурстары т.б.).

Құрылыш саласын дамыту әлеуетінің жоғарылығы қолдаушы салалардың дамуымен байланысты, онсыз құрылыш материалдары өндірісі саласының жұмыс істеуі мүмкін емес (технология мен жабдық, тасымал, электр энергиясы, жұмыс күші, капитал). Аудит, консалтинг және сактандыру сиякты салаларды дамыту құрылыш саласын дамытуға оң әсер етпек, өйткені саланың бәсекеге қабілеттігін дамыту мүндай инфрақұрылымдарыз мүмкін емес. Құрылыш материалдары өнеркәсібінің жекелеген кіші салалары бойынша қосылған құн тізбегін, оның ықпалдасу дәрежесін зерделеу қандай да бір проблемалар болуы мен олардың туындау себептерін көрсете алады.

Әлсіз жақтар көптеген кәсіпорындардың қазіргі техникалық және технологиялық жараптануы кезінде әлемдік стандарттарға сәйкес келетін отандық құрылыш материалдарын шығаруды үйімдастыру мүмкін емес.

Сала құрылымының анық байқалатын шикізаттық немесе шикізатқа шамалас бағыты бар, республикада жоғары дәрежелі қайта өндөлген және қазіргі заманғы құрылыш кешені талаптарына сәйкес келетін өнім шығаратын кәсіпорындар жеткіліксіз.

Құрылыш материалдарын өндіретін кәсіпорындардың көпшілігі бұлар орта немесе шағын кәсіпорындар және осының салдарынан өндірісті жаңғыруды (не үйімдастыруды) қаржыландыруға байланысты елеулі проблемалар бар. Проблемалар меншікті айналым құралдарымен қамтамасыз етушіліктің жеткіліксіздігі бөлігінде де, лизинггік операцияларды қамтамасыз ету бөлігінде де туындауда.

Шағын кәсіпорындар ішкі де, сыртқы да нарықтарда бәсекеге қабілетті бола алмайды, өйткені бір өндіріс тізбегі ішіндегі кәсіпорын өнімді нарықтық баға бойынша жеткізеді, осы арқылы қосылған құны барынша жогары сегментте тұрған өндірушілерді шикізат өндірумен немесе оны қайта өндеумен айналысатын кәсіпорындарды бәсекеге қабілеттігін азайтады.

Бұгінде кәсіпорын ішінде инновациялық жұмыстар жүргізілмейді десе де болады. Бұл ретте республикада құрылыш материалдарын алудың жаңа тәсілдерін өзірлеумен және жұмыс істең тұрған өндірістік желілердің ықтимал жолдарын іздеумен айналысатын арнайы ғылыми-зерттеу институттары мүлде жоқ.

3.10. Құрылыш материалдары саласын дамыту проблемалары

1. Негізгі қоралдардың тозуының жоғары деңгейі

Құрылыш кешенінің құрылыш материалдары өнеркәсібіне және құрылыш индустриясына қойылатын талаптары тұрғын үй құрылышының инфрақұрылымын өзгертуге, жаңа сөзulet-құрылыш жүйесіне өтуге, ғимараттар мен технологиялардың типтеріне және оларды салуға, ресурс сыйымдылығын төмендету қажеттігіне, сондай-ақ тұрғын үйді салу және пайдалану кезіндегі энергетикалық және ендек шығындарына, инвестициялық циклдің ұзактығын қысқартуға, тұрғын үй құрылыш көлемін арттыру жөніндегі міндеттерді шешуге, күрделі құрылыш қажеттілігін және сапалы өнім түрлерінің пайдалану мұқтаждығын қамтамасыз етуге негізделген.

Сонымен бірге, құрылыш материалдарының өнеркәсібінде өндірістік қуаттардың моральдық және физикалық шашпаң ескіруі жалғасуда (әртүрлі салалар бойынша 50-ден 70 %-ға дейін) және күтілестін экономикалық өрлеу кезеңінде олар сапалы және бәсекеге қабілетті өнім шығаратын жағдайда болмауы мүмкін.

Казіргі уақытта саланың жағдайы:

жоғары энергия сыйымдылығымен;

кәсіпорындарға негізгі қорларды жаңартуға және жаңа технологияларды дамытуды инвестициялауға мүмкіндік бермейтін төмен тиімділігімен;

негізгі қорлардың жоғары тозушылық деңгейімен;

өнім өндірудің жоғары өзіндік құнымен;

техникалық артта қалуымен сипатталады.

Мысалы, барлық зауыттарда цемент ескірген энергия шығынды «ылғал» тәсілімен өндіріледі. «Карцемент» АҚ-та «құргак» тәсілмен жұмыс істейтін қалпына келтірілген бір желіден басқалары.

Осы заманғы құрылыш материалдарының, бұйымдар мен конструкциялардың кең көлемді номенклатурасын өндіретін жаңа кәсіпорын жоқ.

2. Құрылыш-монтаж жұмыстарын жүргізуін маусымдылық проблемасы

Құрылыштың монолиттік тәсілге жаппай көшуімен сүйк уақыта ғимараттар салудың негізгі құрылыш материалдары мен бұйымдарына сұраныс шұғыл қыскарды. Бұл цемент және бетон бұйымдарын, сондай-ақ инерциялық материалдарды және басқаларын өндіруге теріс етті. Цементті ұзақ сақтаған кезде нығыздалады және өз белсенділігін жоғалтатыны белгілі.

Жазғы уақытта цемент зауыттары авральды режимде жұмыс істейді және қысқы уақытта цемент өндіруде жіберіліп алынған көлемнің орнын толтыра алмайды. Осы себептен жылы уақытқа дурлікпе сұраныс пайда болады және тиісінше цементке баға қымбаттайды. Ғимараттардың каркастарын монолиттік тәсілмен тұрғызу осы саланың өнімінің талап етілгендеңдігінің нәтижесінде құрастырмалы темірбетонның өнеркәсіпте төмөндеуіне себепші болды. Нәтижесінде 2008 жылы цемент зауыттарының жобалық қуатын пайдалану коэффициенті 0,58 (2009 жылғы қантар-казан кезеңінде 0,56) және темірбетон зауыттарының өндірістік қуаттары - 0,54 (2009 жылғы қантар-казан кезеңінде 0,58) құрады.

Соңғы онжылдықта бетон мен темірбетон өндіру бойынша шетелдік жабдықтар мен технологиялар импорттың көң таралуы экономикалық есеп бойынша сала кәсіпорындарының көпшілігі үшін қымбат.

Киыршыктасқа қатысты Қазакстанның құрылыш нарығында киыршыктасқа тапшылық жок. Алайда маусымдылық факторы себепші болған өндіру мен тұтыну көлемінде белгілі бір ауытқушылық бар. Белсенді тұтыну кезеңі құрылыш маусымына келеді және жылына 8-9 айға созылады. Сол кезде руда емес материалды қысқы мезгілде өндірудің қарқындылығы іс жүзінде төмөндеіді. Өндірушілер мен тұтынушылардың барлық деңгейдегі мемлекеттік билік органдарымен бірлесіп күш салуы құрылыш саласындағы маусымдық ауытқуды тегістеуге бағытталуға тиіс. Бұл факт цемент өндіру мен тұтыну жағдайына ғана есеп ететін маусымдылыққа көпшілік мақұлдаған пікірді раставды. Рудалық емес құрылыш материалдарының (киыршыктас, ірі құм, құм) өнеркәсібі өнімге сұранысты жыл бойы қамтамасыз етуге дайын. Кірпішке қатысты болса, онда кірпіштің тұтынушылар нарығының маңызды белгісі сұраныстың маусымдылығы болып табылады. Сұраныстың маусымдылығы жеңе құрылыш секторында құрылыш жұмыстары көбінесе жаз айлары мен күздің басына келеді. Мемлекеттік және муниципалдық құрылыш секторларында жұмыстар іс жүзінде жыл бойы жүзеге асырылады, мұнда сұраныстың маусымдылығы неғұрлым аз көрсетілген сипатта болады. Қазақстанда осы заманғы кірпіштің тұтыну нарығының негізгі үрдістерінің қатарында сарапшылар сұраныс құрылымының өзгеруін атап өтеді - дәстүрлі құрылыш қызыл кірпішіне сұраныс түсіде, сол бір уақытта формасы мен түстік реңкі әртүрлі қаптайдын кірпішке қызығушылық біртіндеп өседе.

3. Инженер және жұмыспы кадрларды дайындау және біліктілігін арттыру проблемасы

Жоғары оку ғылымы мен оку процесінің өндірістен қол үзін мамандар даярлау процесіне елеулі зиян келтіреді. Жоғары оку орындарының көпшілігінде инженерлік кадрларды даярлаудың зерттеу инфрақұрылымы мен аспаптық-аппаратуралық база осы заманғы талаптарға сәйкес келмейді және жартығасырлық және одан көп ескілік деңгейінде тұр.

Білім беру, ғылым және саланың өндірістік кешені оның қажетті инновациялық дамуын қамтамасыз етпейді. Ғылыми-зерттеу және келешегі бар әзірлемелердің тәжірибелік-өнеркәсіптік сынау және зерттеу және сынау жабдықтары мен аспаптарын жасау базасы жеткіліксіз дамыған.

Әзірлемелерді ынталандыру және ғылымды көп қажет ететін сапасы жоғары өнім өндіруді менгеру, енбек өнімділігін арттыру, ресурс және ресурс үнемдеу, жергілікті шикізатты және бетон мен темірбетон өндіру саласындағы өнеркәсіп калдықтары бойынша нормативтік күжаттар әзірленген жок.

Сондай-ақ құрылыш индустриясында жұмыс істейтін немесе мүдделі кәсіпкерлерді дайындаудың темен деңгейіне байланысты бар проблеманы атап өтуге болады.

4. Аумақтық орналастыру проблемалары

Кідіртпей шешуді талап ететін неғұрлым елеулі проблемалардың қатарына цементтің ұдайы қымбаттауы, энергия үнемдейтін және ресурсты қажет ететін құрылыш материалдары бойынша өз өндірісінің жоқтығы және энергия ресурстарына, суға, шикізатты теміржол тасымалдауға тарифтердің тоқтаусыз өсіу және энергиямен және сумен жабдықтау мәселелерін шешу жатады.

Соңғы жылдары құрылыш индустриясы кәсіпорындарын аумақтық орналастырудың сәйкесіздік проблемасы анағұрлым айқын көрінді. Республиканың өнеркәсібі оңтүстік, орталық және шығыс өнірлерде шоғырланған. Тиісінше цемент және басқа құрылыш материалдары, бұйымдары мен конструкциялары бойынша негізгі зауыттар осы өнірлерде салынған. Соңғы онжылдықта Батыс Қазақстанда мұнай-газ секторы озық даму қарқының алды, Астана, Алматы қалаларында және Алматы облысы мен басқаларында тұрғын үй мен басқа азаматтық құрылыш көлемі құрт есті.

Құрылыш индустриясы саласындағы компаниялардың көпшілігі шағын және орта кәсіпорындарға жатады. Оларда жаңа технологияға көшу үшін каржыландыру алу немесе жұмысшыларды қайта оқыту мүмкіндігі сияқты жаңа технологиялар туралы ақпаратқа кол жеткізу шектеулі. Мемлекет перспективалы технологиялар, персоналды оқытуға және қайта оқытуға қатысу, жаңа технологияларды менгеруді мемлекеттік қаржыландыруды ұлғайту және оларды енгізу тәсілдері, ҚР-да жасалмайтын қазіргі заманғы жабдықтарға импорт баждарын алымын азайту туралы ақпаратты бере алады. Атап айтқанда, ресурс үнемдеуші және энергиялық тиімді құрылыш материалдары мен конструкцияларды жасаушыларды қолдау максатында, сондай-ақ индустриялық құрылыш комбинаттарының маңында салынған шағын орта бизнес субъектілерін дамыту үшін оларға женилдік жағдайда кредит берілетін болады.

Кесіпорындарға дамудың инновациялық үлгісіне өту үшін едәуір қаржы ресурсы қажет болады. Құрылым материалдарын өндіру саласында шағын бизнеске кредит беруді дамыту үшін шаралар кешені қажет. Қазыналық шаралар (жана өндірістерді бірнеше салыктан босату) сонымен қатар көп елдерде пайдаланылады және КР-да да қолданылуы мүмкін. Ақырында, жобаларды іске асыру үшін инвесторларды іздестіру жақсы нәтижелерді беруі мүмкін.

3.11. Проблемаларды шешу бойынша шетелдік он тәжірибеге шолу

Қазақстанда құрылым материалдары саласын серпінді дамыту үшін нақты алғышарттар бар. Оның жетістіктері мен қателіктері құрылымстың өзіндік құны мен сапасына тікелей байланысты. Сондыктан құрылым базасын қазіргі заманғы технологиялық негізде түпкілікті жаңғыру төзекті міндет болып табылады. Бірінші кезектегі міндеттердің қатарында шетелдік тәжірибе мен қазіргі заманғы технологияны барынша пайдалана отырып цемент, құрастырмалы темірбетон, жылу оқшаулау материалдарын, шыны, құрылым керамикасын және басқаларын өндіретін базалық қосалқы салалардың өте тез дамыту қажеттігін атап өту керек.

Цемент. Шетел тәжірибесін талдау қазіргі уақытта дамыған елдерде цемент негізінен құрғақ тәсілмен өндірілетінін көрсетті. Мынадай Жапония, Онтүстік Корея, Испания, АҚШ сияқты елдерде жалпы қолемде цементті құрғақ тәсілмен өндіру үлесі 80-100 % шегінде ауытқып отыр.

Цементті әлемдік өндіру үлесінің 47, 1 %-ы тиесілі Қытай ескі зауыттарын құрғақ әдіспен өндіріске карқынды көшіруде.

Казіргі уақытта Қытайдағы цементтің 50 %-ы энергия үнемдеуші технологиялар бойынша өндірілді.

Озық тәжірибе жағдайында цемент саласын дамыту мынадай өзара бірін-бірі толықтыратын бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс:

1. Цемент өндірудің қолданыстағы ылғал тәсілінен құрғақ тәсілге жаңғыру.

2. Жаңа зауыттарды салу кезінде озық энергия үнемдеуші жоғары өнімді технологияларды пайдалану қажет.

3. Республиқаның цемент зауыттарынан альстағы аудандарында терминалдар желісін құру.

Неміс жабдығының негізінде жылдық өнімділігі 1 млн. тонна зауыт салуға кететін шығын кемінде 120-150 млн. евроны құрайды. Осы фактілердің негізінде бәсекеге қабілеттілігіне талдау жүргізілді. Қорытындысында сапасы үшін шығынды барынша азайту және заласыз шикізатты дайындаудың құрғақ тәсілімен жұмыс істейтін цемент зауыттарының жаңа буынына жүктеуге болады. Бұл өнімнің өнімділігі - бағасы - сапасы қазіргі нарықта ең жақсы арасалмақпен ерекшеленетін жоғары автоматтандырылған және үнемді зауыттар. Жылына 1 млн. тонна клинкер өндірғен кездегі технологиялық жабдықтың бағасы шамамен 37 млн. евроны құрайды. Құрылым жұмысын, карьер техникасын, зертханалық жабдықты қоса алғанда, жынытық шығын - 70-80 млн. евро.

Клинкер-цемент терминалдары. Цемент саласын сәйкестендірудің тағы бір перспективалық бағыты клинкерлік цемент терминалдары желісін ұйымдастыру болып табылады. Бұл іс-шараның мәні цемент зауыттарының үлестік функцияларының бір белгіті тұтынушыға қарай өтетіндігін білдіреді. Бұл жағдайда тек қана клинкер көшіріледі, ал белсенді минералдық үстемелер ретінде жергілікті материалдар пайдаланылады. Бұдан өзге, клинкерлік цемент терминалдарын құруға салынған инвестициялар салынып жатқан цемент зауыттарының үлестік қуаттарын құруға арналған шығындарды азайтудың есебінен өтеледі (үлестік жабдықтың бір белгіті клинкерлік цемент терминалдарына өтеді).

Пилоттық нұсқа ретінде Манғистау, Актөбе, Батыс Қазақстан, Павлодар және Алматы облыстарында жалпы қуаты 2,1 млн. тонна терминалдар ұйымдастыру ұсынылады.

Құрама темір-бетон бұйымдар мен конструкциялар. Қазақстан Республикасында соңғы оңжылдықта қолайлылығы жоғары биік үйлердің сөүллеттік алуандығын қамтамасыз еткен монолиттік үй салу көнінен қолданылып отыр. Алайда, монолиттік үй салу технологиясының едәуір кемшіліктері бар. Монолиттік технология бойынша бетонның сапасы мен бұзылмайтындығына қалыпты орнату және бөлшектеу бойынша еңбекті қажетсін, бетон қоспасын төсөу орнына тасу, әсіресе қысқы мерзімдерде ауа райы жағдайлары теріс есепті етеді. Жобалық маркаға дейін оның беріктігін жинау үшін жылу режимін сақтай отырып, бетонның төзімділігіне көп уақыт қажет.

Алайда, тұрғын үй салуға қойылатын қазіргі заман талаптары ең алдымен, халықтың қажеттіліктерімен, конструкциялық және әрлеу материалдарының әсемдігімен, тұрғын үйдің төзімділігі мен қолайлылығымен айқындалады. Баға бойынша қол жетімділік факторы да маңызды болып табылады.

Монолиттік үй салу технологиясы өнімділікті арттыру және құрылымстың құнын төмендету талаптарына жауап бермейді. Сондыктан, бүтінде құрылым саласының алдында жағдайды түбебейлі өзгерту міндетті тұр. Жылдам, арзан және сапалы салу қажет.

Әлемдік тәжірибе бұл міндетке жұмыстың көп белгін зауыт жағдайларында, ал құрылым алаңында түпкілікті құрастыруды жүзеге асыруды білдіретін құрылымсты индустримальдырудың есебінен қол жеткізуге болатынын көрсетті. Бұл объектілерді көтеруді жылдамдатады және еңбек шығынын, демек жұмыстардың өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл ретте соңғы жылдары әлемдік индустрималь үй салудың дамуы өндірістің индустрималь тәсілінің барлық артықшылықтарын сактау кезінде сөүллеттік алуандықты қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өту қажет.

Батыс елдерінде қаңқалы-монолиттік үй салудың табысты дамуының кепілі үздіксіз шегендереп бекітусіз қалыптау тәсілімен темір бетон бұйымдары өндірісін әзірлеу және игеру, құрылым нарығында жоғары

төзімді бетондардың пайда болуы болып табылады. Қазіргі заманғы шегендең бекітүсіз дірілді қалыптау желісі бір жабдықта құыс төсем тақтасын, қадалар, жол текталарын, мойнектар, арқалықтар және т.б. кез келген үлгілік өлшем өнімін шығаруга қабілетті. Қазіргі уақытта дамыған Батыс елдеріндегі құрама көптеген монолиттік үй салу жүйелері жұмыс істейді.

Біздің республикамызда құрылышты индустримальдырудың ең ұтымды жолы жұмыс істеп тұрған темірбетон зауыттарының негізінде тұрғын үйлер мен ғимараттар салуға арналған жоғары технологиялық конструкциялар мен детальдар өндірісін құру болып табылады. Бұл ретте Ресейдің оларды әмбебап үй салу комбинаттарына ауыстыра отырып, жұмыс істеп тұрған темір-бетон зауыттарын жаңғырту бойынша тәжірибелі қызықты. Ресейде индустримальық құрылыш комбинаттарын құруға шығындарды қысқарту мақсатында импорттық ғылымды қажетсінетін технологиялық жабдық сатып алынуда, ал жабдықтың металдарды қажетсінетін белгі отандық машина жасау зауыттарында дайындалады.

Темір бетон бұйымдары зауыттарын техникалық қайта жарактандырудың ұсынылып отырған нұсқасы бүгінде Ресей мен Қазакстанның бірнеше калаларында іске асырылуда.

Жылу оқшаулағыш материалдар.

Энергия тасымалдаушыларға бағаның тұрақты өсуінің аясында автоклавты газ бетоны ретінде жылу оқшаулағыш материалдарды және базальтты талшыктан жасалған минералдық мақта бұйымдарын пайдалану жолымен пайдаланылатын ғимараттардың энергия тұтынуын төмендету үлкен перспективаға ие. Әртүрлі деректер бойынша тұрғын үй секторына республика бойынша тұтынылатын энергияның 25-30 % тиесілі.

Бүгінде қазақстандық газ бетон нарығында қазіргі заманғы жоғары технологиялық жабдықта дайындалған сапалы кеуекті бетон өндірісінің өсуі байкалады. Алайда көлемі жылына 1118 мың м³ колда бар газ бетон қуаты құрылыштың өскелен қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз. Мысалы Батыс елдерінде 1000 тұрғынға газ бетоннан жасалған бұйымдардың жылдық шығарылымы 220-280 м³ құрайды. ТМД елдерінде газ бетонды қолдану бойынша көшбасшы Беларусь болып табылады, мұнда бұл көрсеткіш мың адамға 170 м³-ге жетті. Автоклавты кеуекті бетон бойынша жобалық қуаттарды игеру кезінде газ бетондар шығару 1000 адамға 74 м³-ді құрайды. Шетелдердің тәжірибелі бағдарлай отырып, тұрғын үй салудағы кеуекті бетон нарығын әлеуетін 2014 жылға қарай 2 млн.м³ деп бағамдауға болады.

Серпінді дамып келе жатқан және перспективалы жылу оқшаулағыш материал базалыт талшығынан жасалған бұйымдар болып табылады. Қазақстанда 2008 жылы шамамен 640 мың м³ минералдық мақта жылытықшартары пайдаланылған және 2014 жылға қарай нарық көлемі 1900 мың м³ болжанып отыр.

Казіргі уақытта республикада минералдық мақта бұйымдарын өндіретін 11 кәсіпорын бар.

Кәсіпорындардың көшілігі 70-80 жылдары салынған және моральдік және физикалық ескірген және тиісінше энергияны қажетсінетін жабдыққа негізделген. Осы зауыттарда жұмыс істейтін ваграндық балқыту агрегаттары балқыту үшін анағұрлым жоғары температура қажет етілетіндіктен базалыт тасын балқытуға кабілетсіз. Ақырында бұрын орнатылған технологиялық желілерде шығарылған өнім сапасы бойынша да, бағасы бойынша да бәсекеге қабілетсіз.

Әлемдік тәжірибелі талдау минералдық мақта өнімін өндіретін жетекші фирмалар шикізат ретінде базалыт жыныстары мен қазіргі заманғы энергия үнемдейтін балқыту агрегаттарын пайдаланытЫНЫҢ қорсетті. Бұл жоғары сапалы минералдық мақтаны алуға мүмкіндік береді. Республикада соңғы 2-3 жылда озық еуропалық технологиялар қарқынды енгізілу үстінде. Италиядан, Словениядан әкелінген жабдықпен жабдықталған Павлодарда «Базальттік технологиялар» ЖШС, Өскеменде «Изотерм» ЖШС, Ақтөбеде «Базальт - А» ЖШС жоғары өнімді кәсіпорындар салынып, пайдалануға берілді. Жақын жылдарда қазіргі заманғы технологиялар бойынша базалыт талшықтарын өндіретін тағы бірнеше кәсіпорын іске қосылатын болады. Бұл зауыттардың өнімі 2-3 жылда ескірген энергия шығынды технологиялар бойынша шығарылатын зауыттардың өнімін толығымен ығыстыратыны болжанып отыр.

Лак бояу өнімі. Қазіргі уақытта лактар мен бояуларды әлемдік сатылым жылына 64 миллиард доллардың құрайтынын атап ету қажет. Салада 12 мың компания жұмыс істейде, бірақ нарықтағы үлесіне барлық сатылымдардың 43 пайызға жуығы тиесілі 11-і көш бастап отыр. Олардың әрбірінің жылдық табысы 1 миллиард долларға жақындаған келеді.

Ресейді қоса алғанда белгілі әлемдік бояу өндірушілердің қызметін талдау, акрилдік дисперсия және титан диоксиді болып табылатын негізгі компоненттер ретінде Ciba, BASF, Akzo Nobel, Du pont сиякты ірі химиялық алпауыттардың өнімі пайдаланылатынын көрсетті. Бұл 2 компонент бастапқы шикізат құрамында дайын өнім құнының 82-85%-ын құрайды, оларды жеткізуге көлік шығыстарын бөлу болмашы. Осыған байланысты, лак бояу материалдарын өндіруде отандық қамтудың шикізаттық материалдарының үлесін ұлғайту туралы мәселені қою орынсыз. Бұл жағдайларда отандық өндірістің тиімділігіне су құраушыларының (40%) тек кана қатты компоненттердің импорты есебінен көл жеткізіледі.

Казіргі уақытта Қазақстан нарығының сыйымдылығы жылына 90 мың тоннаны құрайды. Олардың 26-28 %-ы отандық өндірушілердің үлесін тиесілі. Импорттың негізгі үлесі (65%-дан астам) Ресейде тиесілі. Басқа жеткізушілер Түркия, Польша, Кытай, Германия, Словения және т.б. болып табылады. 2014 жылғы қарай лак бояу материалдарына қажеттілік жылына шамамен 107 мың тоннаны құрайды.

Шыны өнеркәсібі. Әлемдегі негізгі үрдіс - энергия тасымалдаушылардың тапшылығы, газға, электр энергиясына, көмірге бағаның өсуі, ғимараттарда жылу шығындарын едәуір азайту қажеттілігіне алғып келетін жылу энергия желілерінің айтарлықтай жүктемесі мен тозуы. Ғимараттардағы барынша көп жылу

шығындары (50 %-дан астам) терезе арқылы, ал қабырға арқылы 26 пайыз болады. Үлкен әйнек касбеттерінде және қазіргі заманғы ғимараттардың зерәйнектерінде жылу шығындары бірнеше есеге ұлғаяды. Шыны өндөудің қазіргі заманғы технологияларының дамуымен жылу-энергия үнемдегіш шыны пакеттерін қолдану арқылы жылу энергиясы шығыстарын 12 пайызға дейін айтартықтай төмendetуге мүмкіндік пайда болды. Осылай салыстырылады, әлемдегі маңызды бағыттардың бірі бір уақытта ғимараттардың жылу корғанышының деңгейін арттыруға және адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қабілетті энергия тиімді шынылауды дамыту болады. Энергия үнемдегіш шыны пакетінің ішкі әйнегіндегі арнағы жылу шағылыстырыш жабын жылу сәулелерін шағылыстырып, термос есерін қалыптастырады.

Экономикалық және экологиялық әсері:

жана энергия кезінен 1 кВт/сағ. өндіруге арналған шығындар 1 кВт/сағ. үнемдеуге кететін шығындардан 7 есеге көп;

кәдімгі шынылауды пайдаланған кезде үй-жайды жыльтуға жыл сайын атмосфераға 84 кг CO₂ с 1 м² шығаруға әкелетін энергия шығындалады;

жылу-энергия үнемдегі шыны пакетін пайдаланған кезде бұл сан жыльына 13 кг CO₂ с 1 м² - ге төмendetді, яғни, бұл сан 6,5 есеге төмendetді;

болмашы қымбаттау (20 пайыз) кезінде өтімділік мерзімі 1 жыл.

Әлемдік құрылым тәжірибесінде қауіпсіз шынылау міндетін шешу шынықкан және көп қабатты әйнекті пайдалануға негізделеді. Мысалы Еуропада және Ресейде адамдар көп жиналатын орындарда екі қабаттан жоғары ғимараттарда кәдімгі әйнекті пайдалануға тыбым салынады, тек қана әдеттегіден 7-8 есе берік шынықкан және көп қабатты әйнек пайдаланылады.

Республикада тұрғын үй, қоғамдық және өнеркәсіптік ғимараттарды шынылауға арналған табақ шыны шығарылмайды. Ол тек импортталады.

Табақ шыныларға қажеттілік: 2010 жылы - 22,2 млн. м², 2011 жылы - 25,1 млн. м², 2012 жылы - 28,3 млн. м², 2013 жылы - 31,2 млн. м², 2014 жылы - 35,0 млн. м² күрайды. Бұл ретте барлық пайдаланылатын табақ шынының 70-80%-ы тұрғын үй салуда пайдаланылады.

3.12. Қоршаған ортага ықпалын бағалау

Құрылым индустрисындағы энергия үнемдеу энергия тұтынуды үнемдеуді құрайтындардың бірі, себебі құрылым саласы мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы отын-энергетикалық ресурстарын пайдалану көлемі бойынша басқа да шаруашылық салаларының арасында үшінші орында тұр. Осы көлемдердің ішінен бар енбек акы төлеу қоры фонды 85% энергия ресурстарын, 11,4% құрылым материалдары өнеркәсібін, 3,6% құрылымын пайдаланады.

Энергетикалық және басқа да ресурстарды үнемдеу - құрылым материалдары өнеркәсібі алдында тұрған маңызды міндет. Өндірістік кәсіпорындар үшін жылу мен электр энергиясын пайдалануды жүйелі төмendetу бұл отын-энергетикалық ресурстарын сатып алу арналған шығындарды қыскарту мүмкіндігі, сондай-ак табигат ресурстарын үнемдеудің жалпы саласына өз үлесін қосу мүмкіндігі.

Казақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2008 жылғы халықта жолдауында «Үкімет біруақытта өз күшін энергия үнемдеу мен экологиялық таза технологияларды енгізуге жүмылдыруы тиіс».

Құрылым материалдарының өндірісіне арналған шартты отын және электр энергиясының шығын нормаларын салыстырып талдау, Казақстан мен Ресей үшін бұл көрсеткіштердің ұқсас екенін көрсетті, ейткені бірдей технологиялар колданылады. ЕО елдермен салыстырғанда гипс, қыш және силикат кірпіш өндірісінен басқа, көрсетілген барлық материалдар үшін бұл көрсеткіштер артық.

Мысалы, ЕО елдерінде Казақстан мен Ресейге қарағанда цемент өндіру кезінде келісілген отын 101 кг және электр энергиясының шығыны с.870 кВт кем, қыш кірпіш өндіру кезінде келісілген отын 70 кг кем, ал электр энергиясы с.43,4 кВт артық; құрастырмалы темір бетон конструкцияларын өндіру кезінде келісілген шығын 48 кг және электр энергиясы өнім бірлігіне с 11 кВт кем.

Құрылым материалдарының технологиялары саласында энергия үнемдеу технологияларын (құрамында отын бар материалдарды, әртүрлі қоспаларды және т.б. пайдалану), озық технологиялық жабдықтар мен материалдардың жаңа түрлерін пайдалану есебінен энергия ресурстарын едәуір үнемдеуге қол жеткізуі мүмкін.

Бірінші блок: Құрамында отын бар шикізатты пайдалану жолымен құйдірілетін материалдар өндірісінде отынды үнемдеу (құл шлак, комір қалдықтары, қыры және т.б.).

Ірі тоннажды құрамында отын бар құл ГРЭС және ЖЭО мен комір өндіру қалдықтары сияқтыларға барынша қызығушылық білдіруде. Жыл сайын құл шығару 20 млн. тоннаға жетті, 400 млн. тоннадан жоғары үйінділер жиналды. Көмір өндіру және комір байыту қалдықтарының ашылатын кендері 2 млрд. т. астамын құрайды.

Кейбір жылдары фосфорлы және дөмендік қоқыстар, ЖЭС құл және комір қалдықтарын пайдалана отырып, құрылым материалдарын алу технологиялары. ГРЭС және ЖЭО құлді пайдалана отырып, құл цемент, құл бетон, құлді құйдірілген гравий, құл керамикалық кірпіш алынған болатын. Көмір өндіру және комір байыту қалдықтары негізінде керамзит, қыш кірпіш және тақталар алынды. Өндөлген технологияларды 80 жылдары ҚазССР Өнеркәсіп құрылым материалдары кәсіпорындарында кенінен апробациялаудан өтті.

Өткен жылғы қажеттілікке және 2010 және 2014 жылдарға арналған күтілетін қажеттілікке байланысты құл цемент, құл бетон, құлді күйдірілмеген гравий, құл керамикалық кірпіш технологияларын енгізу кезінде дәстүрлі шикізат негізінде цемент, қыш кірпіш, керамзит, бетон және темір бетон сияқты материалдарды алмастыру келісілген отынды айтарлықтай үнемдеуге болады. Мысалы, 2007 жылы келісілген отынды 1,34 млн.т., 2010 жылы келісілген отынды - 1,86 млн.т, 2014 жылы - келісілген отынды 2,5 млн.т үнемдеу күтілуі мүмкін болатын.

Екінші блок: Диспергированделген техногендік өндімерді (кулдер, шлактар, шламдар, қалдықтар және т.б) пайдалану жолымен ұнтақ, кесек материалдары өндірісінде энергияны үнемдеу.

Құрылым материалдары өнеркәсібінде энергияны қажет ететіндер ұсақтау және ұнтақтау процесі болып табылады. Тау-кен өнеркәсібіндегі ұсақтау және ұнтақтау операцияларына бар технологиялар кезінде барлық шығындардың 50% астамы бірінші кезекте, энергетиканы қамтиды. Сондықтан ұсақтау процесінен өткен мынадай қалдықтарды пайдалану орынды: тау-кен өнеркәсібі, ТЭС кулдері және шлактар, байыту комбинаттарының қалдықтары, тас өндіріу және қайта өндіріу және т.б.

10 % (4 млн.т) цементті аралас кішкене клинкерлік байланыстырушы (СМВ) 5 % (2 млн. т) және 5% (2 млн. т) аралас клинкерлік емес байланыстырушы алмастырудан жыл сайын 500 мың тонна сұйық отын үнемдеуге болады.

Табиғи құмды алмастыру кезінде ЖЭС аландарындағы ККҚ өндіруді 50 % ұйымдастыру кезінде құрғақ құрылым қоспалары (ККҚ) және оларды 8 млн т. көлемінде өндіріу ККҚ өндіріу кезінде дәстүрлі пайдаланылатын қәдімгі құмды кептірудің орнына электр сузғаштің ішінен құрғақ құлді кептіруді алып тастау есебінен жыл сайын 61 мың т.сұйық отын үнемдеуге болады.

Барлық көлемі 4 млн. текше м. табиғи құмды шлакқа және қулге алмастыру жыл сайын 4 мың т. дизелдік отынды үнемдеуге әкеледі; 4 млн текше м. табиғи киыршықтасты шлакқа алмастыру жыл сайын 14 мың т. дизелдік отынды үнемдеуге болады.

Үшінші блок: Тиімді технологиялық жабдықтарды қолдану арқылы отын мен энергияны үнемдеу.

Қазіргі уақытта өндірісте қолданылатын құрылым материалдары технологияларының, техникалық шешімдері мен жабдықтардың кейбір түрлері жоғары сапалы энергияны қажет ететіндер болып табылады. Бірінші кезекте бұл цемент өндіруге қатысты. Шикізаттық қоспаны дайындауда қарамастан портландцемент өндірісінің екі негізгі тәсілмен ерекшеленеді: сулы және құрғақ. Қазақстанда цемент негізінен сулы тәсілмен өндіріледі.

Сулы тәсілмен дайындау кезінде клинкер тоннаға отынның орташа шығыны 240 кг, құрғақ - 183,9 кг құрайды. Құрғақ тәсіл бойынша дайындау кезінде кесілген отынды үнемдеу 56,1 кг тонна клинкерді құрайды.

Қажеттілігі үнемдеуді қажет ететін қажеттілік өндірісінің көлемін есепке ала отырып, цемент өндірудің құрғақ тәсілге өтуі кезінде: келісілген отын 2007 жылы - 504,9 мың т, келісілген отын 2010 жылы - 690,03 мың т, келісілген отын 2014 жылы - 942,48 мың т күтіледі.

Сұранысқа ие материалдардың бірі қалыптаудың пластикалық және жартылай құрғақ тәсілмен жүзеге асырылып, өндірілетін керамикалық кірпіш болып табылады. Өндірістің жартылай құрғақ тәсілі кезінде шикідей кептіру шикізат кептіру процесі жоқ, бұл отынды айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді. Қалыптаудың пластикалық тәсілі кезінде 1000 дана кірпішке келісілген отынның шығыны 240 кг құрайды. Қалыптаудың жартылай құрғақ тәсілі кезінде 1000 дана кірпішке келісілген отынның шығыны 180 кг құрайды. Келісілген отыннан күтілетін үнемдеу 1000 дана келісілген кірпішке 60кг құрайды. Келісілген отын шығының азайту есебінен өнімді қайта өндедін атмосфераға шығарындылар көлемі қыскарады.

Өндірістің болжамды көлемін және үнемдеуді қажет етуі мүмкін қажеттілікті есепке ала отырып, кірпіш өндіруді жартылай құрғақ тәсілге ауыстыру кезінде: келісілген отын 2007 жылы - 45,3 мың т, келісілген отын 2010 жылы - 62,2 мың т. күтілуі мүмкін және келісілген отын 2014 жылы - 84,5 мың т.

Негізгі құрылым материалы ретінде бетонды шығаруға құрылым материалдарын өнеркәсіпке жататын отын-энергетикалық ресурстардың 40 % дейін жұмысалады. Құрама темір-бетон бұйымдарын дайындау және монолиттік конструкцияларын салу кезінде оларды барлық ел аумағында жыл ішінде 1 текше м. бетонға келісілген отын 60-100 кг бірдей шығыспен 80°C температура кезінде төменгі әлеуетін жылумен термоөндеуге ұшырайды.

Бетон және темір-бетон бұйымдары өндірісі кезінде энергияны пайдалануды азайту тәсілдерінің бірі гелиотехникалық құрылғылардың көмегімен күн энергиясын пайдалану болып табылады. Энергияның жаңа түрін игеру үлес салмағын немесе бетонның катауын үдетеңін және оларды дәстүрлі жылу тасыныштармен толық бәсекеге қабілетті термоөндеудің ұзактығы бойынша тұтынуды мүлде алып тастайды. Бұл ретте термоылғалдық өңдеу кезінде буды үнемдеу 750 кг және электрлік термоөндеу кезінде бетон бұйымдары 1 текше м сағ. 200 кВт жуық электр энергиясын үнемдеу құрайды.

Көптеген энергетика шығындары тек қайта өңделетін материалдардың көпшілігінің көлемімен ғана емес, бірақ КПД пайдаланатын дірмендер төменгі тиімділігімен сипатталады және жақсы жағдайда 5% тәртібіне жетеді.

Сондықтан соңғы уақытта құрылым материалдарының ұнтақталған жіңішкелігін арттыру бойынша жұмыстар жоғары өнімділікпен, энергиялық қауырттылықпен және өңделуші ортаға карқынды ықпал ететін тиімді әдістер мен тетіктерді қолдануға негізделген.

Казіргі уақытта цемент клинкерінің ұнтағы және басқа да құрылым материалдары үшін диірмендердің жаңа қағидаттық конструкциялары мен принциптері бойынша әрекеті әзірленді.

Оған аса жұқа материалдарды алуға, мүмкіндік беретін «планетарная мельница» (Ресей) жатады, ал кез келген қатты заттарды ұсатады. Ұнтақтаудың ірілігі 5 мкм (адам шашынан 5-10 рет жұқа). Эл/энергиясының шығыны сағ. 30 кВт, дөнгелек диірменге қарағанда 1,3 есе кем. Орталық - эллиптикалық диірмен ОЭД 25 (Ресей) өндірістік жоғары ұсактау саласындағы жаңа әзірлеме болып табылады. ОЭД 25 диірмен минералдық шикізат пен көмірді ұсактау үшін, цемент зауыттарына арналған (құрғақ және сулы тәсілмен цемент өндіру кезінде клинкерді ұсактау), Эл/энергиясының шығыны сағ. 18-30 кВт, дөнгелек диірменге қарағанда 1,3-2,2 есе кем. «Atox» білікті диірмен (Германия, Жапония) үшін арналған әртүрлі минералдық шикізатқа өнеркәсіптік жұқалап ұсактау. Эл/энергиясының шығыны сағ. 26,7 кВт, дөнгелек диірменге қарағанда 1,5 есе кем. «Pfeiffer» Білікті диірмен (Германия) цемент зауыттары мен әртүрлі минералдық шикізатты жұқалап ұсактауға арналған. Эл/энергиясының шығыны сағ. 10,4 кВт, дөнгелек диірменге қарағанда 3,8 есе кем.

Төртінші блок: Цемент өндірісіндегі энергия сыйымдылықты төмендетудің аз инвестициялық жолы.

Казіргі уақытта барынша капиталсыйымды бірақ, өте тиімді технологияларды енгізу қажет, мысалы, тұйықталған циклдегі шикізат пен цементті ұсатуды енгізу. Бұл іс-шара цемент сапасын жақсартуға және цементті ұсатуға арналған электр энергиясының шығындарын 15-20% қыскартуға мүмкіндік береді. Суперпластификаторлар мен катаю ұдеткіштеріне үлестерді қоса отырып, айрықша сәйкестігіне осындаі технология тиімді.

Клинкерді қүйдіруде оны өндірудің сулы тәсілі кезінде отын шығындарын едәуір төмендетуді қамтамасыз ететін бірқатар сынақтан өткен техникалық шешімдер бар. Отынды үнемдеу резерві сұйытқыш шламдарды колдану болып қала береді, себебі шлам ылғалдылығының төмендеу әрбір процентті клинкерді қүйдіруде отынның үлес шығындарын орташа 117-146 кДж/кг, яғни 1,7-2 %-ке азайтуға мүмкіндік беретіні белгілі.

Айналмалы пештерді футеровкалау үшін жоғары тиімді жылу оқшаулағыш материалдарды колдану да отын шығындарын клинкердің тоннасына 2-3 килограммға төмендетуге мүмкіндік береді.

Бесінші блок: Құрылыштағы цемент сыйымдылығын төмендету.

Құрылыштағы цемент сыйымдылығын төмендету жолдарының бірі құрамында портландцемент 50 % дейін төмендетілген, сондай-ақ төмен маркалы цементсіз байланыстырыштардың болуымен портландцементтің түрлерін қолдану болып табылады.

АРАЛАС цементті пайдалану үнемдеу тұрғысынан орынды, Өйткені клинкердің 10-15 % үнемделеді. Карапайым бетондарды, қалау және сылактау ерітінділерді, дайындау үшін жоғары маркалы цементті пайдалану орынды емес, өйткені олардың тұрмыстық тәзімділігін пайдалануға болмайды. Цементке ұсак ұнтақталған құмның айтарлықтай жоғары маркалы құмды, карбонатты жыныстарды және басқа да тарапған жергілікті қосындыларды қосу кезінде бірқатар бетондар мен ерітінділерді алу үшін жарамды цемент алады, бұл ретте портландцемента үнемдеуге қол жеткізіледі.

Құрылыш индустриясында байланыстырыш шлакпортландцемент «құрамында 60%-ға дейін шлак бар», портландцемент толықтырушылармен «құрамында 60%-ға дейін толықтырушылар бар» және гипсті шлак цементті байланыстырыш (40-65% құрылыш гипсі немесе ангидрит, 30-50% қышқыл дөмөнді түйіршіктелген шлак және 5-8% портландцемент) кеңінен қолданылуы тиіс.

Құрылышта қолданылатын төмен маркалы цементсіз байланыстырыштарға 50, 100, 150 және 200 маркалы әк-шлак байланыстырыштар; 100, 150, 200 және 250 маркалы сульфатты шлак байланыстырыштар жатады. Сульфатты шлактың екі түрі бар екені белгілі - олар: гипсті шлак және клинкерлік емес шлак. Гипсті шлак байланыстырыштары 80-85 % шлактан, 10-15 % екіорынбасуыш гипс немесе ангидрит және 5 % клинкер портландцементінен немесе 2 % әкten дайындалады. Шлакты клинкерлік емес байланыстырыштар 85-90 % шлактан, 6-8 % ангидрит және 4-7% қүйдірілген доломиттен тұрады.

Жоғарыда көрсетілген цементтерді құрылышта қолдану портландцемента 40-100% дейін үнемдеуге мүмкіндік береді.

Цементті үнемдеудің күшті құралы химиялық қоспалар, және бірінші кезекте пластификаторлар болып табылады. С-3 бетон суперпластификаторын жүргізу кезінде цементті (бетондық коспаның айнымас ілгіштігі кезінде) 20 %-ға дейін үнемдеуге болады. Цементтің шығынның төмендетпей және бетон қоспасының ілгіштігін ұлғаттай, бірақ оның сулы цементпен аракатынасын төмендетіп, бетонның беріктігін 20-25 %-ға көтеруге болады. Қуыс деңе бұйымдардың әрбір 10 пайзызы отынның 7-8 пайзызы үнемдейді.

Алтыншы блок: Ғимараттар мен ғимараттардың жылу корғанышын жақсарту.

Энергия үнемдеудің негізгі бағыттарының бірі ғимараттардың жылу корғанышын жақсарту болып табылады.

Казақстанда жылу пайдалану жылына шамамен 172 млн Гкал құрайды, шартты отынның 30 млн тоннадан астамы жылумен қамтуға жұмысалады. Қазақстанның қалалары және бұрынғы Кеңес одағының басқа да республикалары үшін орталықтандырылған жылумен қамту тән болып табылады, оның маңызды бөлігі казіргі уақытта қанағаттанарлықсыз жағдайда тұр. Жүргізілген талдау жылу жүйелеріндегі жылудың жалпы шығыны 30-40%-ға жеткенін, бұл Еуропа елдерінің ұқсас жүйелерінен 3-4 есе жоғары екенін

көрсетті. Қоршау конструкцияларының энергия үнемдеуі бойынша қазіргі заманғы талаптар ғимараттың тиімді жылу қорғаныш проблемасын шешуге мүмкіндік беретін жоғары технологиялық материалдар мен жүйелерді пайдалануды көрсетеді.

Қазіргі уақытта ғимараттың энергияны тұтынуын азайтуға ерекше назар аударылуда. Оларды жылшытуға энергия ресурстарының айтарлықтай бөлігі шығындалатыны дәлелденді (әртүрлі елдерде 20-дан 40 %-ға дейін), оларды жақсан кезде CO₂антропогенінің айтарлықтай үлесі түзіледі.

Ауданы тіпті тұрғын үй ғимараттарында бөлме қабырғалары ауданының 40%-на жететін терезелер арқылы қоршау конструкциялары арқылы жалпы жылу шығындарының 30-70%-ы болады.

Осыған байланысты отандық тиімді жылшытқыштар өндіру проблемасы елеулі өзектілікке ие. Ең алдымен бұл талшықты жылшытқыштар, газ толтырылған пластмассалар, кеукіті бетоннан, көбікті бетоннан және т.б. жасалған жылшытқыштар. Мамандардың мәліметі бойынша әрбір құрылышка салынған 1m³ жылу оқшаулағыштар орташа үнемдеуде жылына шартты отынның 1,45 т қамтамсыз етеді.

Тиімді терезелердің негізгі элементтері инертті газбен және терезенің немесе үлбірдің ішкі жағына жылу шағылыстырыш жабында міндетті турде жаба отырып, арнағы үлбірмен толтырылған шыны пакеті болып табылады. Соңғы уақыттарда теменгі эмиссиялық шыныны қолданады.

«Пассивті үй» тұжырымдамасы әлемдік экономиканың энергия тиімділігін арттырудың нағызы серпіні болып табылады. Бұл ретте жылу шығандары қазіргі заманғы энергия үнемдеу технологиялары және жоғары тиімді жылу оқшаулағыш материалдар пайдаланылатын ғимараттың құрылыштық ерекшелігі арқасында тоқтатылады.

Бұл ретте қазіргі заманғы «пассивті үй» Германияда жылудың үлес шығыны 90-жылдардағы төмен энергия тұтынған үйде 14-32 Вт ч/m² жылудың үлес шығынына қары кемінде 7-ден қурайды.

Ресейде құрылыштар жаңа «Ғимаратты жылудың қорғау» СНиП 23-02-2003 сәйкес жылудың үлестік шығының ескі салынған үймен (90-жылдардың ортасына дейін) салыстырғанда 1,7 есеге төмендетуді көздейді.

Мәскеу облысының құрылышшылар деректері бойынша терезені жылшыту 7%, терезені ауыстыру - 4,7%, жабындыны жылшыту - 4,0%, желдеткіш жүйесіне жылуды кәдеге асыру - 11,5%, жылуды бақылау және есептеу аспаптарын қондыру - 15,3% жылуды жиынтық үнемдеу - 42,5% үнемдеуді көрсетеді.

Жалпы құрылыш индустрисында ұсынылған Энергия үнемдеу бағдарламасы шенберінде энергия үнемдеу технологияларын енгізу есебінен құрылыш материалдарын және тұрғын үй коммуналдық шаруалықта жұмысалған энергия және отын 30 %-ға дейін үнемделетін болады.

4. Багдарламаның мақсаты мен міндеттері және іске асырудан күтілетін нәтиже

4.1. Багдарламаның мақсаты

Қазақстан Республикасында құрылыш индустрисының индустріялық-инновациялық дамуын қамтамасыз ету, тұракты және теңгерімделген құрылыш материалдарын өндіру.

4.2. Багдарламаның міндеттері

Мақсатқа жету үшін алға мынадай міндеттер қойылған:

1. Құрылыш саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау;
2. Өнірлерді аумақтық жоспарлауды және елді мекендердің кала құрылышын дамытуды жетілдіру;
3. Құрылыш саласында баға белгілеудің жана жүйесіне көшу;
4. КР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 Қаулысымен алып тасталды (бұл.ред.қара)
5. Құрылыш материалдарын өндіруді дамыту.
6. Индустріялық-инновациялық негізде қосылған құны жоғары бәсекеге қабілетті, энергия үнемдеуші, ресурс үнемдеуші құрылыш материалдарын, бұйымдар мен конструкциялар өндіруді дамыту.
- 6.1 Қазақстан Республикасының аумағында басым салаларда құрылыш материалдарын өндіретін жаңа қуаттарды құру.
- 6.2. Ішкі сондай-ақ сыртқы нарықта сұранысты қанағаттандыратын тиімді инновациялық жобаларды колдана отырып өндірістік қуаттарды жаңартуға отандық құрылыш материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындары мен құрылыш индустрисы үшін ынталандыруды қамтамасыз ету және жағдай жасау. Құрылыш индустрисы өнеркәсібін білікті кадр ресурстарымен және құрылыш материалдарымен қамтамасыз ету.
- 6.3. Құрылыш жұмыстарының маусымдылығы және аумактық орналастыру мәселелерін шешу мақсатында жаңа және жаңғыртылатын жобалар жасау есебінен құрылыш материалдарын өндіру, жабдықтау, тұтыну ағынының тенгерімделген сызбасын әзірлеу. Құрылыштың жыл бойы ыргактылығын ұйымдастыру.
7. Құрылыш индустрисының индустріялық-инновациялық дамуын және 2010-2012 жылдарға арналған құрылыш материалдарын өндіруді кешенді ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету.

КР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 Қаулысымен 4.3-кіши бөлім өзгертілді (бұл.ред.қара); КР Үкіметінің 2013.04.12. № 1304 Қаулысымен 4.3-кіши бөлім жаңа редакцияда (бұл.ред.қара)

4.3. Багдарламаның нысаналы индикаторлары

1. Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісінде жалпы қосылған құнды 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде кемінде 66%-ға үлғайту.
2. Ішкі нарықтың қажеттілігін құрылым материалдарымен 80%-дан астамға қанағаттандыру.
3. Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісінде еңбек өнімділігін 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде 1,9 есеге үлғайту.

12-кесте. Жылдар бойынша нысаналы индикаторлардың үлғаю серпіні

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Өлш. бірл.	Дерек			Болжамды кезең	
		2010	2011	2012	2013	2014
Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісінде еңбек өнімділігін 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде 1,9 есеге үлғайту	%	179,3	191,0	227,3	180	190
Өзге де металл емес минералдық өнімдер өндірісінде жалпы қосылған құнды 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде кемінде 66%-ға үлғайту	%	101,8	118,0	130,6	50	66
Ішкі нарықтың қажеттілігін құрылым материалдарымен 80%-дан астамға қанағаттандыру	%	63,2	65,2	68,3	75	80

Кесте деректерінен республиканың құрылым индустриясы кәсіпорындарының ЖҚҚ орта есеппен 66%-ға, ішкі нарықтың қажеттілігін құрылым материалдарымен 80%-дан кем емес, еңбек өнімділігін 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде 1,9 есеге үлғайту мүмкіндігі бар екенін көруге болады. 2009 - 2014 жылдар кезеңінде бұған іс-шаралар жоспарына З-қосымшага сәйкес мынадай жобаларды іске асыра отырып қол жеткізуге болады:

жұмыс істеп тұрған цемент зауыттарын жаңғырту;
жана зауыттарды салу;
индустриялық құрылым комбинаттарының желісін ұйымдастыру;
сантехкерамика шығару зауытын салу;
Куатын арттыра отырып, керамика зауыттарын жаңғырту;
Балшық өндеу комбинатының құрылымын ұйымдастыру.

КР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 Қауылсымен (бұр.ред.қара); 2013.04.12. № 1304 Қауылсымен (бұр.ред.қара) 4.4-кіші болім өзгертілді

4.4. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелердің көрсеткіштері

Күтілетін нәтижелерінің ең бастыларының бірі құрылым нарығын бағасы бойынша және сапасы бойынша коллежтімді құрылым материалдарымен, бұйымдарымен толтыру, сондай-ақ азаматтарды коллежтімді тұрғын үймен қамтамасыз ету болуы тиіс.

Күтілетін нәтиже:

цемент өндірісінде 2014 жылға қарай жұмыс істеп тұрған және жана кәсіпорындарда цемент шығару жылына 7 млн. тоннаға жеткізіледі, цемент терминалдары салынады, жұмыс істеп тұрған цемент зауыттарын техникалық қайта жарактау жүргізіледі және негізгі құралдардың тозу дәрежесі 30%-ға дейін қыскарады;

керамика өндірісінде 2014 жылға қарай керамикалық тақтайшаларды шығару жылына 5,5 млн. шаршы м. дейін жеткізіліп, қуаты жылына 200 мың тонна балшықты қайта өндеу жөніндегі байту комбинаты салынады;

шины өндірісінде жылына қуаты 140 мың тоннаға дейін шины зауытының құрылымы басталатын болады.

индустриалды құрылышта 2014 жылға қарай жылына жалпы қуаты 900 мың m^2 тұрғын үй, 6 индустріялық құрылым комбинаты салынатын болады, оның негізінде энергопассивті үйлер салу ұйымдастырылатын болады.

Ақтөбе, Алматы, Астана және Шымкент қалаларындағы 6 индустріялық құрылым комбинатарының төнірегінде құрылым материалдарын (терезе мен есік, ламинат, линолеум және басқалары) өндіретін және

қызметтер көрсететін (жобалау-іздестіру, дизайнерлік, әрлеу және басқалары) кемінде 60 шағын және орташа қесіпорындар құрылатын болады.

Жаңа технологиялар мен өнімділігі жоғары жабдықтарды енгізу өнімнің материал сыйымдылығын, энергия сыйымдылығын және сөбек сыйымдылығын азайтуға, құрылыс материалдарының ассортиментін көбейтуге және сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қосымша жұмыс орындарын құру және халықтың жұмыспен қамтылуын арттыру, салықтардың накты түсімін ұлғайту.

Индустримальық құрылыс комбинаттарын құру Республикалық бюджеттен қаржыландыруды қажет етпейді.

Кең ауқымды инфрақұрылымдық және өнеркәсіптік құрылыс қөзделуде:

Халықаралық және транзиттік дөліздерді қайта құру: Батыс Еуропа - Батыс Қытай (1 868 км); Ақтөбе қаласын айналып өтетін (204 км) жол салуды қоса алғанда, РФ шекарасы-Орал-Ақтөбе қалалары участкесінде Самара-Шымкент; Астрахань-Атырау-Ақтау-Бейнеу-Ақтау участкесіндегі Түрікменстан қаласы (470 км) және Жетібай-Түрікменстан қаласы (237 км); Омбы-Павлодар-Майқапшай (538 км); Шортанды-Көкшетау-Петропавл участкесінде Алматы-Қарағанды-Астана-Петропавл (264 км); Астана-Қостанай-Челябі (119 км) және басқалары.;

Халықаралық маңызы бар автожолдарды қайта жаңғыру: Таскесен - Бақты (ҚХР шекарасы, 108 км); Жезқазған - Петропавл (582 км); Ақтөбе - Атырау (237 км); Астана - Шілдерті (120 км) және басқалары;

Концессиялық жобалар: Батыс Еуропа - Батыс Қытай жобасының шенберінде Ташкент-Шымкент-Жамбыл облысының шекарасы (209,3 км) және Алматы-Корғас (301 км); Астана-Қарағанды (238 км); Алматы-Қашағай (104 км); Астана-Шортанды участкесінде интеллектуалдық-көлік және төлем жүйелерін (ИКТЖ) енгізу және басқалары;

Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын құрдели, орташа, ағымдағы жөндеу (9 951 км);

Жетіген-Корғас - (293 км), Өзен-Түрікменстан мемлекеттік шекарасы (146 км) жаңа теміржол желісін салу;

Ұлттық энергетика желісін жаңғырту (2-кезең);

Алматы және Алматы облысында трансформаторлық қосалқы станциялар салу;

Құрылыстағы техникалық реттеу реформасы Қазақстанға:

төң құқықты қатысушы ретінде халықаралық сауда-экономикалық қеңістікке біte қайнасуға;

экономиканың жоғары технологиялық дамуын қамтамасыз етуге;

жылжымайтын мұлікке шетел инвестициясын тартуға;

нарықты сапасы жоғары және қауіпсіз өніммен толықтыру үшін жағдай жасауға;

отандық мамандардың бөсекеге қабілеттілігін арттыруға;

Қазақстанда құрылыстың тұрақты жоғары мәдениетін қалыптастыру үшін іргетас қалауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Құрылыс техникалық регламентінің қолданысқа енгізілүімен мыналарға қол жеткізілетін болады:

1. Жобалаудың техникалық реттеу жүйесінің ашықтығы мен қарапайымдылығы, Қазақстанның аумағында салынатын құрылыс объектілерін салуға, пайдалануға және нормативтік сәйкестігін бақылауға рұқсат беру.

2. Отандық нормативтік талаптардың халықаралық нормалар мен стандарттардың талаптарымен үйлесімділігі, бұл талаптардың сәйкесіздік проблемасын, саралтама жүргізудің мүмкін еместігін, негізгі құжаттарға қол жетпеушілік және шетелдік мамандарды тарта отырып объектілерді салу кезінде туындастырын басқа да проблемаларды жояды.

3. Шетелдік тұтынушыға сапалы жаңа, ашық, ұғынықты нормативтік режим ірі ауқымды шетелдік инвестициялар үшін Қазақстанның тартымдылығын арттырады.

4. Нормалаудың параметрлік үлгісі талаптарды құрылыс тәжірибесінде қолданудың икемділігін қамтамасыз етеді және осы заманғы энергия үнемдейтін және тиімді құрылыс технологияларын, шешімдерді, материалдар мен бұйымдарды енгізуі оңайлатады.

5. Бұқіл дүниежүзілік сауда-экономикалық жүйенін басқа қатысушылармен үйлесімді, жаңа құрылыс регламенті қазақстанның құрылыс өнімдерінің, технологияның жылжыуна және шетел нарықтарына ноу-хау және құрылыс саласының халықаралық деңгейде бөсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік жасайтын болады.

6. Құрылыс кешені қызметтерінің сапасы және ғимараттар мен құрылыстардың қауіпсіздігі жақсарады.

7. Инвестиция үшін қолайлы құрылыс саласындағы нормативтік режим қурдели құрылыстың жылдамдатылған қарқыны үшін жағдай жасайды, бұл өз кезегінде экономиканың сабактас салаларына инвестицияның тізбекті реакциясын тудырады, жаңа жұмыс орындарын жасайды, және тұтас алғанда Республиканың экономикалық даму қарқының жылдамдатуға алып келеді.

Бағдарлама кезең-кезеңімен 2010-2014 жылдары орындалатын болады.

Бірінші кезең (2010-2012 жылдары) - саланы қолдау мен дамыту инфрақұрылымдарын нығайту үшін ұйымдастыру төтіктері мен базасын жасау.

1-кезеңің мақсаттары мен нәтижелері:

құрылыс индустриясында жалпы қосылған құнды кемінде 40 % арттыру (12-кесте);

отандық құрылыс материалдарын өндіру үлесін 70 %-ға дейін арттыру (12-кесте);

Өнеркәсіпте құрылыс материалдарының енбек өнімділігін бір адамға 20 000 АҚШ долларына дейін арттыру(12-кесте);

құрылыс және құрылыс материалдары секторында өндіріс көлемінің 1 200 мың тоннасы (12,9%) экспортталауды (цемент саласы) (іс-шаралар жоспарына 2-қосымша);

Бағдарламаны іске асырудың нормативтік-құқықтық, ғылыми-әдістемелік және ұйымдық-басқару базаларын қалыптастыру (әзірлеу, келісу және бекіту), өнірлік бағдарламаларды әзірлеу;

құрылыс материалдарының қажеттілік және өндіру тенгерімдерін нақтылау және құрылыс саласын дамыту сыйбасын түзету;

техникалық-экономикалық негізdemeler мен бизнес-жоспарлар әзірлеу.

Екінші кезең (2012-2014 жылдар) - негізгі қаланған әлеуетті іске асыру, карқынды өсу. Бұл кезеңде бірінші кезеңде алғынған оң нәтижелерді тарату, саланы қолдау инфрақұрылымының бар элементтерін жүйелі нығайту және жоқтарын салып шығу, саланы жүйелі нығайту, мақсатты параметрлері айқындалған және оны іске асырудың 1-кезеңін шенберінде нақтыланған Бағдарламаның негізгі нәтижелеріне жетуге инфрақұрылымы бар фокусты жылжыту орын алады.

2-кезеңің мақсаттары мен нәтижелері:

құрылыс индустриясында жалпы қосылған құнды кемінде 76 % арттыру (12-кесте);

отандық құрылыс материалдарын өндіру үлесін 80 %-ға дейін арттыру (12-кесте);

өнеркәсіпте құрылыс материалдарының енбек өнімділігін бір адамға 24 000 АҚШ долларына дейін арттыру (12-кесте);

жалпы алаңы 34 млн. кв. метр тұрғын үй салу (12-кесте);

құрылыс және құрылыс материалдары секторында өндіріс көлемінен 2 700 мың тонна (20 %) экспортталауды (цемент саласы) (іс-шаралар жоспарына 2-қосымша);

сала ұйымдарына техникалық көмек көрсету;

құрылыс материалдары мен құрылыс индустриясы өнеркәсіптерін техникалық қайта жарактандыру;

құрылыс индустриясы жаңа салу және құрылыс базалғандарын пайдалануға кәсіпорындарының пайдалануға беру;

құрылыс өнімдерінің тиімді нарығын қалыптастыру;

құрылыста техникалық реттеу реформасын аяқтау.

5.1. Құрылыс саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау

Реформалардың дүниежүзілік тәжірибелі талдау құрылыс саласының техникалық реттеу жүйесінің негізгі компоненттерін - нормативтік базасын, сәйкестігі бағалау жүйесін және қадағалау мен бақылау жүйесін бір мезгілде кешенді реформалау қажеттігін көрсетті.

Құрылыс саласының нормативтік базасы саласында реформалар барысында нормалаудың ұйғарылған әдісінен прогрессивті параметрлік әдіске кезең-кезеңімен өтуді жүзеге асыру көзделеді.

Жаңа әдіс нормативтік сәйкестікке жетудің балама жолдары болып табылатын құрылыс шешімдері әдістерін пайдалану есебінен инновацияларды енгізуге мүмкіндік туғызылатын болады.

Балама шешімдер әдісі - құрылыс саласының жаңашылдарына инновацияны, жаңа технологияларды, материалдарды, бұйымдарды, әдістерді, қолдануға, бірегей шешім ұсынуға және іске асыруға мүмкіндік береді.

Балама шешімдер сонымен қатар құрылыста Қазақстанның қолданыстағы икемсіз нормативтік базасына үйлеспейтін озық шешімдер мен технологияларды қолдану — Қазақстанда ірі отандық және шетелдік құрылыс нарығының қатысушылары үнемі кездесіп тұратын проблеманы шешуге мүмкіндік береді.

ЕурАЗЭК шенберінде «Гимарратор мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігі туралы» құрылыс техникалық регламентін - сапалы жаңа құжат әзірлеу болжанып отыр. Осы құжат ЕурАЗЭК елдерінде құрылысты техникалық реттеудің барлық обьектілеріне қойылатын жалпы міндетті талаптарды белгілейтін болады.

Құрылыс техникалық регламент құрылыс заннамасын сактаудың қазіргі заманғы құралдарының жиынтығымен жабдықталатын болады, ол техникалық реттеу субъектілеріне өлшемдік нормалардың талаптарын орындауға мүмкіндік береді. Бірыңғай нормативтік құқықтық кеңістікті қалыптастыру мақсатында ЕурАЗЭК елдерінің аумағында «Гимарратор мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» құрылыс техникалық регламентін енгізгенде құрылыс саласында ұлттық техникалық регламенттер күшін жояды.

Техникалық реттеу жүйесін реформалаудың бастапқы сатысында республиканың құрылыс индустриясының жобалау, құрылыс ұйымдары мен кәсіпорындары Қазақстанның жағдайына бейімделген Еурокодтар мен европалық стандарттарға кезең-кезеңімен өту жоспарланған, бұл құрылыс өнімдері мен кызметтерін экспорттауды көңейтуді қамтамасыз етуге, озық технологияларды, инновациялық шешімдерді

енгізуге, сондай-ақ, елдің аумағында және шетелдерде инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде техникалық тосқауылдарды алып тастауға мүмкіндік береді.

Шетелдік үлгі құжаттарды инженерлік-техникалық талдау Қазақстанда тікелей қолдану үшін пайдаланылуы немесе отандық аналогта түрленуі мүмкін ең жақсы жағдайды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ретте, басымдық халықаралық, жаһандық және өнірлік нормалар мен стандарттарға берілетін болады.

Құрылышта нормалаудың осы заманғы әдісіне өту - техникалық реттеу-қадағалау-бақылау қызметтің екінші құрамдас жүйесін сапалы қайта құруды талап етеді.

Құрылыш заңнамасының сакталуын қадағалау және бақылау саласындағы озық халықаралық тәжірибеге сәйкес жергілікті қадағалау-бақылау органдары қызметкерлерін міндетті кезеңдік аттестаттауды жетілдіру болжанып отыр.

Аттестаттаудың мақсаты Қазақстанның барлық аумағында жаппай қадағалау-бақылау қызметтің бірдей жоғары сапасын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл мемлекеттік құрылыш инспекторларының жоғары кәсіби біліктілігі мен дербес жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Техникалық реттеу шенберінде техникалық қадағалауды, жобаларды сараптауды, ғимараттар мен құрылыштардың беріктігі мен сенімділігін бағалауды жүзеге асыратын жеке тұлғаларды аттестаттау көзделіп отыр, оларға мемлекеттік құрылыш инспекторларына қолданылатын аттестаттау принциптері қолданылатын болады.

Мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарына қосымша техникалық реттеу шенберінде жеке сарапшы мамандар маман институтын құру көзделуде, оларға да мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қолданылатын аттестаттау принциптері қолданылатын болады.

Ушіншіден, техникалық реттеу субъектілері мен обьектілерінің құрылыш заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалау жүйесі техникалық реттеу жүйесінің маңыздылығы кем емес құрамдас бөлігі болып табылады.

Сәйкестікті бағалау жүйесін реформалаудың негізгі мақсаты аттестаттау, лицензиялау және сертификаттау саласында көпшілік таныған шетелдік аналогтармен үйлесімділігі болып табылады. Шетелде көпшілік таныған принциптерге сәйкестендіре отырып, жобалаушылар мен құрылышшылдардың кәсіби қызметтін лицензиялау және тіркеу жүйесін түпкілікті реформалау болжанып отыр.

Реформа сонымен катар сертификаттауды өлшемдік нормалау принциптеріне сәйкестікке келтіру және құрылыш нарығын сапалы және кауіпсіз құрылыш материалдарымен және бұйымдармен толтыру мақсатында құрылыш өнімдерін сертификаттау саласын тәртіпке келтіруді көздейді.

Құрылыш материалдары мен бұйымдарына Қазақстанның сауда әріптестерінің көпшілік таныған шетелдік органдары беретін сынақ хаттамалары мен сертификаттарын Қазақстанда тану үшін тосқауылдарды жоюға ерекше көніл бөлінетін болады.

Құрылыш саласының кәсіби білім, беру үздіксіз кәсіби оқу және кадрлардың біліктілігін арттыру сиякты проблемалары шешілетін болады.

Реформаның жобасы сәулет-құрылыш, өрт, экология, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік, су шаруашылығы және энергетикалық қадағалау мен бақылау органдарының қызметтін ведомствоаралық үйлестіруді, сондай-ақ стандарттау жөніндегі ұлттық органның және басқа мекемелер мен ведомстволардың жобасына белсенді катысуын талап етеді.

Жобаның өнімдерін жасау процесінде озық енгізуі жүргізу көзделеді. Атап айтқанда, жүйенің компоненттерін жекелеген пилоттық жобаларға сынамалық енгізуі жүргізу жоспарланып отыр, бұл сынамалық енгізу тәжірибесін талдау негізінде дер кезінде түзету енгізу және толық масштабты енгізу кезеңінде катеден аман болуға мүмкіндік береді.

Мынадай іс-шаралар еткізу жоспарланып отыр:

европалық құрылыш нормалары мен стандарттарын сатып алу және аударуды жүзеге асыру;

Казақстанның климаттық және геологиялық жағдайларын ескеріп, Еурокодтарға ұлттық қосымшалар әзірлеу;

сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласында қолданыстағы қадағалау мен бақылау жүйесінің өлшемдік нормалау шенберінде қабылданған қауіпсіздік пен сапаны қамтамасыз ету үлгісіне сәйкесіздігін анықтау;

нарыкты жоғары сапалы және қауіпсіз құрылыш материалдарымен және бұйымдармен толтыруға кедергі жасайтын құрылыш өнімдерінің сәйкестігін бағалау жүйесінің тосқауылдарын анықтау;

құрылыш саласын техникалық реттеуге катысты бірқатар заңнамалық және занға тәуелді актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Сәулет, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттыру мақсатында:

сәулет, қала құрылышы және құрылыш, саласына лицензиялау санатын енгізу;

құрылыш материалдарының конструкциялары мен бұйымдарын өндіруді (шығару) сертификаттау саласына бере отырып, лицензияланатын түрлерден шығару;

сараптамалық жұмыстар мен инжирингтік қызметтерді лицензиялау саласынан аттестаттау саласына беру;

мемлекеттік лицензиялардың ізденушілері мен иелеріне қойылатын жана біліктілік талаптарын әзірлеу;

сәulet және қала құрылышы, құрылыш және мемлекеттік сәulet-құрылыш бақылауы істері жөніндегі жергілікті аткарушы органдардың қызметін, сондай-ақ салынып жатқан республикалық маңызы бар объектілердің қауіпсіздігін уақытылы және тұрақты бақылауды қамтамасыз ету;

сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы мемлекеттік нормативтердің талаптарын сақтамағаны үшін заңды және жеке тұлғалардың жауапкершілігін арттыру;

жана технологияларды ескере отырып, құрылыш саласында мамандардың даярлау және қайта даярлау міндеттілігін енгізу;

Қазақстан Республикасының Құрылыш және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігінде сәulet, қала құрылышы және құрылыш саласындағы сарапшыларды (техникалық қадағалау, жобаларды сараптау, ғимараттар мен құрылыштардың беріктілігі мен сенімділігін бағалау жөніндегі сарапшыларды) аттесттатау жүргізу қажет.

Жобалық істі жетілдіру тетіктерінің бірі жобалау және құрылыш саласындағы заңнамалық және нормативтік-техникалық қамтамасыз ету болып табылады. Сапалы жана нормативтік база калыптастыруға ғылыми, техникалық және технологиялық болжамдар негізінде жобалау және құрылыш тәжірибесінен анық алда бола отырып орындалуға тиіс.

Бұл үшін мыналарды көздеу қажет:

- 1) Жобалау ұйымдары туралы ұлғі ереже әзірлеу;
- 2) жобалардың сараптамасын жүзеге асыратын сарапшылардың бірынғай электрондық базасын жасау;
- 3) жобаларды мемлекеттік емес сараптау қызметіне мониторинг және мемлекеттік бақылау жүргізу;
- 4) жобалардың сметалық құнының қымбаттауын болдырмау мақсатында жаппай құрылыш объектілері үшін ұлтілік жобалауды одан әрі дамыту және ұлтілік жобалардың каталогтарын жасау.

KР Үкіметтінің 2013.04.12. № 1304 Қауысымен 5.2-кіши болім жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

5.2. Аумақтық жоспарлауды жетілдіру және өнірлердің қала құрылышын дамыту

Тиімді аумақтық жоспарлау мақсатында: өнірлердің қала құрылышын дамыту сандық және сапалық көрсеткіштердің мемлекеттік жүйесі ретінде Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың Бас схемасын әзірлеу, әртүрлі деңгейлердегі мемлекеттік қала құрылышы кадастры жүйесін құру және жүргізу қажет. Құрылыш саласын одан әрі дамытуға бағытталған жоғарыда көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру үшін:

1) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың Бас схемасының және оның Негізгі ережелерінің басты жобалық ұсыныстарын мемлекеттік орталық жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, іске асыруды қамтамасыз ету;

2) аумақтық дамудың өніраралық схемаларын, аумақтарда қала құрылышын жоспарлаудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеуді қамтамасыз ету.

Бас схема Қазақстан Республикасының аумағын тиімді пайдалануды, колайлы қоршаған органдар жасау және сактауды, экологиялық, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігін, халық деңсаулығының сакталуын, тарихи және мәдени ескерткіштердің сакталуын қамтамасыз етуді, орналастыру жүйесі мен өндірістік, әлеуметтік және инженерлік-көлік инфрақұрылымдарын дамытудың мемлекеттік басымдықтарын айқындауды көздейді.

Мемлекеттік қала құрылышы кадастры (бұдан әрі - МҚК) Қазақстан Республикасының мемлекеттік акпараттық-құқықтық кадастрлар жүйесіне кіреді және ел аумағын дамыту үшін оның стратегиялық маңызы зор, себебі әртүрлі объектілерге (елді мекен аумағы немесе оның бір белгі, құрылышы объектісі және т.б.) жататын құжаттарды өзіне камтиды, елді мекеннің бұрынғы және казіргі жағдайының кешенді және тұтас бейнесін, оның көліктік, инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылымдарын көністіктік деректерге байланыстыра отырып, цифрлық картографиялық негізде калыптастырады.

МҚК Қазақстан Республикасы үшін сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі объектілері бойынша ақпарат жинаудың, өндеудің, есепке алудың, тіркеудің, сактаудың және ұсынудың бірынғай жүйесі бойынша жүргізілуі тиіс. МҚК тиімді қызмет етуінің қажетті шарты жүйелі түрде жандандырылуы болып табылады.

Осыған байланысты, МҚК жүйесін әкімшіледіруді және басқаруды бір ведомство жүргізуі тиіс.

Мемлекеттік қала құрылышы кадастрының бірынғай жүйесін құру заң жобасында көзделген.

Заң жобасы қабылданғанға дейін мемлекеттік қала құрылышы кадастрын құру және жүргізу «Қазақстан Республикасындағы сәulet, қала құрылышы және құрылыш қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242 Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

KР Үкіметтінің 2013.04.12. № 1304 Қауысымен 5.3-кіши болім өзгертілді (бұр.ред.қара)

5.3. Мемлекеттік инвестициялардың қатысуымен құрылышта сметалық баға белгілеу жүйесін жетілдіру

Бюджет каражаты есебінен сатылатын құрылыш өнімдерінің баға белгілеу жүйесі функционалды өзара байланысты элементтерден: сметалық-нормативтік базадан, бағдарламалық қамтамасыз етуден, бағаның ағымдағы деңгейінің мониторингінен және нарықты зерттеуден тұрады.

Баға белгілеу ғылыми-техникалық прогресті, өндірістік қуаттарды тиімді пайдалануды, материал сыйымдылығын азайтуды, енбек өнімділігін арттыруды, құрылыштың жоғары сапасын және іске қосылатын объектілердің пайдалану сипаттамаларын жаксартуды есепке алуы тиіс.

Инфрақұрылымның, құрылым индустриясының дамуын, жаңа технологиялар мен жұмыстарды жасау әдістерінің пайда болуын, заңнамалық базадағы соңғы өзгерістерді ескере отырып, баға белгілеу мен сметалық нормалардың колданыстағы жүйесін жаңарту және қайта үйімдастыру қажеттілігі пісіп жетілді.

Баға белгілеудің жетілдіріүүшін мемлекеттік инвестициялар есебінен құрылышта объектілерді бағасына қалыптастыру тәртібін регламенттейтін колданыстағы нормативтік құқықтық құжаттарды түзету мен жаңаларын әзірлеу, құрылым өнімдерінің тұтынушылық бірлігі құнының ірілендірілген нормативтері, ұқсас объектілердің құны туралы деректер банкін қалыптастыру, құрылым жұмыстарының бірлігін орындау кезінде материалдық, еңбек және өзге ресурс түрлерінің шығыс нормаларын әзірлеу қажет болады. Орындалатын құрылым-монтаж жұмыстарының құнын бағалау қызметтердің сапасын және нарықтың конъюнктурасын ескере отырып, езіндік құнының және салық және бюджет заңнамаларына сәйкес белгіленген салықтар мен салықтық емес төлемдердің барлық түрлерінің негізінде қалыптасуға тиіс.

Енбекке ақы төлеудің тарифаралық коэффициенттерінің өзгеруіне байланысты құрылыштағы нормативтік базаны одан әрі жетілдіру, технологиялық карталарды әзірлеу тәртібін жетілдіру, технологиялық құжаттамаларды және оның негізінде жаңа технологиялар мен жаңа материалдарға арналған ресурстық-сметалық нормаларды уақытын әзірлеу, мемлекеттік сметалық нормалар мен бағалау маңызды міндеттер болып қалады.

Тиімді баға саясатын әзірлеу үшін мынадай қағидаттарды сактай отырып, құрылым өніміне дұрыс баға айқындау талап етіледі:

1) баға белгілеудің транспаренттілігі;

2) құрудың бүкіл кезеңіне арналған тұрақтылық, яғни баға заңнамада және/немесе құрылыштың мердігерлік шартында көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, құрылым аяқталғанға дейін өзгеріссіз болуы тиіс;

3) орындалған жұмыс үшін тапсырыс беруші мен мердігердің арасындағы тұрақты баға мен есеп айрызын тәртібі арасындағы өзара байланыс.

Ағымдағы бағада құрылым құнын айқындаудың базистік-индекстік әдістен ресурстық әдіске ауысады қамтамасыз ету қажет.

Құрылым құнын айқындаудың ресурстық әдісіне негізделген баға белгілеу жүйесін енгізу үшін мынандай бөлімдерден тұратын ресурстық сметалық нормалар жүйесін құру қажет:

1) сметалық ресурстық баға белгілеу жүйесіндегі басшылыққа алынатын құжаттар;

2) ресурстық баға белгілеудің ресурстық-технологиялық базасын ұдайы жаңартып тұру;

3) элементтік ресурстық сметалық нормалар;

4) конструктивтер мен жұмыс түрлері бойынша ірілендірілген ресурстық сметалық нормалар;

5) тұтынушылық сипаттаманың бір бірлігіне арналған ірілендірілген ресурстық сметалық нормалар;

6) құрылым үшін ресурстарға арналған ағымдағы сметалық бағалардың жүйелі турде шығарылатын жинақтары.

5.4. ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 Қаулысымен альп тасталды (бұр.ред.қара)

5.5. 2010-2014 жылдарға арналған құрылым индустриясының индустриялық-инновациялық дамуын және құрылым материалдарын өндіруді кешенді ғылыми-технологиялық қамтамасыз ету

Құрылым материалдары өнеркәсібі мен құрылым индустриясының дамуын кешенді ғылыми-технологиялық қамтамасыз етудің мақсаты мен міндеттері инновациялық негізде косылған құны жоғары бәсекеге қабілетті құрылым материалдарының энергия және ресурс үнемдейтін сақтайтын өндірістерін игеру болып табылады.

Останың құрылым индустриясының негізін цемент, құрама темірбетон, қыш, кірпіш, керамогранит, газобетон өндіретін зауыттар құрайды. Негізгі өндірістік қуаттардың орташа статистикалық тозуын әртүрлі сарапшылар 60-75 пайыз аралығында бағалайды. Колда бар қуаттар кезінде елде жылына жиыны 6-7 млн. шаршы метр түрғын үй салынады.

Алға қойылған міндеттерді орындау үшін құрылым индустриясында жалпы қосылған құнды кемінде 76 %-ға арттыру, отандық құрылым материалдарын өндіру үлесін 80 %-ға дейін арттыру, құрылым материалдары өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін бір адамға 63 000 АҚШ долларына дейін арттыру және түрғын үй құрылышының көлемін әлемдік стандарттардың деңгейіне дейін жеткізу - құрылым индустриясы кәсіпорындарының қуаттарын кемінде екі еселендіру қажет. Бұдан басқа, құрылым материалдары мен конструкциялары арнайы құрылым - энергетиканы, өнеркәсіпті, көлік инфрақұрылымын және басқа мақсаттарды дамыту - айналымын күштейту үшін керек болады. Құрылым индустриясының базасын осы заманғы техникалық негізде жаңғырту қажет. Бірінші кезектегі міндеттердің қатарында - жана цемент зауыттарын салу және қолданыстағыларын жаңғырту, клинкер-цемент терминалдарын мен индустриялық құрылым комбинаттарының аумақтық желілерін үйімдастыру, сондай-ақ санитарлық-техникалық және қаптайтын қыш өндіретін зауыттар салу.

Жаңа цемент зауыттарын салу - қымбат тұратын жоба. Неміс жабдықтарының негізінде жылдық өнімділігі 1 млн. тонна зауыт салуға кететін шығын 120-150 млн. евродан төмен болмайды. Цемент зауыттарының жаңа буыны шикізат дайындаудың құргақ тәсілімен жұмыс істейді. Бұл ең жаксы қазіргі нарықта өнімнің өнімділік - баға - сапа арасалмағымен ерекшеленетін жоғары автоматтанырылған және үнемді зауыттар.

Колданыстағы цемент зауыттарын жаңғыртқан кезде инвестицияны 2-3 есе үнемдеуге және сол нәтижені алуға болады.

Казіргі заманғы индустриялық құрылым комбинаттарын салу төмен материал сыйымдылығымен және өзіндік құнымен, жоғары жылу қорғаудың және үй-жайды еркін жоспарлау және қайта жоспарлау мүмкіндігімен ерекшеленетін үй салуға мүмкіндік береді. Олар «өзіндік құн - қолайлышық - жарасымдылық - сенімділік» өлшемі бойынша ірі панельді, кірпіш және берік ғимараттарға Қарағанда ұтады.

Темір-бетон бұйымдары зауытының екі немесе үш аралық цехи каркасты жана бұын ғимарат салу үшін жиналатын конструкциялар шығаратын осы заманғы тиімділігі мол өндіріске қайта өзгертуі мүмкін. Комбинаттардың қуаты - жылына 50-ден 200 мың шаршы метрге дейін тұрғын үй.

Ғылыми білім мен озық технологияның рөлі құрылым индустриясының базасын ойдағыдан жаңғырту үшін аса маңызды. Бұл жерде әсіресе құрылым саласы үшін маңызды мән мынадай перспективалы бағыттар болады:

Осы заманғы үй құрылымы комбинаты туралы сөз болғанда негізгі мәселе - үй салу жүйесін таңдау. Жаппай құрылым үшін қаңқа арқылы және тірек-берік үй салу жүйесін қолдану орынды негіз болады. Олардың жақсы жағына біршама төмен өзіндік құн мен еркін жоспарлау жатады. Бірақ ең бағыттары - жоғары сенімділік, оған ОТК-ның бақылаудың үйдің майда-шүйдесіне дейін зауытта дайындау және монолитті фрагменттерді барынша азайту арқылы қол жеткізледі, бұл әсіресе қыскы құрылым кезінде маңызды.

Осы заманғы үй салудың негізгі проблемаларының бірі - тиімді қабырға конструкциялары. Солтүстік Америка мен Еуропаның бір қатар елінде қолданылатын үш қабатты қабырға ТМД-да кірігіп кете алмауы себебінен бізде ол жіті мәселе болып тұр. ТМД-да накты тәжірибеден өтетін технология оны қолданудың бастапқы үлгісінен тым алыс. Қорытындысында ұзак уақытқа төзімділігі мен санитарлық-гигиеналық қасиеттері күмәнді пенополистиролдың арзан түрлерінің орынсыз кеңінен қолдана бастады.

Құрылым материалдарын өндіру үшін техногендік қалдықтарды қедеге жарату біртіндеп ұлттық проблемаға айналды. Таудай үйліген қалдықтар тіршілік ету ортасын бұлдіреді. Бұдан өзін, шикізат ресурстарының тапшылышы құрылым қарқынның тежейтін күн де алыс емес. Құрылым материалдары мен конструкцияларды өндіру кезінде металлургиялық өндірістердің қалдықтарын, сауда экономикалық аймақтың күлін және басқа көп нәрсениң қолдануға болады.

Ұзак уақытқа және экологиялық таза жылытқыш жасау бүкіл әлемде елеулі проблема болып қалуда. Жылытқыштың кеңінен қолданылатын түрлері стирол, фенол және адам үшін зиянды басқа да химиялық косылыстардан тұрады. Адамдардың денсаулығы туралы қамқорлық ұран емес, ұлттық саясаттың ажырамас бір бөлігі елге - Финляндияда экологиялық лас жылытқыштардан тұратын ғимараттардың тұтас кварталдары бұзылады. Ең жақсы жылытқыш кебікшыны болып табылады. Бұл қандай жағдайда болмасын улы заттар бөлмейтін женіл, жанбайтын және төзімді материал. Алайда, кебікшыны - салыстырмалы түрде қымбат материал, және оның өзіндік құнын төмөндету үшін зерттеу жұмысы қажет.

Инерциялық материалдардың байыту - ұлттық маңызы бар проблема. Дамыған елдердің көпшілігінде күм мен қырышықтас темір-бетон бұйымдары зауыттары мен үй құрылымы комбинаттарына жуылған, құрғақ күйінде, топтастырылып немесе тапсырыс берушінің қалауы мен рецепі бойынша жіктеліп түседі. Осы арқылы өнімнің сапасы сақталады, ғимараттар мен құрылымының сенімділігі артады, едәуір қаражат үнемделеді. Біздің ел осындай өндіріс мәдениетінен әлі тым алыс.

Егер қажетті жабдықтармен (ұатқыштармен, жіктегіштермен және т.б.) құрастыратын құм және қырышықтас карьерлер темір-бетон зауыттары мен басқа да мүдделі көсіпорындар әлемдік стандарттардың деңгейіне жақындейді. Бұдан өзге, байытылған инерпті материалдарды тасымалдау үшін орау техникасы мен контейнерлер қажет. Бұл проблемамен бетон коспасының онтايлы құрамын жобалау ғылымы тығыз байланысты.

Казіргі заманғы технологиялардың көмегімен өндірілетін бұйымдардың номенклатурасын кеңейту - зерттеу мен инвестиция үшін иғлікті салы. Ондаған жана бұйымдар өте перспективалы. Бұл - көп тесікті керамоблок және басқа құрылымы керамика бұйымдары, термоблоктың алуан түрлері, жана темір-бетон бұйымдарын палубасыз қалыптау (қадалар, шпунт, жол плиталары, қанқалы ғимараттарға арналған ригельдер және басқалары).

Құрылым базасын шұтыл іргелі жаңғырту, оны казіргі заманғы техникалық негізде дамыту - аса маңызды мемлекеттік міндет. Бұл тұста оның құатын ұлғайту туралы, сапасы жоғары бәсекеге қабілетті өнім өндірудің жетістіктері туралыға емес, бірақ шығынды едәуір қысқарту туралы да сөз болып отыр. Техникалық артта қалу өндірістік жабдықтардың көп тозғанды өсерінен құрылым өнімдерінің жалпы өзіндік құны соңғы жылдары уштеген бірге өсті.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында энергия үнемдейтін технологияларды енгізуге күш салу қажеттігін атап өтті. Қазақстанның ІЖӘ энергия сыйымдылығы шартты отынның 0,73 тоннасына 1000 АҚШ долларына тең, Қытай мен АҚШ-тың ұқсас көрсеткіші екі еседен астам, ЕО-рын 25 елінің энергия сыйымдылығының орташа көрсеткіші - үш есе артық. Әсіресе жылу-энергетика ресурстарын пайдалану көлемі бойынша экономиканың басқа салаларының арасында үшінші орын алғатын құрылым кешенінде энергия үнемдеу маңызды. 571 көлем ішінде құрылым материалдары өнеркәсібі 11 % құрылым 4 % энергия ресурстарын пайдаланады.

Құрылым материалдары мен бұйымдарының өнеркәсібінде энергияның ең көп қажет ететін өндірістер цемент, кірпіш және құрастырмалы темір-бетон өндірісі болып табылады. Мысалы, Қазақстанда 1 тонна

цемент өндіруге шартты отынның 100 кг-ы, ал ЕО елдеріне қарағанда 900 кВт-сағ электр энергиясы артық жүмсалады.

Энергия тиімділігі саласында құрылым индустриясындағы жағдайды тубегейлі өзгерту сан миллиардтық ақша салумен байланысты. Алайда, бұл тіпті бүтін капиталды көп қажет етпейтін, бірақ аса тиімді энергия үнемдейтін технологияларды енгізу мүмкіндіктерін жоққа шығармайды.

Энергия үнемдеудін орасан зор әлеуеті құрылымның цементті көп қажет етуін азайтуға салынған. Қазіргі заманғы құрылымның аса берік бетонсыз салу мүмкін емес екені белгілі. Алайда, іс жүзінде құрылымның маркасы 300 және одан төмен бетон кең таралған (жалпы санының шамамен 80 %) қүйінде калды. Мұндай бетон үшін 400 маркалы цемент керек емес. Бірақ ерекше талап етілетін төмен маркалы цементті біздің зауыттар шығармайды.

Сонымен қатар, энергия шығынын азайту үшін АҚШ-та қабылданған заннамалық актілер құрамында пущолан, золу-унос және қош бар аралас цемент өндіруді перспективті сатыға шағарды. Аралас цементті колдану электр энергиясын 40 %-га дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. 10 % клинкерді құлмен алмастыру АҚШ ауқымында жылына 2 млн. тонна көмір үнемдеуді қамтамасыз етеді.

Өнеркәсіптің жанама өнімдерін пайдалану құрылымы материалдары өндірісінің шикізаттық базасын едәуір көнектігепе, карьерлер мен үйінділерге бөлінген жердің ауқымын қыскартуға, ауе және су бассейнінің ластануын азайтуға мүмкіндік беретіні белгілі. Бұл бағытта осы уақытқа дейін көлемді зерттеулер орындалды және құрылымы материалдары өндірісінде әзірлемелер енгізу бойынша қөптеген ұсыныстар берілді. Алайда, әзірлемелердің басым қөшпілігі өнеркәсіптік ауқымда іске асрылмай калды, себебі олар отандық құрылым индустриясында басым, ескірген технологияларға бағдарланған.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында инновациялық негізде өндірісті түпкілікті жаңғыртуды көздейтін үдемелі индустрияландыру жүзеге асрылып жатыр. Бұл жағдайда қатты өнеркәсіптік қалдықтарды тиімді құрылымы материалына қайта өңдеу индустриялық негізге қойылуы мүмкін.

Іс жүзінде Қазақстанның барлық өнірлерінде металлургиялық және(немесе) химиялық өндірістің, көмір энергетикасының және (немесе) мұнай өндірудің әртүрлі қатты қалдықтары шоғырланған. Қазіргі уақытта республиканың аумағында 20 млрд. тоннадан астам қалдық жиналған. Өнеркәсіптік қалдықтардың көшпілігі құрамы мен қасиеті бойынша табиғи шикізатка жақын және қайталама ресурс көзі бола алады.

Барлық өнеркәсіптік қалдықтардың ішінен жиналған қорының көлемі бойынша бірінші орынға көмір қалдықтары шығады: ЖЭС құлі мен қождары, ашылған жыныстар мен көмір байыту қалдықтары. Сонымен қатар кул-қождар бетонға косымша және ерітінді, тұтқыр құл-цемент компоненті сияқты ен зерттелген материалдарға жатады. M100-M300 маркалы ауыр бетондардың, M50-M200 маркалы керамзитті бетонның, M50-M150 маркалы ерітінділердің құрамы әзірленді.

Бетонның құрамындағы құл-қож қалдықтарын ірі ауқымда пайдалану қалдығы аз және қалдықсыз өндіру мен жылу электр станцияларына іргелес аумактарда экологиялық жағдайды елеулі жақсартуды үйімдастыру үшін жағдай жасайды. Сонымен қатар цемент пен бетон дайындауға арналған толтырыштардың шығыны қыскарады, техникалық-экономикалық көрсеткіштер жақсарады, бетонның техникалық және құрылым-техникалық қасиеттерін мақсатты түрде өзгерту мүмкіндігі пайда болады.

Орындалған зерттеулер мен тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтардың нәтижесінде Қазақстан кәсіпорындарында ЖЭС қулін пайдалана отырып, тұтқырлар мен бетонның құрамы мен технологиялық регламенттері әзірленді. Бірақ бұл әзірлемелер өнеркәсіптік ауқымда іске асрылған жоқ, ейткені есқі үлгідегі үй құрылымы комбинаттарында құйылған технологиялық және қоспалардан жасалған ЖББ моралдық ескірген тасқынды-агрегаттық технологияларға, олар қазіргі уақытта толық жойылған.

Көмір қалдықтарын негізгі тұтынушылардың бірі кірпіш өнеркәсібі бола алады, ейткені олардың минералдық бөлігі химиялық және минералогиялық құрамы бойынша кірпіш дайындау үшін қолданылатын сазды шикізатқа жақын, ал олардың құрамындағы органикалық бөлік шихтаның құрамындағы отыны бар компонент ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Күлдің босататын және кірпішке жылу ұстайтын қоспалар сияқты қөптеген зерттеулері бар. Сазды-күлді кірпіш өндірісін зерттеу нәтижелері мен өндіріс тәжірибесін талдау және қорыту отын шығынын 10-30%-ға және одан да көп қыскартуға, кейбір қымбат және тапшы қоспаларды ауыстыруға (жонқалар, қышқақ) және кірпіштің беріктігін 1-2 маркаға арттыруға мүмкіндік беретін осы қосма тиімділігін көрсетеді. Пластикалық қалыптау әдісімен күлдің жоғары мөлшері (75-85%-ға дейін) бар құлді-сазды қоспадан алынатын күлді керамикалық қабырға материалдарының технологиясы бойынша кешенді зерттеулер орындалды. Алайда, осы әзірлемелер тәжірибеде тиісінше таралған жоқ, себебі индустриялық құрылымы және энергия тиімділігі талаптарына жауап бермейтін шағын құстисты кірпіштің ұсақ даналы ассоритментіне шек қойылған. Сонымен, өнеркәсіптің қатты қалдықтарын тиімді құрылымы материалдарына индустриялық қайта өңдеу құрылымы өз өндірісінің құрылымы материалдарымен қамтамасыз етуге, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге, экологияны жақсартуға мүмкіндік береді. Құрылымы индустриялық дамыту үшін сабактас салалардың қалдықтарын өндійтін қазіргі заманғы технологияларды игеру үшін:

республикада қайталама шикізаттың жиналған қорлар нактылау және өнеркәсіп қалдықтарының кадастрына тузыту жүргізу, құрылымы материалдары, бұйымдар мен конструкциялар кәсіпорындарының энергиялық аудиті мен мониторингін еткізу жөнінде шаралар қабылдау;

өзіндік құны неғұрлым темен өнеркәсіп, қалдықтарын негізінде бәсекеге қабілетті өнімдер шығаруды қамтамасыз ететін тиімділігі жоғары технологиялық желілерді (өндірістер) игеруге және енгізуге жәрдем көрсету;

шикізат кен орындарының және өнеркәсіптік қалдықтарын, өндіріс шығындарын, көлік шығындарын азайтуға, өндірістің өнімділігі мен рентабельділігін арттыруға мүмкіндік беретін өнімдерді тұтыну нарықтарының орналасуын есепке ала отырып, объектілер мен өндірістік куаттардың ұтымды орналасуын қамтамасыз ету;

технологиялық энергия шығындарын азайтатын, өнеркәсіптік қалдықтарын қайта өндійтін қесіпорындарды ынталандыру мен көтермелеу саясатын жүйелі жүзеге асыру қажет.

Бағдарламаны іске асыру:

құрамында өнеркәсіптің жанама өнімдерінің кемінде 30 % шикізатын пайдалана отырып, көп тоннажды құрылым материалдарының технологияларын игеруге;

жана технологиялардың энергия қажетсінүі кемінде 20 %-ға азайтуға;

ірі форматты энергия тиімді қабырға керамикасының меншікті өндірісін, индустриялық үй құрылымы, шағын клинкерлік тұтқыр және бетон элементтерін және басқаларын игеруге мүмкіндік береді.

5.6. Құралдардың тізбесі және қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу тетігі

Құрылым материалдарының өндірісін ұйымдастыру мақсатында қазіргі инновациялық инфрақұрылымды (атап айтқанда, арнағы экономикалық және индустриялық аймақтар, технологиялар, трансфертінің орталықтары, технопарктер және т.б.) колдану. Еркін экономикалық аймақтар шенберінде Еркін экономикалық аймақтар құрудың мақсатына сәйкес келетін жобаларды іске асырушы қесіпорындар индустриялық инфрақұрылымдар қамтамасыз етіледі. Бұдан өзге де, 2010 жылы Еркін экономикалық аймақтар туралы жаңы Зәңды әзірлеу басталды, оның шенберінде Еркін экономикалық аймақтар қесіпорындары үшін қосымша барынша қолайлы және тиімді жағдай жасалатын болады. Индустриялық аймақтар шенберінде қесіпорындарға жобаны іске асыру үшін барлық қажетті инфрақұрылым жасалады.

инновацияларды колдау жүйелерін жетілдіру мақсатында даму институттарымен өзара іс-кимылт;

жалғаспалы және болжамды, ескірген стандарттарды ұзак мерзімді перспективаларға жаңғырту жолымен техникалық реттеу жүйелерін реформалау, қесіпорындардың табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігіне, экология мен халықтың денсаулығы үшін өнімдердің (қызметтердің) қауіпсіздігіне, көп энергия және материалды қажетсінуді төмendetuge қойылатын талаптарды қүшешту, тиісті көтермелесулер мен санкциялар жүйесін, бірінші кезекте инновациялық өнім экспортын ұлғайту перспективасы бар бағыттар бойынша стандарттардың халықаралық стандарттармен үйлесімділігін анықтау;

жоғары технологиялық қесіпорындар құру тәжірибесін кеңейтуге және жеделдетуге тәжірибелі жағдай жасайтын техникалық регламенттерді, стандарттар мен ережелерді қабылдау;

сертификаттау рәсімдерін, оның ішінде халықаралық сапа стандарттарына сәйкес онайлату және жеделдету;

ғылыми, білім беру үйлімдарының және инновациялық саладағы бизнестің өзара іс-кимылтын, оның ішінде технологиялық дамудың перспективалық бағыттарын анықтау және дамыту, гранттарды ұсыну жүйесін қолдана отырып, зерттеулер мен әзірлемелер өткізуге компанияның шығындарын бірлесіп қаржыландыру жетігін дамыту, инновациялық жобаларды іске асыруды бірлесіп қаржыландыру, технологиялық бағыттар бойынша құрылым индустриясын дамытуға арналған басымдықтар бойынша ұзак мерзімді инновациялық серіктестікті қолдау жөнінде бизнес пен ғылымның өзара іс-кимылтын қамтамасыз ету мақсатында технологиялық платформаларды қалыптастыру арқылы ынталандыру құралдарын дамыту;

сәулет, қала құрылымы және құрылым индустриясы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді бюджеттік қаржыландырудың бағдарламалық-нысаналы және гранттық тетіктері;

пайыздық ставкаларды субсидиялау;

егер қесіпкерде кепілзат жеткіліксіз болса кредиттерге кепілдік беру;

сервистік қолдау көрсету: бизнес-жоспар жасау, маркетинг жүргізу және т.б.;

өнеркәсіптік қесіпорындар үшін кадрларды даярлауды және қайта дайындауды қаржыландыру;

Құрылым индустриясын дамытуға жағдай жасайтын негізгі тетіктер:

тұрғын үй құрылымы мен экономиканың басқа да салаларында инновациялық технологияларды енгізуге жәрдемдесу, құрылым материалдарының, бұйымдарының және конструкцияларының отандық өндірісін дамыту;

тұрғын үйге қол жетімділікті арттыруды қамтамасыз ететін тұрғын үй нарығының жаңа институттарын жасау және қолданыстағыларды жетілдіру, атап айтқанда: тұрғын үй ипотекасы, жер ипотекасы, ипотекалық бағалы қағаз нарығын дамыту;

инвестициялық белсенділікті арттыруды арналған жағдайларды жасау мақсатында заңнаманы жетілдіру;

азаматтар үшін ипотекалық кредиттерге қол жетімділікті арттыру, нарыктың барлық қатысушылары арасында несиелеу көтерін төмendetuge және тиімді бөлу;

ресурстарды үнемдайтін технологияларды өндіру және шағын энергетика мен отын-энергетика ресурстарының жаңғыртылады тұрларін барынша кеңінен пайдалануға жағдайлар жасау;

шикізаттың негізгі тұрларынан кен орындарының корларын нақтылау және өнірлерде кен орындары кадастрларын түзетуді жүргізу, құрылым материалдарын, бұйымдарын және конструкциялары

кәсіпорындарын мониторингісін жүргізу және өнірлік жағдайларды есепке ала отырып, өндіруші құштерді ұтымды орналастыру үшін ұсыныстарды дайындау;

колданыстағы өндірістік қуаттарды технологиялық жаңғырту үшін отандық машина жасауды дамытуға жәрдемдесу, сондай-ақ алдыңғы қатарлы және индустримальық-инновациялық технологияларды, ғылыми өзірлемелерді енгізу;

жабдықтар мен материалдар, бұйымдар мен конструкциялар импорттына кедендей бажды қолдану тетігін реттеу;

құрылымың және тұрғын үй қорының ғимараттарын құрылыштарды пайдалануға беру саласында стандарттау мен технологиялық реттеуді жетілдіру және техникалық регламенттер талаптарының, оның ішінде қираптайдын қазіргі заманғы технологияларын қолдануға негізделген құралдар мен тәсілдерді пайдалану жолымен сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды іске асыру;

казіргі заманғы құрылымың кейінгі материалдарын қолдануды ынталандыратын стандарттарды өзірлеу, бұл құрылымың жұмыстарының сапасын арттыруға, жөндеулөр бойынша келесі шығындарын төмендетуге мүмкіндік беретін және өндірістік желілерді жаңғырту жөніндегі отандық стандарттардың халықаралық үйлесімін қамтамасыз ету жұмыстарын жандандыру үшін сала кәсіпорындарын ынталандырады;

өндіріс шығындарын, көлік шығындарын төмендетуге, өнімділікті ұлғайту және өндірістік тиімділігін ұлғайту мүмкіндік беретін шикізат кен орындарының және олар шығаратын өнімдерді тұтыну нарықтарының тиімді орналастырылуын, қамтамасыз ету;

жұмыс істең тұрған дербес ғылыми-зерттеу институттарын және ғылыми-өндіріс орталықтарын, сондай-ақ жоғары оқу орындарының тиісті бөлімшелерін тартып, республикамыздың жинақталған өнеркәсіптік және тұрмыстық калдықтарды құрылымың материалдарын шығару үшін кәдеге жарату проблемаларын шешуді олардың қызметінде басымдықтардың бірі ретінде анықтап, халықтың тұруына экологиялық ортаны және аумактарды тұрақты дамытуды жақсартудың алғы шарттарын жасай отырып саланың ғылыми базасын дамыту;

штетел мамандарын және консалтингтік компанияларды тарта отырып, жоғары және орта буындағы менеджерлердің біліктілігін арттыру курстарын қоса алғанда, өнеркәсіптік құрылымың материалдары үшін кадрларды дайындау;

басым бағыттар бойынша инновацияларды енгізу үшін гранттарды бөлу (энергия үнемдейтін материалдар, құрылымың материалдарының өндірісінде жанама салалардың калдықтарын пайдалану мүмкіндігін зерделеу, тез салынатын, жасыл және энергия пассивті үйлер технологиясының трансферті);

ғимаратты энергетикалық паспорттауды дамыту арқылы ғимараттардың жылу техникалық сипаттамаларын міндетті жауапты түрде декларациялауды енгізу (жанадан салынғандар мен пайдалануға берілгенде өсіресе орталықтандырылған жылу, су және энергиямен жабдықтау мүмкіндіктерін пайдаланатындар);

тәуелсіз сарапшылардың мәлімделген жылу техникалық сипаттамасын растау мақсатында ғимараттарды міндетті жүйелі іс тексеру енгізу;

Инвестициялау, тұрғын үй құрылымының инновациялық әдістерін енгізу, техникалық реттеу, ішкі нарықты қорғау, басымдық бағыттар бойынша F3TЖК-әткізуде қолдау көрсету, жоғары білікті ғылыми және инженерлік кадрларды даярлық, ақпараттық ортаны құру саласында құрылымың индустрисын тиімді дамыту көбінесе мемлекеттік саясатқа байланысты болады.

Оз өндірісін дамытатын кәсіпорындарға несие бойынша мемлекеттік кепілдемелерді ұсыну қажет.

Энергиялық тиімді материалдар мен технологияларды пайдалана отырып, көп қабатты және аз қабатты тұрғын үй құрылымы үшін ұлғілік жобалар сериясын өзірлеу қажет.

Құрылымың индустрисын құру, нығайту, дамыту процесстерін тиімді ақпараттық-талдамалық және маркетингтік ілеистіруді және инвестициялық жобаларды іске асыруды қамтамасыз ету үшін құрылымың индустрисын жаңғырту, жобаларды іске асыру проблемалары бойынша жедел және толықканда ақпарат алмасуды белгілеу жөніндегі жүйелі жұмыс жүргізіледі. Сондай-ақ, құрылымың индустрисының қазіргі және жана кәсіпорындарының сыртқы нарыққа кіруін қолдау мен көмек көрсету мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықты қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстар жүргізілетін болады.

KР Үкіметінің 2013.04.12. № 1304 Қаулысымен 5.7-кіші болім өзгертілді (бұр.ред.қара)

5.7. Бағдарламаларды іске асыру жөніндегі шаралардың тізбесі және бизнес өкілдерімен көрі байланыс жүйесі

Цемент саласын дамыту мақсатында мыналар көзделеді:

Қазақстанның қуаты жылдан 5,65 млн.тонна жұмыс істең тұрған цемент кәсіпорындарының қуаттардың 3,26 млн. тоннага өсуіне байланысты өндірістік «ылғал» тәсілінен «құрғак» тәсіліне көшүі (2 косымша):

«Бұқтырма цемент компаниясы» ЖШС (куаты 1600 мың тонна);

«Семей» цемент зауыты» ЖШС (куаты 1200 мың тонна);

«Қарцемент» АҚ және «Централ Азия Цемент» (куаты 3560 мың тонна);

«Шымкентцемент» АҚ (куаты 2100 мың тонна);

«SAS - Tobe technologies» ЖШС (куаты 450 мың тонна).

Мемлекет цемент саласының кәсіпорындарын ынталандыру бойынша жағдай жасайтын болады. Инновациялық даму институттары («Инженеринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ) тегін

негізде цемент кәсіпорындарының цемент өндірудің қазіргі заманғы тәсіліне көшуі бойынша оңтайлы шешім беретін болады (техникалық экономикалық негіздеме, құжаттаманы жобалау кезеңі, технологиялар трансферті, басқару технологияларын енгізу). «Инженеринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ Қазақстан кен орындарының аумактық орналасуы мен шикізаттық құрамын ескере отырып, цемент кәсіпорындарын жаңғыртудың барынша оңтайлы схемасына талдау жүргізіп, аныктайтын болады.

Жұмыс істеп тұрған зауыттардың өндірістің «ылғал» тәсілінен «құрғак» тәсіліне көшуінің нәтижесінде қайта жаңартылған қуатта құрғак тәсілмен цемент шығару көлемі 8,91 млн.тоннана жетеді (жұмыс істеп тұрған зауыттарды қайта жаңартканнан кейінгі өсімнің көлемі 3,26 млн.тоннаны құрайды). Зауыттарда жұмыс істейтіндердің саны цемент өндірісін жаңғырту есебінен 30%-ға дейін қысқарады. Осылайша, жаңғыртылған зауыттардағы еңбек өнімділігі құрғак тәсілге көшу арқылы жылына бір адамға 5494,5 т. цементті құрайды. Цемент құнының 12 500 теңгені екенін ескере отырып, еңбек өнімділігі бір адамға жылына: $5494,5 \times 12\ 500 = 68681,2$ мың теңге (457 875 АҚШ долл.) құрайды.

Жоғары технологиялық жабдықтарды қолдана отырып, цемент өндірудің барынша қазіргі заманғы тәсіліне көшу коршаган ортаға экологиялық шығарындыларды қыскартуға және халықаралық экологиялық стандарттарға сәйкес келуіне мүмкіндік береді.

2014 жылға қарай қуаты жылына 6,152 млн. тонна жаңа зауыттар салу (3-қосымша):

«BI-Cement» ЖШС, Ақмола облысы (куаты 552 мың тонна);

«Көкшецемент» ЖШС, Ақмола облысы (куаты 2000 мың тонна)

«Жамбыл цемент өндірістік компаниясы» ЖШС, Жамбыл облысы (куаты 1100 мың тонна);

«Казақцемент» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысы (куаты 1000 мың тонна);

«Стандарт цемент» ЖШС, Оңтүстік Қазақстан облысы (куаты 1000 мың тонна);

«ACIG» АҚ, Жамбыл облысы, Хантау ст. (куаты 500 мың тонна).

Құрғак тәсіл бойынша салынған жаңа цемент зауыттарындағы еңбек өнімділігі жылына бір адамға 4322,3 т цемент құрайтын болады. 12 500 теңге мөлшеріндегі цемент құнын ескере отырып, 1 жұмысшының еңбек өнімділігі жылына: $4322,3 \times 12\ 500 = 54\ 029,1$ мың теңгені құрайды (360 194 АҚШ долл.).

мына қалаларда жылына жалпы қуаты 2100 мың тонна клинкер өндейтін клинкер-цемент терминалдарын салу (КЦТ) (іс-шаралар жоспарына 3-қосымша):

Алматы қаласы - қуаты 600 мың тонна;

Атырау қаласы - қуаты 600 мың тонна;

Ақтау қаласы - қуаты 300 мың тонна;

Павлодар қаласы - қуаты 300 мың тонна;

Ақтөбе қаласы - қуаты 300 мың тонна.

ИҚҚ (Индустрималь құрылым комбинаттары) ұйымдастыру

Тұрғын үй құрылышын қамтамасыз ету үшін (іс-шаралар жоспарына 3-қосымша):

Қазақстан Республикасында 6 Индустрималь құрылым комбинаттарынан жылына жалпы қуаты 900 мың шаршы метр тұрғын үй салатын желі құру қажет. «ИҚҚ» ұйымдастыру Қазақстан Республикасының мына қалаларында құрылатын болады:

Астана - 2 «ИҚҚ», жылына әрқайсысы 150 мың шаршы метр тұрғын үй;

Алматы - 2 «ИҚҚ», жылына әрқайсысы 150 мың шаршы метр тұрғын үй;

Шымкент - 1 «ИҚҚ», жылына әрқайсысы 150 мың шаршы метр тұрғын үй;

Ақтөбе - 1 «ИҚҚ», жылына әрқайсысы 150 мың шаршы метр тұрғын үй.

«Қазақстан Республикасында Индустрималь құрылым технологиялары» коммерциялық емес ұйымын құру:

«Қазақстан Республикасы индустрималь құрылым комбинаттары» коммерциялық емес ұйымын құрудың мақсаты:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының құрылым саласының үдемелі индустрималь-инновациялық даму бағдарламасын орындау үшін жағдайлар жасау (Индустрималь құрылым комбинаттары желісін құру жөніндегі жоспарларды іске асыру үшін). «Қазақстан Республикасы Индустрималь құрылым технологиялары» коммерциялық емес ұйымының функциясы - Индустрималь құрылым технологиялары мен Индустрималь Құрылым Комбинаттары мамандарының біліктілігін арттыру саласындағы ақпараттық-талдау және қолдау.

«Қазақстан Республикасы Индустрималь құрылым технологиялары» коммерциялық емес ұйымының жеке бизнеспен ақпараттық-талдамалық өзара іс-кимылы:

1. Нарықта қатысушылардың ИҚҚ ұйымдастыру саласындағы мемлекеттік мекемелермен, даму институттарымен іс-кимылын топтастыру.

2. ИҚҚ ұйымдастыру бойынша қолдау — жобалау, салу, технологиялық жарақтандыру, жаңғырту.

3. Жобаларды қаржыландыруды ұйымдастыру.

4. Кадрлар дайындау, ИТК мен мамандардың біліктілігін арттыру;

5. ИҚҚ пайдалану кезеңінде қолдау.

«Қазақстан Республикасы Индустрималь құрылым технологиялары» коммерциялық емес ұйымының мемлекетпен және даму институттарымен ақпараттық-талдамалық өзара іс-кимылы:

1. Мемлекеттік құрылымдарды құрылыштың өзірленген және сыйалған индустрималь-инновациялық технологиялары туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

2. Үкіметтің жоспарларына сәйкес Қазақстан Республикасының накты өнірлерінде тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселеін шешу үшін ИҚК технологияларын, қуаттарын іріктеу және негіздеу.

3. Құзыретті ұйымдарды ИҚК құрудың мемлекеттік бағдарламаларына қатысуға тарту.

4. Мемлекеттік мекемелер мен даму институттарын қаржыландыру мен өзара іс-қымыл схемаларын ұйымдастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Бағдарламаны ойдағыдай іске асыру мақсатында ИҚК салуға материалдық-техникалық базасы, құрылышта немесе құрылыш материалдарының өндірісінде жұмыс тәжірибесі бар барынша перспективалық үміткерлерді іріктеуді қамтамасыз ету қажет.

Жоғарыда аталған міндеттерді іске асыру үшін:

1. ИҚК құрылтайшылары: ИҚК құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін жасап, оларды «Қазақстан Республикасы Индустримальық құрылыш технологиялары» коммерциялық емес ұйымдармен келісу;

2. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ: кәсіпорындарды салу және қайта жаңарту үшін қажетті қаражатпен қамтамасыз ету (кредит беру, лизинг, үлестік қатысу);

3. Әкімдіктер: әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар берілген функциялар шенберінде КИС құру бойынша мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті ұйымдастыру, қажетті техникалық жағдайлармен қамтамасыз ету;

4. Оқыту жүйесін және кадр дайындауды ұйымдастыру қажет. Шет елдерден мамандарды тарта отырып, біліктілікті көтеру курстарын өткізу керек.

Қазақстан Республикасы Индустримальық құрылыш технологиялары - құрылтайшыларды мынадай ұйымдар болуы тиіс:

1) «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ құрылымдық бөлімшесі, әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялары;

2) салалық бағдарламаны іске асыруға қатысатын ұйымдар.

Кредит беру жүйесін әзірлеу

Жеке тұрғын үй салуды дамыту үшін қуатты ынталандыруши болып табылатын тұрғын үй құрылышын дамыту мақсатында сертификаттаған құрылыш материалдарына кредит беру жүйесін әзірлеу.

Керамика саласын дамыту

ҚР құрылыш индустрисын дамытудың индустримальық-инновациялық құралын жасау мақсатында мынадай қалаларда керамика шығару бойынша қажетті өндірістерді Қазақстанда ұйымдастыру бойынша мынадай шаралар өткізуді қажет деп шешілді (іс-шаралар жоспарына 3-қосымша):

жылына қуаты 1 млн. сантехкерамика бүйімдар, шыгаратын зауыт ұйымдастыру;

жылына қуатын 5 млн. шаршы метрге дейін ұлғайту мақсатында Хромтау қаласында керамика зауытын жаңарту;

Ақтөбе облысында (Союзное кен орнында) жылына қуаты 200 000 тонна сазды қайта өндіреу зауытын ұйымдастыру.

Жоғарыда көрсетілген сантехкерамика және керамикалық тақтайшалар өндірісін Хромтау қаласындағы «Керамика» АҚ зауытының базасында ұйымдастыру ұсынылады. Өндірістерді бұлай шоғырландауды инфрақұрылымды ұйымдастыру, жер участесін сатып алу, түрмистық және әкімшілік мақсаттағы объектілерді салуға кететін шығындарды төмендетуге мүмкіндік береді. Бастапқыда «Керамика» акционерлік қоғамы өндірісті кейіннен кенеиту мақсатында жоспарланған болатын, зауытта 2 кіреберіс темір жол желісі бар, барлық коммуникацияларда кейіннен кенеиту мақсатында қуат қорлары салынған.

Саладағы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде 810 жұмыс орны ашылып, жалпы еңбек өнімділігі 14,6 млн. шаршы м. тақтайшалар мен 1 000 000 дана санфаянс, бір адамға еңбек өнімділігі 22 121 шаршы м., сондай-ақ бір адамға 3000 санфаянс бірлігін құрайтын болады. 1 шаршы метр үшін 1050 теңге мөлшеріндегі (7 АҚШ доллары) тақтайшаның орташа құны кезінде ақша қөрінісіндегі еңбек өнімділігі 22,2 млн. теңгенні (148 000 АҚШ доллары) құрайды. Ағымдағы жағдайда сантехкерамика импортының орташа құны 1300 АҚШ доллары кезінде 1 жұмысшыға сантехкерамика өндірісі саласындағы еңбек өнімділігі 8,1 млн. теңгенні (54 000 АҚШ доллары) құрайды.

Жылу оқшаулағыш материалдарын өндіру

Минералдық жылу оқшаулағыш материалдар өндірісінде базальт талшыктарынан жасалған тиімді минералдық макта бүйімдарын шығару 2014 жылы 1900 мың текше м. дейін жететін болады, бұл ішкі нарықтағы қажеттілікті 100 % қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл мынадай іс-шараларды жүзеге асыру есебінен қол жеткізіледі (іс-шаралар жоспарына 2-қосымша):

соңғы 2-3 жылда салынған, базальт шикізатмен жұмыс істейтін қолданыстағы зауыттардың жобалық қуаттылығын олардың жиынтық қуаттылығын жылына 880 мың текше м. дейін жеткізе отырып, игеру;

Шымкент қаласында жылу оқшаулағыш материалдардың жана зауытын салу, қуаты 350 текше м., Алматы к. 350 мың текше м., Өскеменде - 300 мың текше м. және Павлодарда 80 мың текше м.

Лак-бояу онімдерін шығару

Лак-бояу материалдары өндірісінде су-дисперсиондық және басқа да бояу түрлерін шығару 2009 жылғы 25 мың тоннамен салыстырғанда 2014 жылы 50 мың тоннага дейін жетеді. Жана қуаттылықтарды тиімді бөлу үшін өлшемдері, бірінші кезекте, өнірде лак-бояу материалдарын шығару бойынша кәсіпорындар жоқтығы болып табылады. Жана зауыттарды орналастыру үшін басқа өлшемдер жақын аралықта шикізат ресурстары көздерінің бар болуы болып табылады.

Лак-бояу материалдары өндірісінің нашар дамуы құрылыштағы тұтынудың айтарлықтай үлкен көлемі кезінде Астана қаласында жылына қуаты 5 мың тонна және Алматы облысында жылына қуаты 5 мың тонна бояу өндірісін ұйымдастыру орынды. Лак бояу материалдарының негізгі компоненттері Ресей мен Ираннан келетін титан оксиді және мәрмәр ұны болып табылады. Сондыктан, сыртқы және ішкі инвестицияларды тарту есебінен Ақтау, Қостанай және Ақтөбе қалаларында жылына қуаты 5 мың тонна болатын тағы үш зауыт салынатын болады.

Шыны өнімдері өндірісі

Жылына қуаты 140 мың т. шыны өндірісін ұйымдастыруды құру үшін кварц кен орындарын пайдалануға және оны барлауға рұқсат ететін құжаттарды жедел ресімдеуді колдау қамтамасыз етілетін болады (іс-шаралар жоспарының 3-қосымшасы).

Сондай-ақ, «Қаз-Құрылыс-Шыны» ЖШС халықаралық стандарттардың қауіпсіздік шарттарына жауап беретін және құны бойынша қымбат емес қауіпсіз шыны мен энергия сақтайтын шыны пакеттері өндірісі іске қосылатын болады.

Құрылыс арматуралары өндірісі

Құрылыс арматураларын шығару үшін болат құю қесіпорындары бар Қарағанды облысында арматура шығаралын екі қесіпорын құрылатын болады.

Энергиялық тиімді құрылыс материалдары

Энергия тасығыштарға бағаның ұдайы өсуі кезінде, әсіресе тұрғын үйлер мен өндірістік ғимараттар тұрғызы үшін жарамды жылу энергиясын сақтайтын құрылыс материалдарын шығару өткір мәселе болып тұр.

Энергия сақтайтын материалдар мен технологиялар күн сайын үлкен сұраныска ие. Аталған құбыльстың себебі анық: энергия тасығыштардың құны жоғары, олардың шектеулі болуы, сондай-ақ коршаған органың ластануынан болып отыр. Энергияны тиімді тұтыну көптеген компанияларға өздерінің өнімділік шығындарын айтарлықтай төмендеуге, ал жеке тұлғаларға пәтер мен уйге жылдыгуға қосынша ақша қаржатын шығындауға мүмкіндік береді.

Энергия сақтайтын материалдар мен технологиялар мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді:

энергия ресурстарын ұнемдеуге;
бизнесін пайдалылығын арттыруға;
коршаған ортаға жүктемені азайтуға.

Қазақстан өңірлеріндегі ғимараттар мен құрылыштардың термиялық кедергісінің коэффициенті бойынша талаптарды көтеру есебінен кеуек бетондарды минералдық жылу оқшаулағыш материалдарды тұтынуды арттыруға ынталандыру.

Басқару технологияларын енгізу

Отандық өндірістерді онтайлануды мақсатында құрылыс материалдарының 50 қесіпорындарында әлемдік тәжірибе (Just in time, Canban және т.б.) бойынша басқару технологиялары енгізілетін болады. Басқару технологияларын енгізу қесіпорындардағы өнімділікті 50%-ға дейін көтеруге, өндірістегі шығындарды қыскартуға, кадрлық әлеуеттің инновациялық қабілеттілігін көтеруге, қесіпорындардың икемділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Кадрлармен қамтамасыз ету

2010-2014 жылдар кезеңінде 6909 жұмыс орнын құру жоспарлануда. Оның ішінде (іс-шаралар жоспарына 4-қосымша):

құрылыс кезеңінде 1361 жұмыс орны;
пайдалануға беру кезеңінде 5548 жұмыс орны.

Өнірлер бойынша мамандарды даярлық және қайта дайындау мақсатында 050730 - «құрылыс материалдарын, бұйымдар мен конструкцияларды өндіру» мамандықтары бойынша мамандарды қайта даярлық жүзеге асыратын мынадай оқу орындары тартылатын болады: Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университеті, Қазақ бас сәулет-құрылыш академиясы, Атырау мұнай-газ институты, Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, Рудный индустримальық институты, Корқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, М. Әуезов атындағы Онтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ автомобиль жолдары институты, Қазақ жол катынастары университеті.

Технологиялық келісімдер

Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Қазақстанның шағын және орта бизнесі дайындаған өнімдерді одан әрі кепілдемелік сатып алу мақсатында өнім импорттың технологияларын игеруге мемлекеттік тұрғын үй құрылышына тапсырысты орындастын ірі құрылыш компанияларымен техникалық келісімдер әзірледі және оларға қол койылды. «Инженеринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ технологияларды игеру ұсыныстары бойынша бастамашысы болады. Бұл үшін «Инженеринг және трансферт технология орталығы» игеруге ұсынылатын импорттық құрылыш материалдарына талдау жүргізілетін болады.

Бизнес өкілдерімен қайта байланыс жүйесін ұйымдастыру

Бағдарламаны орындау үшін бизнес өкілдерімен, құрылым саласы қауымдастырынан қайта байланыс жүйесін орнатуы қажет. Бұдан өзге, құрылым индустриясын қалыптастыру мен дамытуға тікелей ықпал ететін даму үрдістерінің, конъюнктураларының, ерекшеліктерінің шұғыл, сапалы және жүйелі мониторингін қамтамасыз ету бойынша тетіктер құрылатын болады.

Қайта байланыс мыналарға бөлінестін болады:

белсенді - бизнес өкілдері қайта байланыс операторы болып табылады;

белсенді емес - Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі өнеркәсіпті колдау саласындағы Министрлікten және өзге де мемлекеттік органдардың қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау үшін бизнес өкілдеріне жүгінеді.

Қайта байланыс тетігі жұмыс жағдайында қолданылуы және қайта байланыстың бағытылығына, сындарлылығына байланысты жүтінуге дең қою уақытына түракты талаптар белгіленуінің маңызы зор.

*КР Үкіметінің 2012.19.09. № 1219 **Қаулысымен** 5.8-кіші боліммен тольықтырылды*

5.8. «Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасы шенберінде құрылым индустриясын дамыту жөніндегі шаралар

Kіріспе

«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын және Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011 - 2020 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру құрылым материалдарының колда бар өндірісін одан ері дамытуға және жаңа өндірістерді құруға мүмкіндік береді. Мемлекет тарапынан кепілді тапсырыс беру жүйелерін құра және дамыта отырып, жыл сайын 1,5 млн. шаршы метр көлемінде пайдалануға беру жоспарланып отырган тұрғын үй көлемі, мемлекеттің тұрғын үйлерді құрделі жөндеу жөніндегі шығыстарды бірге қаржыландыруға катысуы, көліктік инфрақұрылымға мемлекеттік инвестициялар 2020 жылға дейінгі орнықты сұранысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл өндірістердің қолданыстағыларын жаңғырту және жаңаларын құру үшін өте жақсы ынталандыруыш фактор болып табылады.

Бизнесті қолдаудың қолданыстағы «Бизнестің жол картасы - 2020» және «Өнімділік 2020» бағдарламалары құрылым материалдары өнеркәсібінің кәсіпорындарына ұзақ мерзімді жобаларды іске асыруға мүмкіндік беретін қаржыландыру көздеріне қолжетімділік береді.

Құрылым материалдарының өнеркәсібін дамытудың негізгі мақсаты осы бағдарламалар шенберінде отандық құрылым материалдарын тұтынуды 80 %-ға дейін жеткізу болып табылады.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің деректері бойынша 2012 жылғы қантар - сәуір кезеңдерінде 2 044,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген, бұл 2011 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 125,6 % - ды құрайды. Осы кезең ішінде пайдалануға 7 570 тұрғын үй ғимараты берілген, олардың 199 - і көпшілдерлі, 7 362 жеке және 99 жатақханалар. Пайдалануға 16 472 пәтер тапсырылған. 2012 жылғы қантардан бастап сәуірге дейін 17 230 млн. тг., оның ішінде мемлекеттік меншікті - 72,9 млн. теңге және жеке меншікті - 16 799 млн. теңге сомаға құрделі жөндеу жұмыстары орындалды.

Құрылым индустрияландыру, жоспарланатын үлгілік жобаларды талдау және негізгі құрылым материалдарының тізбесін белгілеу

Қолжетімді тұрғын үй - 2020» бағдарламасын іске асыру индустриялық құрылым технологияларына көшуді көздейді. Бұл технологиялар стационарлық жағдайларда өнеркәсіптік тәсілмен негізгі конструктивті құрылым элементтерін дайындауга, оларды кейіннен құрылым алаңына жеткізуге және кейіннен монтаждауға негізделген. Құрылым индустрияландырудың негізгі артықшылығы конструкциялардың сапасын арттыру, ағынды және жыл бойына созылған өндірісті енгізу мүмкіндігі, еңбек шығындары мен материалдық ысыраптарды төмөндету болып табылады.

Қазақстан Республикасы Құрылым және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істөрі агенттігі (бұдан ері - ҚТКША) Индустрія және жаңа технологиялар министрлігімен (бұдан ері - ИЖТМ) бірлесіп, индустриялық үй құрылымының барлық ықтимал технологияларын зерттеу жұмыстарын жүргізген. Откізілген жұмыстар нәтижесінде биік және жеке үй құрылымы үшін қазіргі заманғы технологиялық база ретінде ірі панельді үй құрылымының (бұдан ері - ИПҮК) технологиясын колдану ұсынылды. Қазіргі заманғы үй құрылымы комбинаттарын салу және ірі панельді үй құрылымы (YKK ИПҮК) бойынша қолда бар темір бетон бұйымдарының зауыттарын жаңғырту ұсынылып отыр. Бұл толығымен құрастырмалы 5 - 9 кабатты тұрғын үй өндірісінің достүрлі технологиялық схемасын өзгертуге мүмкіндік береді. Классикалық кассеталық өндірісі бар бұйымдар қатары бойынша қыстырылған конвейерлік-ағынды әдіс ретінде жаңа технологиялық схеманың негізі ұсынылады. Өндірісті енгізгелі отырган кәсіпорындарда алмалы борт жабдығы бар паллеттерде сыртқы кабырғалардың үш қабатты панельдердің икемді өндірісі қажет, бұл шығарылатын бұйымдардың номенклатурасын жедел ауыстыруға және жылу оқшаулау қабаты мен толтырғыш түрін ауыстыру мүмкіндігімен бұйымдардың әрбір маркасына металл пішіндерінің паркінен бас тартуға мүмкіндік береді. YKK ИПҮК-да сәулет бетоноынан жасалған бөлшектері мен суреті бар, қасбеті ұсақ бөлшекті элементтерден жасалған суреті әртүрлі, беті бедерлі панельдерді жасау үшін полимерлі полиуретандық матрицаларды, мәрмәр және шыны түйірлері пайдаланылған ғимараттарды дайындау мүмкіндігі көзделген. Бұл технологияның басымдықтары:

- 1) құрылыштың жоғары қарқыны және үйлерді салу мерзімдерінің қысқаруы;
- 2) модульдік жоспарлау мүмкіндігі;
- 3) құрылыштың төмен өзіндік күны (30-40%-та) және шаршы метрдің өзіндік күнненің төмендеуі;
- 4) маусымдылық факторының болмауы;
- 5) жоғары өнімділік және іс жүзінде өндірісті толығымен автоматтандыру;
- 6) инновациялық технологияларды қолдану;
- 7) өнімді көпқабатты, аз қабатты тұрғын үйлерді салу және жеке құрылыш кезінде пайдалану;
- 8) тұрлі географиялық және климаттық жағдайларда сыйналардан өтуі болып табылады.

Технологияның ерекшеліктері

Қазіргі заманғы ірі панельді үйлер ішкі бөлмелері кең, кеңістікті ыңғайлы аймаққа бөлінген пәтерлердің жақсартылған жоспарларымен сипатталады. Қазіргі заманғы технологиялармен салынған панельді үйлер сыртқы көрінісі мен пайдалану сапасы бойынша кірпіш және монолитті үйлерден кем емес.

Қасбеті әрленген сыртқы қабырға панель ішкі жылу оқшауланғышы бар үш қабатты бетондық панель болып табылады. Ауыр панель құрастырмалы конструкциялар зауыттында толығымен дайындалған, бетоннан жасалған қабырға элементі болады. Ол климаттық жағдай талаптарына сүйене отырып, кез келген қалындықта дайындалуы мүмкін. Бұл ретте монтаждық қаттылық пен түпкілікті жағдайды қамтамасыз ету үшін талап етілетін арматура зауытта орнатылады. Ауыр панельдердің бір жағы мен периметрі тегіс болып дайындалады.

Сондай-ақ, осы бағдарлама шенберінде индустрималь құрылыш комбинаттарын (бұдан әрі - ИҚК) ұйымдастыру арқылы қаңқалы-монолиттік үй құрылышының технологияларын пайдалану болжанып отыр. Жалпы, тек құрылыш және жол саласын ғана емес, энергетика және мұнай-газ секторын да өнімдермен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін комбинаттар желісін құру жоспарлануда.

Технологияның ерекшеліктері:

- 1) бұйымдардың шектелмеген номенклатурасы және бір бұйымнан екінші бұйымға ауысадың қарапайымдылығы;
- 2) бұйымдардың кепілдік берілген сапасы, оның ішінде тамаша геометрия және арматураның сырғып кетуінің болмауы;
- 3) жабдықтың нақты пайдалану жағдайларына: инерттік материалдардың нақты сапасына; персоналдың біліктілігіне және с.с. бейімділігі;
- 4) жабдықтың сенімділігі және қызмет көрсетудегі қарапайымдылығы әрі нәтижесі ретінде пайдалану процесіндегі жоғары технологиясы;
- 5) сервистің дұрыс жолға қойылған жүйесі;
- 6) ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің және технологиялық жобалаудың жоғарғы деңгейі;
- 7) жабдықты түрлендіруді және бұйымдар номенклатурасын кеңейтуді қамтамасыз ететін үздікіз инновациялық процесс;
- 8) жеткізілімдердің жинақтылығы және ұсынылып отырған шегендеусіз қалыптау нұсқасының басқа технологиялармен бірлігі.

Үй құрылышының қаңқалы құрастырмалы-монолитті индустрималь әдісін көп қабатты ғимараттар құрылышында және 2 - 3 қабатты тұрғын үй құрылышында газ-бетон, көп күйсты қыш тастар мен блоктар сияқты жаңа қабырға материалдарын пайдаланумен қилюластыра қолдану ерекше тиімді.

Сондай-ақ бұл комбинаттар энергетика, жол құрылышы (кең форматты жол тақтасы) үшін темір бетон бұйымдарын, сондай-ақ мұнай саласы үшін темір бетон бұйымдарының көптеген түрлерін шығаратын болады.

Барлық өнірлерде YKK ПТУК ұйымдастыру жоспарланып отыр. Технологияларды бейімдеу, тәсілді сыйнау және тәжірибе алу үшін YYYK құру жобалары пысықталып, әзірленген жоғары дәрежеде ірі құрылыш салушылардан тұратын пилоттық топ бөлінген. Пилоттық топ Астана және Алматы қалалары, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстары сияқты құрылыштың белсенді өнірлерін қамтиды. Осы топ 2012 жылдың үшінші тоқсанында YKK ПТУК жасау бойынша жобаларды бастауы тиіс. Бұдан басқа облыстардың әкімдіктері өнірлерде YKK ПТУК құру жобаларын іске асыра алатын кәсіпорындарды айқыннады. Пилоттық топтың іс-қимылды шенберінде Қазақстанның тұрлі өнірлерінің географиялық және климаттық жағдайларын есепке ала отырып, ПТУК бойынша ұлгілік жобаларды бейімдеу жүргізілуде. Кейіннен Қазақстанда ПТУК технологиясын пайдаланып және ғимараттарды жобалауға құзыреттілігі бар жобалау институтын құрған жөн.

Құрылыш индустриясы мен тұрғын үй қоры субъектілерін кешенді ғылыми-техникалық және жобалау-технологиялық қолдауды ұйымдастыру мақсатында Бағдарлама шенберінде Беларусь Республикасының тәжірибесі бойынша «Тұрғын үй салу мен жаңғыртуудың қазақстандық ғылыми-зерттеу және жобалау-технологиялық институты» АҚ (Тұрғын үй институты)

құрылады. Тұрғын үй институты қызметінің негізгі бағыттары: тұрғын үй құрылышы саласындағы проблемалы жобаларға мониторинг және талдау жүргізу, индустрималь үй салу саласында қолданбалы ғылыми зерттеулер, құрылыштар мен ғимараттардың үлгі жобаларын әзірлеу және сертификаттау, жобалаушылар мен технологиялар инженерлерінің біліктілігін арттыру. Тұрғын үй институты құрамында референттік зертхана құрылатын болады, ол мынадай міндеттерді шешу үшін қажет:

тұрғын үй құрылымы саласында материалдарды, технологиялар мен техникалық шешімдерді бағалау жөніндегі референттік (терелік) функциялар;

тұрғын үй құрылымы саласында материалдарды, технологиялар мен техникалық шешімдердің ұлттық депозитарийін жүргізу.

ПТУҚ технологиялары мен құрастырмалы қаңқа ерекшеліктерін ескере отырып, үй салу кезінде шығындардың қомақты бөлігін құрайтын негізгі құрылым материалдарының тізбесі айқындалды (1-кесте).

1-кесте. Экономикалық қызмет жіктеуішісіне сәйкес негізгі құрылым материалдарының тізбесі (КР АК 04-2008)

P/c №	Атауы	ЭКТӨК
1	2	3
1	Цемент	
1)	Цемент	2351
2)	Портландцемент, сазбалышқы цемент, күл-қож цементі және гидравликалық ұқсас цементтер	235112
2	Қабырғалық материалдар	
1)	Тақташалар, тақталар, кірпіштер және цементтен, бетоннан және жасанды тастан жасалған ұқсас бұйымдар	236111
2)	Кірпіштер, блоктар, тақташалар және диатомит топырактан немесе тасты кремнезем ұнынан жасалған басқа да керамикалық бұйымдар (тақталарды, панельдерді, құысты брикеттерді, цилиндрлерді, күбырларды қоса алғанда)	232011
3)	Керамикалық құрылым кірпіштері, еденге арналған блоктар, салмақ түсетін блоктар немесе толтыру блоктары және отқа төзімді емес ұқсас керамикалық бұйымдар	233211
3	Құрама темірбетон конструкциялар және бұйымдар	
1)	Құрылым үшін цементтен, бетоннан немесе жасанды тастан жасалған оның ішінде азаматтық, құрама конструкциялар элементтері	236112
2)	Бетоннан жасалған құрама құрылым конструкциялары	23612
4	Құрылым ерітінділері	
1)	Отқа төзімді цемент, құрылым ерітінділері, ұқсас бетондар және құрамдар, басқа топтарға қосылмағандар	232013
5	Табакты шыны	
1)	Табакты шыны	2311
6	Кенде емес құрылым материалдары	
1)	Табиғи құмдар	081211
2)	Түйіршік, тасты ұнтақ және тасты қоқым, жұмыр тас, қыыршық тас, жарықшакталған тас немесе ұсақталған тас	081212
7	Құрылым битум	
1)	Табиғи битум және асфальт; құрамында асфальттік битумы бар катты битум және тау жыныстары	089910
2)	Табиғи асфальтта немесе олармен байланысты түп негіздерінде, мұнайлы битумында, жасанды немесе табиғи тасты материалдарында негізделген битумдік қоспалар	239913
8	Құбырлар	
1)	Құбырлар, түтіктер, пластмассадан жасалған шлангілер және фитингтер	222129
2)	Құбырлар, құбыр жолдары, құбырларға арналған керамикалық су бұрғыштар және фитингтер	233213
3)	Болатты басқа да домалақ қималы құбырлар және түтіктер	242013
9	Линолеумдер, паркеттер (еденге арналған жабындар)	
1)	Құрама қалқан паркет	1622
2)	Линолеум және винил, линолеум түріндегі эластикалық еден жабындары	222315
10	Лифтілер	
1)	Лифтілер, скриптік көтергіштер, эскалаторлар және қозғалатын жаяу жолдар	282216
11	Жылу оқшаулайтын материалдар	

1)	Басқа топтарға қосылмаған, металдан жасалмаған минералды өнімдер	23.99.19
2)	Басқа топтарға қосылмаған, дубляждалған немесе қапталған, сіңірлген текстильді материалдар	13.96.14

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру үшін негізгі құрылымдың материалдарына деген қажеттілік және құрылымдың материалдары онеркәсібінің проблемалары.

Құрылымдың саласы тараҧынан сұраныс әлеуетін бағалау үшін таңдалған технологияларды колдануды, ішкі өндірістің болуы және құрылымдың материалдары онеркәсібінің жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының жүктелуін ескере отырып, негізгі құрылымдың материалдарына деген бағалау қажеттілігі есептелді.

2-кесте. Құрылымдың индустріясының өндірістік құаттары.

P/c №	Негізгі материалдар	Өлшем бірлігі	Қажеттілік	Өндірістік куаты	Қамтамасыз етілуі %
1	2	3	4	5	6
1	Есіктер, терезелер және терезе жактаулары	мың тонна	26	55,7	214
2	Раковиналар, металдан жасалған жұбыштар және ванналар	мың дана	98,4	200	203,2
3	Гипсокартон	млн. м ²	20	33,7	168,5
4	Бояу және лактар	мың тонна	63,5	84,8	133,5
5	Арматура	мың тонна	278	307	110,4
6	Қырышық тас	млн. м ³	56,5	59,2	104,7
7	Бетоннан жасалған бүйімдар	млн. тонна	13,5	14,1	104,4
8	Цемент	млн. тонна	8,4	8,2	97,6
9	Битум	млн. тонна	1,2	1,1	96
10	Кірпіштер	млн. дана	93,4	86,4	92,5
11	Күйінді макта және минералды макта	мың тонна	40	36,8	92
12	Женілдетілген бетон блоктары	мың м ³	150,6	126,5	84
13	Құбырлар	мың тонна	600	400	66,7
14	Радиаторлар	мың дана	822	280	34,1
15	Сым және шыбынтар	мың тонна	636	202,6	31,9
16	Шатыр материалдары	млн. м ²	27	7,3	27,0
17	Керамикалық тақталар	мың м ²	14 500	6000	41,3
18	Лифтілер	дана	3 125	220	7
19	Сүрек өңдеу	млн. м ³	277	18,9	6,8
20	Линолеум	мың м ²	3 250	16,6	0,5
21	Табақ шыны және басқалары	млн. м ²	12	0	0,0
22	Арматура	мың тонна	436,8	509	116,5

Статистика деректеріне сәйкес құрылымдың материалдарымен қамтамасыз ететін сала ішкі онеркәсіптік әлеуеттің жоғары болуымен, бірақ жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарының жүктелу коэффициентінің төмен болуымен сипатталады.

Келтірілген деректер отандық тауарлардың бөсекеге қабілеттілігінің төмен болуына байланысты салада маңызды проблемалардың бар екенін көрсетеді. Қалыптасқан жағдайда туындау себептеріне мыналарды жатқызуға болады:

1) отандық тауарларды тұтынуды ынталандыру бойынша көтермелегуші және шектеуші мемлекеттік шаралардың болмауы. Ішкі өндірісті ынталандыруды мемлекеттік қолдаудың жұмыс істеп тұрған жалғыз құралы кеден баждары болып табылады;

2) құрылымдың секторының тұтынудың күрт төмендеуіне байланысты құрылымдың материалдарын өндірушілердің әлсіз инвестициялық қызыметі;

3) экспортты белсенді мемлекеттік қолдау, жұмыс күшінің төмен құны және өндірістің өзге де факторлары сияқты бөсекелестік басымдықтардың болуынан қытай тауарларының экспорттық экспансиясы;

4) халықтың тығыз орналасуы және елді мекендердің алшактығы, өндірушілердің әлеуетті өткізу нарығын шектеуі.

Тұтастай алғанда, Қазақстанда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында қолданылатын тауарлар өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік жеткілікті.

Сондай-ақ, «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша құрылым материалдарына деген қажеттілікті ақшалай мәнде бағалау жүргізілді.

3-кесте. «Ақбұлақ» бағдарламасы бойынша құрылым материалдарына деген қажеттілік.

P/c №		2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Бағдарлама бойынша шығын (млрд. тг)	90,2	86,8	95,9	95,9	95,9	95,9	95,9	95,9	95,9
2	Ақшалай мәнде құрылым материалдарына жұмсалған шығыс (млрд. тг)	40,6	39,1	43,1	43,1	43,1	43,1	43,1	43,1	43,1

Жергілікті аткарушы органдардың деректері бойынша су құбырлары желілерінің жалпы ұзындығы 77 255 км құрайды, оның ішінде магистральды су құбырларының ұзындығы 21 237 км құрады.

Құбыржолдардың ең ұзыны Шығыс Қазақстан облысында - 30 394 км, Оңтүстік Қазақстан облысында - 9 013 км, Қарағанды облысында - 5 594 км тіркелген. Құбыржолдардың ең қысқасы Астана қаласында - 773, 4 км және Манғыстау облысында - 1141, 6 км белгіленген.

Талдау көрсетіп отырғандай, тұтастай республика бойынша су құбырлары желілерінің жалпы ұзындығының 14 763 км ауыстыруды қажет етеді, бұл жалпы ұзындықтың 19,1 %-ын құрайды.

Авариялы су құбырлары желілерінің ең үлкен ұзындығы Алматы қаласында (жалпы ұзындығы 2 964, 2 км, оның 1 999,4 км немесе 67, 4% курделі жөндеуге немесе ауыстыруға жатады) және Астана қаласында (тиісінше 773,4 км-нің 463,8-і немесе 59,9 %-ы жөндеуге немесе ауыстыруға жатады) тіркелген.

Жол құрылымына және жолдарды қалпына келтіруге байланысты құрылым материалдарына деген қажеттілік косымша бағаланған.

4-кесте. Жолдарды салу және қалпына келтіру кезінде негізгі жол-құрылым материалдарына деген қажеттілік

P/c №	Материалдың атауы	Өлшем бірлігі	Орташа жылына 1 000 км	5 312 км қажеттілік (2010-2014 ж. жоспары)	10 233 км қажеттілік (2015-2019 ж. жоспары.)	5 901,9 км қажеттілік (2020-2029 ж. жоспары)	Барлығы 21 449,9 км
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Фракциалық қызыршық тас	млн. м ³	35,04	175,2	337,6	194,7	707,5
2	Күм	млн. м ³	14,76	73,8	142,3	82	298,1
3	Бетон	млн. тонна	7,42	37,1	71,5	41,5	150,1
4	Цемент	млн. тонна	2,94	14,7	33,6	19,3	67,6
5	КҚҚ	млн. м ³	1,22	6,1	121,6	70,1	197,8
6	Битум	млн. тонна	1,28	6,4	12,4	7,1	25,9

Қазақстанда жолдарды салу және қайта жаңарту белсенді жүргізілуде. Қазіргі кезде Қазақстандағы ең ірі «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» трансқұрлықтық автокөлік дәлізін ұйымдастыру жөніндегі жобаны іске асыру басталды, ол Батыс Еуропа елдеріне шыға отырып, Қазақстан мен Ресей аумағы арқылы өтеді. Жоба құрамында Орталық Азия елдерінен, оның ішінде Өзбекстан мен Қыргызстаннан дәлізге шығатын барлық жолдарды қайта жаңарту көзделеді. Маршруттың жалпы ұзактығы 8 445 км құрайды, оның ішінде: Ресей бойынша - 2 233 км, Қазақстан бойынша - 2 787 км (2 552 км қайта қалпына келтіруге жатады), Қытай бойынша - 3 425 км.

Қазақстанда көлік дәлізі, Қазақстан халқының жартысынан сөл ғана аз 7,9 млн. адам тұратын бес облыс (Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы) аумағы арқылы өтеді. 2 452 км жол қайта жаңартуға жатады (Ақтөбе облысында - 358 км, Қызылорда облысында - 817 км, Оңтүстік Қазақстан облысында - 458 км, Жамбыл облысында - 480 км, Алматы облысында - 339 км).

Қазіргі балама дәліздермен салыстырғанда бұл жобаның негізгі артықшылығы (Транссіб автожолы, Суэц арнасы арқылы теніз жолы) оның ұзактығы мен жолда болу уақытында болып табылады.

2012 жылы автожолдарды жөндеуге және ұстаяға 27 млрд. теңге бөлінеді. Бұл шамамен 1 245 км жол желісін ретке келтіру мүмкіндігін береді.

Халықаралық «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» транзиттік дөліз участекелерін, сондай-ақ Алматы - Астана - Петропавл, Самара - Шымкент, Омбы - Майқапшагай, Бейнеу - Ақтау, Астана - Қостанай - Челябі және Таскескен - Бақты автомобиль жолдары участекелерін қалыпта келтіру жұмыстары жалғасуда.

«Батыс Еуропа - Батыс Қытай» жобасы бюджеттен қомакты үлес алады, оны іске асыруға 179 млрд. теңге бөлінген. 2012 жылдың жұмыс нәтижелері бойынша Жамбыл және Қызылорда облыстарының 750 км жол-көлік желісінде қозғалыс ашылатын болады. Бұдан баска, республикалық бюджеттен ұзактығы 1 228 км болатын 35 объектідегі жұмыстар қаржыландырылады, олардың - 18-і жаңа (662 км) және 17-і - ауыспалы (566 км).

Қазақстанның климаты құрт континентальды, бұл асфальт жолдардың қызмет ету мерзімін ұлғайту жөніндегі іс-шараларды қыннадатады. Тәжірибе жолдарды асфальтпен жабудың шектеулі ресурстарын көрсетіп отыр. Мысалы, Германияда 30 градус аязды асфальттық жол төсемдері көптеген жарықтарды және шұнқырларды жабады. Ал, Қазақстанда Цельсий бойынша аяз 50 градусқа жеткенде, қолда бар материалдардан сапалық сипаттамасы жағынан асып түсетін материалдарды енгізу қажет.

Негізгі құрылым материалдарын тұтынуды және импортты талдау.

Құрылым материалдары бойынша импорттың өткізілген талдауы әлеуетті мүмкіндіктердің бар екенін көрсетеді. 2020 жылға қарай импорт алмастыру болжами жасалған.

Құрылым материалдарын тұтынуды талдау бағалық болсын, сондай-ақ сапалық болсын сипаттамалары сияқты бірқатар позициялар бойынша отандық өндірушілердің бәсекеге қабілетінің төмендігін көрсетеді. Импортты талдау отандық өндірушілердің қайта өндеу деңгейі өте жоғары құрылым материалдарының өндірісі саласындағы позициялары әлсіз екенін көрсетеді.

5-кесте. Құрылым материалдарының импорттың талдау

Р/с №	Атауы	2011		2020	
		Импорт	Өндіріс	Импорт	Өндіріс
1	2	3	4	5	6
1	Табакты шыны	100	0	15	85
2	Керамикалық тақталар	100	0	40	60
3	Радиаторлар	92,7	7,3	20	80
4	Арматура (сым және шыбықтар)	17	83	1	99
5	Ағаш конструкциялар	78,9	21,1	40	60
6	Полиэтиленнен және пластмассадан жасалған құбырлар	61	39	10	90
7	Күйінді және минералды мақта	60	40	1	99
8	Металл құбырлар	42,5	57,5	1	99
9	Раковиналар, жуғыштар, ванналар	61,2	38,8	20	80
10	Цемент	12	88	10	90
11	Кірпіштер	11,2	88,8	1	99

Негізгі құрылым материалдарының өндірісі

Ішкі сұраныска негізделетін сала ретінде отандық құрылым материалдарының тапшылығын жою және құрылым кешенін дамыту үшін сұраныстың болуы, өндірістік-инфрақұрылымдық және технологиялық базалар, өнімдерді, жинақтаушыларды және жабдықтарды жеткізуге жұмысалатын көліктік шығындар басым факторларға айналады.

6-кесте. Қазақстанның өнірлері бойынша қуаттардың орташа жүктелуі

Р/с №	Облыстар	Қуаттардың жүктелуі
1	2	3
	Қазақстан Республикасы	46,0
1	Ақмола	40,0
2	Ақтөбе	40,0
3	Алматы	50,0
4	Атырау	60,0
5	Батыс Қазақстан	60,0
6	Жамбыл	40,0

7	Қарағанды		40,0
8	Қостанай		40,0
9	Қызылорда		55,0
10	Манғыстау		50,0
11	Павлодар		40,0
12	Оңтүстік Қазақстан		40,0
13	Солтүстік Қазақстан		60,0
14	Шығыс Қазақстан		35,0
15	Астана қаласы		50,0
16	Алматы қаласы		40,0

Салалардың осы тобының жаңа өндірістерін орналастыру дәстүрлі секторлар кәсіпорындарымен қатар, Алматы, Астана қалаларында жүргізілетін болады. Салалық мамандану орталықтары: Алматы, Астана, Шымкент, Өскемен, Атырау қалалары болып табылады.

Цемент зауыттарын салу және жанғырту, сондай-ақ керамика, шыны, гипс блоктарды, женіл құрылыс панельдерін, құрғақ құрылыс қоспаларын шығару жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру шикізат базасына және өткізу нарыктарына бағдарланады (Ақмола, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Манғыстау, Қарағанды, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстары).

7-кесте. Өнірлер бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар

P/c №	Атауы	Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар	Өндірістік куаты, млн. теңге	Жоспарланатын жобалар, индустрияландыру карталары бірл.
1	2	3	4	5
	Қазақстан Республикасы	1 254,0	185 307,7	59
1	Ақмола	44,0	4 968,8	3
2	Ақтөбе	62,0	16 257,5	2
3	Алматы	160,0	22 440,0	1
4	Атырау	33,0	3 371,8	1
5	Батыс Қазақстан	38,0	3 819,0	3
6	Жамбыл	64,0	13 071,3	5
7	Қарағанды	136,0	12 603,5	4
8	Костанай	40,0	4 911,5	2
9	Қызылорда	21,0	9 813,8	1
10	Манғыстау	53,0	8 382,0	3
11	Оңтүстік Қазақстан	107,0	13 134,0	16
12	Павлодар	73,0	3 867,3	6
13	Солтүстік Қазақстан	14,0	520,8	1
14	Шығыс Қазақстан	64,0	24 813,0	3
15	Астана қ.	122,0	19 431,3	2
16	Алматы қ.	223,0	23 899,5	6

2020 жылға дейін ғимараттарды салу үшін пайдаланылатын құрылыс материалдарына, яғни кірпіш, цемент және т.б. деген сұраныстың артуы болжанып отыр. Құрылыс көлемінің ұлғаюы және құрылыс өнімдерінің осы түрлеріндегі қазақстандық қамтудың өсуі олар дайындалатын бастапқы материалдарға тікелей байланысты болады.

8-кесте. Қазақстаниң қажеттілігін құрылыс материалдарымен қамтамасыз ету ресурстарының теңгерімі

P/c №	Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	Кәсіпорындардың саны 431 бірлік	Жүктелуі%	2011 ж өндіріс фактісі	Ішкі тұтыну	Қуаттығы өте жоғары болғандағы профицит
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Металдан жасалған раковиналар, жуғыштар және ванналар	млрд. тг.	1	15	1	2	+9

2	Цемент	млн. тонна	8	61	7	8,4	+4
3	Цементке арналған қоспалар	мың тонна	18	60	600	619,5	+380
4	Бұрыштар	мың тонн	4	40	109,5	116	+249
5	Бетон бұйымдар	млн. тонна	68	35	4,9	4	+10
6	Саз және каолин	млн. тонна	20	60	2,6	2,2	+3
7	Бор және доломит	мың тонна	18	60	785	793	+515
8	Кірпіштер	млн. тонна	110	50	2,6	2,9	+2,3
9	Құрылыс ерітінділері	млн. тонна	35	39	0,5	0,5	+0,8
10	Табиғи құм	млн. тонна	26	50	8	8	+8
11	Асбест	мың тонна	3	53	222	57	+363
12	Есіктер, терезелер, терезе жақтаулары	мың тонна	34	40	22	24	+31
13	Гипсокартон	млн. шаршы метр	21	15	33	34	+191
14	Төсемтас, жисек тастар	мың тонна	15	29	15	19	+34
15	Күйінді мақта және минералды мақта	мың тонна	10	5	16	39	+284
16	Этиленнің полимерлерінен жасалған күбырлар	мың тонна	44	32	63	183	+15

Ресурстармен қамтамасыз етілу тенгерімі қазақстандық нарықтың құрылыш материалдарымен қамтамасыз етілуін және құрылыш салу көлемін ұлғайту, жаңа бағдарламаларды қамтамасыз ету қажеттілігі туындаған жағдайдағы нарық икемділігін анықтайды.

Цемент

Цемент өндіру Қазақстанның бес облысында жүргізіледі: Алматы, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қарағанды. Қазақстан Республикасындағы барлық құрылыш материалдарының өндірісіндегі цементтің үлес салмағы 2011 жылы 11,5 % құрады, бұл 2008 жылға қарағанда 1,5 % артық. Бұл көрсеткіш осы тауарға сұраныстың артуын және өндіріс көлемінің есүін индекстейді. Таза цемент өндірудің жалпы көлемі 2010 жылы 3 676,3 мың тоннаны, ал 2011 жылы 4 339,5 мың тоннаны құрады, бұл 2009 жылға қарағанда 28 % артық. Қазақстан бойынша жалпы динамика түрақты болып қалады.

Қазіргі кезде «Қолжетімді тұрғын үй 2020», «ТКШ жанғырту», «Ақбұлак» бағдарламаларын және мұнай саласы мен инфракұрылым объектілерін салу қажеттілігі есебінсіз жолдарды салу және қайта қалпына келтіруді іске асыру салдарынан цементке деген сұраныс 8,4 миллион тоннаны құрайды. Сегіз зауытты қосканда, өндірістік қуаты 8,2 миллион тоннаны, яғни 97,6 % құрайды. Қазақстанның құрылыш секторының жұмыс тиімділігін қамтамасыз ету үшін өңірлер бойынша цементті тұтыну және өндіру картасын есепке ала отырып, 2013 жылға дейін Ақмола, Қостанай және Манғыстау облыстарында цемент өндірісінің тағы бес объектісін енгізу жоспарлануда. Сондай-ақ жылына қайта өңдеудің жалпы қуаты 2 100 мың тонна болатын клинкерлі цемент терминалдарын (бұдан эрі - КЦТ) енгізу жоспарлануда, оның құрылышы жуырдағы екі жылға белгіленген.

Қабырғалық материалдар

Қазіргі уақытта құрылыш секторында мынадай қабырғалық материалдар қолданылады: кеуекті бетондар сыйныбына жататын силикат кірпіштер, керамика кірпіштері, қож блоктар, көбікті блоктар және газ блоктар. Кірпіш, черепица және күйген саздан жасалған басқа құрылыш бұйымдарын өндірудің нақты көлемі 2008 жылы 254,4 мың тоннаны, ал 2011 жылы тек 9 айында 534,4 мың тоннаны құрады. Отка төзімсіз

керамикалық кірпіштер Қазақстанның барлық өнірлерінде дерлік өндіріледі. Осы саладағы көшбасшы Алматы облысы болып табылады, 2011 жылдың 9 айында жалпы 157,7 мың текше метр өндірілді. «Күрылым материалдары» ЖШС (Алматы), «Керамика» АҚ (Актөбе обл., Хромтау қ.), «Талап» ЖШС кірпіш зауыты (Атырау), «ENKI» ЖШС (Солтүстік Қазақстан облысы), «Кереге - Астана» ЖШС (Солтүстік Қазақстан облысы) сияқты кәсіпорындар және т.б. жұмыс істейді.

Темірбетон бұйымдары

Қазақстанда бетон бұйымдарын өндіру құрылымындағы қомақты үлес бетоннан жасалған құрылыштық құрастырмалы конструкцияларға тиесілі - 41 %. Есептеулер бойынша бетоннан жасалған бұйымдарды тұтыну қөлемі 2010 жылы 6 %-ға қыскартылды, ол өндіріске есер еткен жоқ. 2008 - 2011 жылдар аралығында ішкі тұтыну меншікті өндіріс есебінен іс жүзінде толығымен жабылды. Тұтынудың орташа жылдық өсу карыны 2002 - 2007 жылдары 59 % құрады. Қазақстан Республикасы Статистика агентігі ұсынған деректерге сәйкес қазіргі кезде Қазақстанда 411 кәсіпорын тіркелген, оның ішінде 199 кәсіпорын кабырға блоктарын, 198 кәсіпорын құрастырмалы темірбетонды және бетон конструкцияларын, 75 кәсіпорын асфальты бетон шығарады. Қазіргі кезде «Стройдеталь» ЖШС (Актөбе облысы), «УПТК» ЖШС (Атырау облысы), «Құрастырмалы темір бетон өндірістік бірлестігі» ЖШС (Шығыс Қазақстан облысы), «Жамбылхимстрой» ЖШС (Жамбыл облысы), «Бином Строй-Деталь» ЖШС (Жамбыл облысы) және т.б. кәсіпорындар жұмыс істейді.

Болат илеқ

Бұгінгі күні Қазақстан Республикасының аумағында 5 кәсіпорын жұмыс істейді. Орналасу географиясы мынадай: республиканың орталық өнірінде бір кәсіпорын, біреуі солтүстік өнірде, біреуі шығыс өнірде, біреуі батыста және оңтүстікте. Кәсіпорындарды тольқтай жүктеген кезде жылына арматураның жынытық өндіріс қуаты 805 мың тонна. Бұгінгі күні импорт 620 мың тоннаны құрайды. Статистика деректері бойынша 2011 жылдың желтоқсанына өндіріс 130,5 мың тоннаны, ал жүктеме 17 %-дан астамды құрады. Барлық мемлекеттік бағдарламалар бойынша жынытық қажеттілік 718 мың тоннаны құрайды. Осылайша, Қазақстанның осы қажеттілікті өз күшімен жабуға жағдайы бар. «Колжетімді тұрғын үй -2020» бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2020 жылға қарай осы саладағы отандық өндіріс үлесі 99 % құратын болды. Қазіргі кезде «Каспиан Сталь» ЖШС (Мангистау облысы), «Кастинг» ЖШС (Павлодар облысы), «Жаңағас Металлургия Комбинаты» ЖШС (Жамбыл облысы), «АрселорМиттал Теміртау» АҚ (Қарағанды облысы) сияқты кәсіпорындар жұмыс істейді.

Табақты шыны

2011 жылы Қазақстандағы шынының жалпы нарығы 70 000 мың тоннаға бағаланды және соңғы бірнеше жылда 25%-ға есті. Бұл материалға деген сұраныс күннен-күнге есіп келе жатқанына қарамастан, республика аумағында табақты шыны өндіретін бірде-бір кәсіпорын жоқ. Қазақстанда табақты шыны өндірісі болмағандықтан, құрылым индустрисындағы орта және шағын бизнес субъектілері елдің ішкі нарығында пайдаланылатын материалдың 100%-н импорттайды.

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және Актөбе облысының әкімдігі балама жобалар бойынша ТЭН-ді әзірлеп жатыр. Осы жұмыстың нәтижесі бойынша зауыттың орналасу орны (Қызылорда және Актөбе облыстары) және жабдықтарды жеткізуілерді (Қытайлық немесе Еуропалық компаниялар) таңдау айқындалады.

Сұранысты канагаттандыру үшін бір зауыт салу жеткілікті, себебі көршілес мемлекеттерде нарықты толығымен шынымен қамтамасыз ететін кәсіпорындар бар.

Отандық өндірушілер үшін тауашалар

«Тауаша» бағыттары бойынша жаңа өндірістерді құру құрылым материалдарын тұтынуынға деген отандық өндірістің үлесін ұлғайту қуралдарының бірі болып табылады. Оларға мыналар жатады:

1) табақ шыны өндірісі бойынша зауыт салу. Зауытты орналастыру туралы шешім балама жобалар бойынша ТЭН аяқталғаннан кейін

қабылданатын болады. Жоспарланған өндірістік қуаты тәулігіне 500 тоннаны құрайды (жылдық қуаты 145 909 тонна);

2) өнірлерде маусымдық сұранысты нивелирлеу үшін республиканың бірқатар облыстарында цемент терминалдарының жүйелерін ұйымдастыру;

3) Актөбе облысының Хромтау каласында қуаты жылына 200 мың тонна болатын саз өндеу кәсіпорның ұйымдастыру;

4) санфаянстық және сантехникалық бұйымдардың өндірісін ұйымдастыру;

5) Алматы қаласында қуаты 105 мың тонна болатын арматура зауытын салу;

6) Қарағанды облысында лифтілік жабдық шығаратын өндіріс ұйымдастыру;

7) едепдік жабындардың өндірісін ұйымдастыру;

8) гидроқшаулау материалдарының өндірісін ұйымдастыру.

Барлық жүктемелер мен жаңа өндірістерді енгізуі ескере отырып, 2020 жылға қарай отандық өндірістің үлесін 65-тен 90%-ға дейін ұлғайту жоспарланып отыр. Бұл ретте құрылым материалдарының жеке түрлері бойынша 2020 жылға қарай: шыны - 85; арматура, метал құбырлар, кірпіш, кож макта мен минералды макта - 99; цемент - 90; керамикалық тақталар-60; радиаторлар, полиэтилен құбырлар, раковиналар - 80; ағаш конструкциялар - 60% үлесті құрайды.

Құрылым материалдарын өндіруді ынталандыру жөніндегі шаралар

«Қолжетімді тұрғын үй - 2020» **бағдарламасында** көзделген белсенді құрылым салу және қайта калпына келтіру жұмыстары шенберінде шешілуі қажетті негізгі проблемалардың бірі осының алдында атальп өткен құрылым материалдарының колда бар өндірістік куаттарының төмен жүктелуі болып табылады.

Өндірісті ынталандыру бойынша мемлекет тарапынан мынадай шаралар қарастырылуда:

1) кәсіпорындарды жүктеу үшін ұзақ мерзімді шарттар жасасу және қажеттігіне қарай өндірістік кеңеиту; - үйлердің үлгілік жобаларына отандық өнімнің техникалық сипаттамасын енгізу;

2) сауда үйлерін ұйымдастыруға жәрдемдесу;

3) Кеден одагы шенберінде шекара бойындағы ынтымақтастықты нығайту.

Бұдан басқа, индустрималь-инновациялық қызметті және кәсіпкерлікті қолдайтын «Өнімділік 2020», «Экспорттауыш 2020», «Бизнестің жол картасы 2020» сияқты қолданыстағы бағдарламалар шенберінде құрылым материалдары өнеркәсібі кәсіпорындары қаржылық көздерге және экспортты жылжыту үшін мемлекеттік қолдауға қол жеткізе алады. Бұл оларға мынадай проблемаларды шешуге мүмкіндік береді:

1) жаңғырту үшін қарыз қаражатына қолжетімділікті қамтамасыз ету, сыйакы мелшерлемесін төмөндөту есебінен олардың тартымдылығын арттыру, жеңілдік кезеңінің неғұрлым ұзақ мерзімдері, кәсіпорындардың өнімін тұтыну маусымына төлемдерді байланыстыру;

2) жаңғырту процесіне жобалық және инжинирингтік білікті ұйымдарды тарту және оларды жұмылдыру жөніндегі шығындарды мемлекеттің ішінәра өтеу;

3) инновациялық, оның ішінде жабдықты шетелден сатып алуға және оны жергілікті жағдайларға бейімдеуге гранттар беру;

4) өндірушілер үшін қолжетімділікті арттыру, шығындарды ішінәра өтеу есебімен шетелдік мамандарды тарту;

5) қазіргі заманғы басқарушылық және өндірістік технологияларды енгізу;

6) экспортты жылжытуды қолдау.

Инновацияларды және трансфертер технологияларын енгізу ді мемлекеттік қолдаудың сөз тиімді құралы - мемлекеттік бағдарламалар

бойынша іске асырылатын үлгілік жобаларға және жобаларға техникалық шешімдерді міндетті енгізу болып табылады.

Энергия үнемдеу саласында индикативті нысаналы индикаторларға қол жеткізуді қамтамасыз етпейтін не «лас» технологиялармен немесе ескірген технологиялармен өндірілетін құрылым материалдарын тұтынуды немесе еңбек өнімділігін шектеуді ғимараттар мен құрылыштарды жобалау сатысында енгізу қажет.

Сондай-ақ кепілді тапсырыс жергілікті технологияларға не ерекше жергілікті шикізат базасына бейімделген ішкі стандарттарды енгізу

арқылы отандық қамту көрсеткішін арттыруға мүмкіндік береді.

Казақстанда қаңқалы-панельді үй салудың ең озық технологияларын дамытуды қолдау мақсатында жобалардың өзін-өзі актауы кезеңінде осы зауыттарды мемлекеттік тапсырыспен қамтамасыз ету шаралары көзделген.

Қазақстан Республикасында инновациялық саясатты практикалық тұрғыдан іске асыру мақсатында мемлекеттік даму институттарының жүйесі құрылды, бұл институттарды жоғары технологиялық жаңа өндірістерді ұйымдастырудың сенімді құралы ретінде отандық және шетелдік әріптестері мойындаған.

Даму институттарының негізгі миссиясы - экономиканы жаңғырту және әртараптандыру, елімізді әлеуметтік-экономикалық дамудың жана деңгейіне шығару салаларында маңызды мемлекеттік мақсаттарды орындау үшін отандық бизнестің мүмкіндіктері мен қабілеттіліктерін арттыру және іске асыру болады.

Даму институттары арқылы мемлекет қосылған құнның технологиялық және экономикалық тізбегін жүйелі дамыта отырып, бәсекеге қабілетті өнім шығаратын өндірістердің біртұтас жүйесін құруға бағытталған жобаларға қатыса алады. Бұл бәсекеге қабілетті өнімнің барлық өлшемдеріне сай келетін түпкілікті өнімге жұмыс істейтін көп салалы кәсіпорындарды құруға мүмкіндік береді.

Тұтастай алғанда, мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатысу құрылым материалдарын өндірушілерге бәсекеге қабілеттілікті импорттың тауарларға қатысты ғана емес, іргелес елдерге бірқатар тауар позициялары бойынша экспорттау мүмкіндігін қамтамасыз ететін қазіргі заманғы технологияларды ендіруге мүмкіндік береді.

ҚР Үкіметінің 2013.04.12. № 1304 **Қаулысымен 6-бөлім өзгертілді (бұр.ред.қара)**

6. Қажетті ресурстар және қаржыландауды қөздері

2010-2014 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыруға республикалық және жергілікті бюджеттің қаржаты, даму институттарының қаржаты, сондай-ақ жеке меншік ішкі және шетелдік инвестициялар бағытталатын болады.

Республикалық бюджет есебінен қаржыландауды қөлемі мынаны құрайды:

1) білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз етуге арналған шығындар қөлемі 751 млн. теңге;

2) ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 **Қаулысымен** алып тасталды (бұр.ред.қара)

3) 2014 жылға қарай Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудын Бас схемасын әзірлеу, шығындар көлемі 2700, 530 млн. теңгегі құрайды, оның ішінде, тұжырымдаманы әзірлеуге 2010 жылы - 100,0 млн. теңге, Бас схеманы әзірлеуге 2011 жылы - 1000,0 млн. теңге, 2012 жылы - 917,20 млн. теңге, 2013 жылы - 783,330 млн.теңге;

4) республикалық деңгейдегі мемлекеттік қала құрылышы кадастрын жүргізу бойынша шығындар көлемі 2014 жылы 178,370 млн. теңгегі құрайды;

5) талдау бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау, басқа да елдердің тәжірибесін зерделеу, көп қабатты және аз қабатты тұрғын үй құрылышы үшін экспидік материалдарды дайындау және үлгілік жобалар сериясын әзірлеу - барлығы 2400,0 млн. теңге, оның ішінде 2012 жылы - 1000,0 млн. теңге, 2013 жылы - 492,0 млн. теңге, 2014 жылы - 908,0 млн.теңге.

6) сметалық-нормативтік базаны жетілдіру, оның ішінде ағымдағы сметалық бағалар жинағын шығару, барлығы 2 306,5 млн. теңге, оның ішінде 2010 жылы - 391,0 млн. теңге, 2011 жылы - 375,0 млн. теңге, 2012 жылы - 596,3 млн. теңге, 2013 жылы - 382,4 млн. теңге, 2014 жылы - 561,8 млн. теңге;

7) КР Үкіметінің 2013.04.12. № 1304 Қаулысымен алғы тасталды (бұр.ред.қара)

8) құрылых саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау - 5868,0 млн. теңге, оның ішінде 2010 жылы - 300,0 млн. теңге, 2011 жылы - 1 575,990 млн. теңге, 2012 жылы - 1362,0 млн. теңге, 2013 жылы - 1463,9 млн. теңге, 2014 жылы - 1166,0 млн. теңге;

9) құрылых саласында ғылыми зерттеулерді дамытуға мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету 212,0 млн. теңге, оның ішінде: 2010 жылы - 38,0 млн. теңге, 2011 жылы - 24,0 млн. теңге, 2012 жылы - 50,0 млн. теңге, 2013 жылы - 50,0 млн. теңге, 2014 жылы - 50,0 млн. теңге.

10) Басым бағыттар (энергия үнемдегіш материалдар, құрылых материалдарын өндіруде жанама салалардың қалдықтарын пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу, жылдам салынатын, «жасыл» және «энергиялық пассивті» үйлердің технологиялар трансферті) бойынша инновациялық гранттар бөлу үшін - 24225,0 млн. теңге, оның ішінде, 2010 жылы - 1725,0 млн. теңге, 2011 жылы - 7500,0 млн. теңге, 2012 жылы - 7500,0 млн. теңге, 2013 жылы - 7500,0 млн. теңге.

Ескертпе:

* - «Өнімділік 2020» бағдарламасы шенберінде 026 «Инновациялық гранттар беру» бюджеттік бағдарламасы аясында басым бағыттар бойынша инновациялық гранттар бөлуде.

Қазақстан Республикасында
құрылых индустриясын және құрылых
материалдары өндірісін дамыту
жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға
арналған бағдарламаға
1-косымша

КР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2012.19.09. № 1219 Қаулысымен (бұр.ред.қара); 2013.04.12. № 1304 Қаулысымен (бұр.ред.қара) 7-бөлім өзгертілді

7. Қазақстан Республикасында құрылых индустриясын және құрылых материалдары өндірісін дамыту жөніндегі

**2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаны іске асыру жоніндегі
іс-шаралар жоспары**

Саланы дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдары кезеңіне арналған іс-шаралар жоспары						
№	Iс-шаралар	Аяқталу нысаны	Жаупты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Болжанатын шығыстар, жылына млн. тг.	Қаржыландаудың көздері
1	2	3	4	5	6	7
1. Энергетикалық және көліктік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету						
1	Көп қабатты және аз қабатты тұрғын үй салу үшін үлгі жобалардың серияларын әзірлеу	Үлгі жобалар бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	КР ӨДМ	2014 ж. 4-тоқсан	2473,8 оның ішінде 2012 ж. - 997,4 2013 ж. - 492,0 2014 ж. - 984,4*	Республикалық бюджет
2. Ресурстық қамтамасыз ету						
Ақ күйдіргі жоғары қабатты саз және алқап шпаттары, сондай-ақ жоғары салалы құм кенорындарын іздестірудің және барлаудың есебінен құрылых индустриясының минералдық-шикізат корын кеңейту						
2	Түсті күйдіргі сазын барлау	Корларды бекіту және кадастрларға енгізу жөнінде	Әкімдіктер, ИЖТМ	2012 ж. 4-тоқсан	400	Жергілікті бюджет

		ИЖТМ-ге ұсыныс				
3	Каолин сазды барлау	Корларды бекіту және кадастрларға енгізу жөнінде ИЖТМ-ге ұсыныс	Әкімдіктер, ИЖТМ	2012 ж. 4-тоқсан	1100	Жергілікті бюджет
4	Алқап шпаттарын барлау	Корларды бекіту және кадастрларға енгізу жөнінде ИЖТМ-ге ұсыныс	Әкімдіктер, ИЖТМ	2012 ж. 4-тоқсан	300	Жергілікті бюджет
5	Кварцитты құмды барлау	Корларды бекіту және кадастрларға енгізу жөнінде ИЖТМ-ге ұсыныс	Әкімдіктер, ИЖТМ	2012 ж. 4-тоқсан	150	Жергілікті бюджет
6	Женіл балқытын сазды барлау	Корларды бекіту және кадастрларға енгізу жөнінде ИЖТМ-ге ұсыныс	Әкімдіктер, ИЖТМ	2012 ж. 4-тоқсан	300	Жергілікті бюджет
		Жиыны:			2250	

3. Саланы техникалық реттеу

7	Құрылым саласын техникалық реттеу жүйесін реформалау	Үкіметке ақпарат	ҚР ӨДМ	2014 ж. 4-тоқсан	5868,0 оның ішінде 2010 ж. - 300,0 2011 ж. - 1 575,99 2012 ж. - 1362,0 2013 ж. - 1463,9 2013 ж. - 1166,0	Респубикалық бюджет
8	Респубикалық денгейде Мемлекеттік қала құрылышы кадастрын құру	Үкіметке ақпарат	ҚР ӨДМ	2010 - 2014 жж. 4 тоқсан	178,370	Респубикалық бюджет
9	Сметалық-нормативтік базаны жетілдіру, оның ішінде ағымдағы сметалық бағалардың жинақтарын шығару	Үкіметке ақпарат	ҚР ӨДМ	2014 жылғы 4 тоқсан	2 306,5 оның ішінде 2010 ж. - 391,0 2011 ж. - 375,0 2012 ж. - 596,3 2013 ж. - 382,4 2014 ж. - 561,8	Респубикалық бюджет
10	Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасын әзірлеу	Үкіметке ақпарат	ҚР ӨДМ	2010 - 2014 жж. 4 тоқсан	2 700,530 оның ішінде 2010 ж. - 100,0 2011 ж. - 1000,0 2012 ж. - 917,200 2013 ж. - 783,330	Респубикалық бюджет
11	ҚР Үкіметінің 2013.04.12. № 1304 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұл.ред.қара</u>)					

4. Инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу

12	Басым бағыттар (энергия үнемдегіш материалдар, құрылым материалдарын өндіруде сабактас салалардың қалдықтарын пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу, жылдам көтерілетін, «жасын» және «энергия пассивті» үйлердің	ИЖТМ-ге ғылыми-техникалық есеп	ИЖТМ	2013 ж. 4-тоқсан 2010 ж. 2011-2013 жж. 4 тоқсан	24 225,0 1725,0 2011 ж. - 7500,0 2012 ж.- 7500.0 2013 ж. - 7500,0*	Мемлекеттік даму институттары
----	---	--------------------------------	------	---	---	-------------------------------

технологиялар трансферті) бойынша инновациялық гранттар бөлу				
--	--	--	--	--

5. Тұрғын үй құрылышын мемлекеттік қолдау

13	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
14	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
15	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
16	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
17	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
18	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
19	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
20	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
21	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
22	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
23	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
24	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
25	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
26	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
27	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
28	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
29	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
30	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
31	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
32	ҚР Үкіметінің 2011.03.10. № 1129 <u>Қаулысымен</u> алып тасталды (<u>бұр.ред.қара</u>)				
33	Мыналар әзірленеді және енгізіледі: 1) ұлттық және мемлекетаралық 405 стандарт; 2) жылу өткізуіндегі және температуралық шамалардың мемлекеттік эталондарын техникалық регламенттерге сәйкестігі тұргысынан жаңғырту	ИЖТМ-ге есеп	ИЖТМ ТРМК	2014 ж. 4-тоқсан	Қаржыландыруды талап етпейді
33-1	«Өнімділік 2020» бағдарламасы және «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы бойынша қолдау шенберінде құрылыш индустриясының жұмыс істеп тұрган кәсіпорындарын жаңғырту және құрылыш	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ	2012-2014 жж.	- Бағдарламаларда көзделген каражат

	материалдарын өндіру					
33-2	Индустримальдыру картасына енгізілген инвестициялық жобаларды іске асыру және оларды іске асыру барысының мониторингісі	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ	2010-2014жж.	-	Жеке және қарызға алған каражаты
33-3	Тұрғын үй объектілерінің құрылышы үшін «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және әкімдіктер бөлетін каражат есебінен индустримальдыру картасына кірген жобаларды және жұмыс істеп тұрған жобаларды жүктегу	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ, ҚЖТКША, ЖАО, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша)	2012-2014 жж.	-	Респубикалық бюджеттен бөлінетін каражат есебінен
33-4	«Дағдарыстан кейін қалыпта келтіру (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру)» бағдарламасы бойынша құрылыш индустриясы кәсіпорындарына қолдау көрсету	Үкіметке ақпарат	Қаржымині, ИЖТМ, ЭДСМ, ЖАО	2012-2014 жж.	-	Бағдарламаларда көзделген каражат
33-5	«Экспорт 2020» бағдарламасы шенберінде тауарларды жылжыту	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ	2012-2014 жж.	-	Бағдарламаларда көзделген каражат
33-6	Құрылыш индустриясының кәсіпорындарына консультациялық қызметтер көрсету	Үкіметке ақпарат	ИЖТМ	2012-2014 жж.	-	Талап етілмейді
33-7	Үй құрылышы комбинаттарын ұйымдастыру	Үкіметке ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2010-2014 жж.	-	Талап етілмейді

